Мақалада өндіріс орындарында, техникада, жиі пайдаланатын Дизель отыны мен қозғағыштар майының адиабаталық сығылғыштық коэффициенттерінің температураға тәуелділігі зерттелген. Сұйықтардың сығылғыштық қасиеттерінің атмосфералық қысымда температураға тәуелділігін білудің практикалық маңызы үлкен. Өйткені, техникалар температурасы төмен немесе жоғары аймақтарда жұмыс істейді. Сондықтан, оларда өтетін адиабаталық үдерістерді сипаттаудың маңызы үлкен. Ғылыми еңбекте Дизель отыны мен қозғалтқыш майының адиабаталық сығылғыштық коэффициенттеріне, тығыздығына, онда тарайтын қума толқынның жылдамдығына температураның әсері тәжірибе жүзінде және теориялық есептеулері арқылы анықталған. Үлгілерде таралатын қума толқындардың жылдамдығының температураға тәуелділігі арнайы жинастырылған импульстік қондырғыда толқынның жүріп өткен жолына кеткен уақытты өлшеу арқылы [1,2, 3] іске асырылды.

Пайдаланылған импульстік қондырғы [4] генератордан, күшейткіштен, синхронды, осциллографтан тұрады. Электр импульсын серпімді тербеліске түрлендіру үшін кварцтан жасалған резонанстық жиілігі 10МГц пьезоэлемент қолданылды. Пьезоэлемент толқын көзінің және қабылдағыштың рөлін атқарды. Кешігіп келу уақыты экранда көрінетін жіберілген және кешігіп келген импульстерді бір-біріне уақыт бұрандасымен беттестіру арқылы өлшенеді. №1 кестеде Дизель отыны мен қозғалтқыш майының тығыздықтарының, оларда тарайтын серпімді қума толқындардың және адиабаталық сығылғыштық коэффициенттерінің температураға тәуелділіктері келтірілген.


№1 кесте

Г, К	Дизель отыны			Қозғалтқыш майы		
	$\rho \times 10^3 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$	$v_{\text{қума}} \times 10^3 \frac{\text{м}}{\text{с}}$	$\gamma_s \times 10^{-3} \frac{\text{м}^2}{\text{Н}}$	$\rho \times 10^3 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$	$v_{\text{қума}} \times 10^3 \frac{\text{м}}{\text{с}}$	$\gamma_s \times 10^{-3} \frac{\text{м}^2}{\text{Н}}$
290	0,825	1,086	10,39	0,910	1,196	7,76
300	0,815	1,038	11,19	0,899	1,151	8,41
310	0,804	0,992	12,69	0,887	1,105	9,31
320	0,792	0,994	14,30	0,876	1,061	10,16
330	0,781	0,898	16,18	0,866	1,015	11,32
340	0,771	0,850	17,95	0,854	0,968	12,70
350	0,759	0,803	20,61	0,843	0,924	14,02
360	0,749	0,756	23,75	0,831	0,879	15,92
370	0,738	0,710	26,88	0,807	0,833	18,01
380	0,726	0,662	31,64	0,797	0,786	20,66
390	0,715	0,615	37,59	0,787	0,741	23,25

Температураның өзгерісі әрбір 10К сайын термореттегіштің және үлгінің ішінде орналасқан мыс –константан терможұптың көмегімен $\pm 1^{\circ}\text{C}$ дәлелділікпен автоматты түрде өлшенді [4].



№1 сызба. Дизель отынымен қозғалтқыш майында тарайтын қума толқын жылдамдықтарының температураға тәуелділік графигі



№2.сызба. Дизель отыны мен қозғалтқыш майының адиабаталық сығылғыштық коэффициенттерінен температураға тәуелділігі

№1 кестеден және №1,№2 сызбалардан зерттелген үлгілердегі қума толқындардың жылдамдықтары температура жоғарылағанда сызықты байланыспен төмендейтіндігін, ал адиабаталық сығылғыштық коэффициенттері температура көтерілгенде сызықты емес тәуелділікпен артатындығын көреміз. Кесте мен графиктегі $v_k = v_k(T)$, $\gamma_s = \gamma_s(T)$ тәуелділіктері теориялық [5] болжамдарының дұрыстығын тәжірибе жүзінде дәлелдейді.

Ғылыми еңбекте техникада,компрессорларда, әртүрлі қозғалтқыштарда өтетін адиабаталық үдерістерде қолданылатын Дизель отыны мен қозғалтқыш майының адиабаталық

сығылғыштық коэффициенттеріне температураның әсері оларда таралатын кума толқындардың жылдамдықтарының температураға тәуелділігін есептеу арқылы зерттелген.

Тәжірибе және есептеулер арқылы алынған параметрлер адиабаталық үдерістердегі құбылыстарды сипаттауға үлкен ықпалын тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В.И.Перельман, Краткий справочник химика, М., «Химия» 1964,610с.
2. Х.Кухлинг Справочник по физике М.: «Мир», 1982,491с.
3. Т.Бижігітов Жалпы физика курсы. Алматы, «Экономика», 2013,890бет
4. Т.Бижігітов, Е.Гудеклі, А.Сембиева Сұйықтардың адиабаталық коэффициенттерінің температураға тәуелділігін зерттейтін қондырғы. Механика және технологиялар. №4.2015
5. Т.Бижігітов, Е.Ақтаев Молекулалық физика, Алматы, «Экономика», 2017,481бет

ӘОЖ 37.022

ПЕДАГОГТЫҢ ЦИФРЛЫҚ КӨШБАСШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТЕР МЕН ДАҒДЫЛАРДЫ ЮНЕСКО ҰСЫНЫМДАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Мұхтар З.Ф. - магистрант,
Бахишев С.М. - педагогика ғылымдарының докторы, жетекші
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Қазақстан Республикасы, Орал қаласы*

XXI ғасырдағы білім берудің басты парадигмаларының бірі цифрлық көшбасшылықпен оқыту. Технологиялардың қарқынды дамуы, интернетке деген қол жетімділіктің кең мүмкіндіктері білім алушылардың «өз бетінше» және «дербес» оқуын, инклюзивті білім алуына жағдай туғызып отыр.

Элен Битэм мен Рона Шарптың «Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны» атты еңбегінде: «Цифрлық технологиялар оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастардың мүлде басқа түрін қалыптастыра бастады. Иә, бізге педагогиканың стилі мен мазмұнын қайта қарастыру қажет, себебі цифрлық дәуір бізге жаңа технологиялық сын-тегеуріндерін қарсы қойып келеді.

Соңғы жылдары модуль немесе сессияны құрастырушы жеке оқытушыға қарағанда бүтіндей бір курстарды құрастыратын командаларға көбірек назар аударылуда. Білім алушылардың интернет қорларына қолжетімділігі артып, олардың цифрлық дағдылары дамыған сайын, біз оқу барысын әрбір білім алушы жеке білімін жетілдіруді өз бетінше бақылай алатындай етіп, қайта құрастыруымыз қажет екенін терең ұғынып отырмыз» деген тұжырым жасайды.

Өз кезегінде цифрлық көшбасшылықты анықтайтын аспектілерді қарастыру уақыт сұранысына сәйкес тәжірибеде белсенді қолдануды талап етеді. Педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетіне зерделеу үшін НАФИ талдау орталығы 2018 жылы Ресей Федерациясының мектеп мұғалімдері мен жоғарғы оқу орындарының оқытушылары арасында сауалнама жүргізіп, педагогтың цифрлық сауаттылығын, олардың оқу үрдісінде цифрлық технологияларды қолдануға дайындығын бағамдауда мына тұжырымдарды анықтап берді.

Танымдық (когнитивтік) аспект адамның ақпаратты, компьютерді, медианы қалай бағалайтынын, жасайтындығын, сыни тұрғыдан қарайтындығын, басқа пайдаланушылармен қалай қарым-қатынас жасайтындығын және технологияларға қалай қарайтындығын сипаттайды.

Техникалық аспект қажетті ақпаратты, медиа материалдарды таба білуді, сондай-ақ сандық құрылғылар мен жаңа технологиялардың қалай жұмыс істейтінін түсінуді көрсетеді.

Этикалық аспект сандық орта құралдарын пайдалану кезінде адамдардың жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігін бағалайды. Мысалы, ақпараттың және оның көздерінің дұрыстығын тексеру қажеттілігін түсіну, желідегі байланыс нормаларын сақтау және т. б.

Бұл аспектілер педагогтың цифрлық көшбасшылығын анықтайтын құзыреттер мен дағдыларды қалыптастырудағы басты бағдарлар болып табылады. Ал ЮНЕСКО сарапшылары ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктің Еуропалық технологиялық

құзыреттілік шеңберін (European Digital Competence Framework 2.0.), оның ішінде мұғалімдер үшін DigCompEdu қарастырды. DigCompEdu шеңберінде педагогтар үшін 22 құзыреттілік 6 блокқа топтастырылған.

Блок атауы	Құзыреттіліктер
Кәсіби міндеттер	1. Әріптестермен және оқушылармен қарым-қатынас 2. Кәсіби ынтымақтастық 3. Рефлексивті тәжірибе (өзіндік тәжірибе) 4. Сандық технологияларды пайдалана отырып біліктілік үздіксіз арттыру
Цифрлық ресурстар	5. Сандық ресурстарды таңдау 6. Сандық ресурстарды жасау және өзгерту (бейімдеу) 7. Сандық ресурстарды басқару, қорғау және бөлісу
Оқыту және оқу	8. Оқыту 9. Оқу үрдісін басқару 10. Бірлескен (ұжымдық) оқыту 11. Өздігінен реттелетін оқыту
Білім алушылардың бағасы	12. Бағалау стратегиясы 13. Құжаттарды талдау 14. Кері байланыс және жоспарлау
Оқу үрдісінде білім алушылардың өзбеттігін және мүмкіндіктері, құқықтарын кеңейту	15. Барлық оқушыларды сандық құрылғыларға қол жеткізуді қамтамасыз ету (дербес компьютер, планшеттер және т.с.с) 16. Саралау және дербестендіру 17. Оқушыларды белсенді қызметке тарту
Білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту	18. Ақпараттық сауаттылық 19. Сандық ортадағы қарым-қатынас және бірлескен жұмыс 20. Сандық контент құру 21. Сандық технологиялар жауапты пайдалану 22. Мәселені сандық технологиялар арқылы шешу

Алайда 2020 жылғы қашықтан оқыту жағдайы оқытушылардың цифрлық құзыреттері мен дағдыларын дамыту қажеттілігін көрсетті. Аталмыш мәселелердің шешімі ретінде бастапқы тәжірибелерге ЮНЕСКО ұсынымдарын қолдану қажет. Бұл өз кезегінде негізгі үш принциптің (концепцияның) жүзеге асыруына ықпал етеді.

1. Білім қоғамдарын қалыптастыру

Білім қоғамдары әртүрлілікті қолдайды және дәстүрлі халықтық даналықтан бастап ғылыми – техникалық білімге дейінгі білімнің барлық түрлерін тиімді пайдалануға тырысады. Білім қоғамдары-бұл адамдар ақпарат алуға ғана емес, сонымен бірге оны білім мен түсінікке айналдыруға қабілетті қоғамдардың бұл түрі. Осылайша, олар өмір сүру сапасын жақсарта алады және қоғамдардың әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді қатыса алады. Білім мен ақпарат алмасу, әсіресе АКТ арқылы, экономика мен қоғамдық өмірді өзгерту үшін үлкен әлеуетке ие.

2. Әмбебап оқыту дизайны

"Әмбебап дизайн" - бұл өнімдердің, орталардың, бағдарламалар мен қызметтердің дизайны, оларды қол жетімді етеді (арнайы бейімделудің қажеті жоқ). Оқытудың әмбебап дизайны (ОӘД) оқу бағдарламалары (мақсаттар, әдістер, материалдар және бағалау) жеке қажеттіліктерге сәйкес түзетуге болатын барынша икемді және инклюзивті тәсіл негізінде әзірленетін процесті сипаттайды. ОӘД білім беру процесін қалыптастыру бойынша практикалық ұсынымдарды білдіреді, оның мақсаты ақпарат беру әдістерінің, оқушылармен өзара іс-қимыл жасау әдістерінің (олардың алған білімдері мен дағдыларын көрсетуді қоса алғанда), сондай-ақ оқушыларды оқыту процесіне тарту әдістерінің (мысалы, курс материалдарын пайдалану, басқа оқушылармен және оқытушылармен өзара іс-қимыл жасау арқылы) икемділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады, бұл ретте оқытудағы кедергілерді жою болып табылады. ОӘД жеке ортаны құрудың икемді тәсілін ұсынады, онда әркім жаттығуды бастапқы нүктесінен бастай алады.

3. Инклюзивті білім беру

Инклюзивтілік ОӘД нормалары мен кемсітушіліктің болмауы, ақпаратқа қолжетімділік және білім берудегі гендерлік теңдік қағидаттарын сақтай отырып қана мүмкін болады. Сонымен қатар, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау маңызды.

Жалпы алғанда педагогтың цифрлық көшбасшылығы кәсіби дамуын өмір бойы үздіксіз оқу процесі ретінде қарастыруға негіз болады. Бұл тұрғыда оқытушыларды оқыту және олардың цифрлық дағдыларды қолдануды аңлағашқы дайындықтан бастап еңбек қызметі процесінде біліктілікті арттыруға дейінгі барлық кезеңдерде педагогикалық әлеуетті арттырудың ажырамас элементі болып танылады.

ЮНЕСКО ұсынымдарында педагогтың дамуын 6 аспектінің 3 кезеңінде қарастыруға болады. Бұл жерде "білім алу" деңгейінен "білімді игеру" деңгейіне жеткенде, оның АКТ құзыреттілігі күрделене түседі. Жеке негізгі техникалық дағдыларды ертерек қалыптастыру керек. Технологияны таңдағанда, нақты қажеттіліктерді басшылыққа алынады. Технология өздігінен емес, мақсатқа жетудің құралы ретінде қарастырылады. АКТ түпкілікті нәтижеге жету үшін үлкен маңызға ие болғанымен, олар қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін механизм болып табылады.

Аспект \ Деңгей	Білім алу	Білімді игеру	Білімді құру
Білім беру саясатындағы АКТ рөлі	Саясатты түсіну	Саясатты қолдану	Саясат саласындағы инновациялар
Оқу бағдарламасы және бағалау	Базалық білім	Білімді қолдану	Қоғамда қажетті дағдылар
Педагогикалық тәжірибе	Оқытуда АКТ қолдану	Күрделі мәселелерді шешу	Өзін-өзі ұйымдастыру
Сандық дағдылар	Қолдану	Интеграция	Трансформация
Білім беру үрдісін ұйымдастыру және оны басқару	Оқыту жұмысының дәстүрлі формалары	Ынтымақтастық топтары	Ұйымдардың білім алушылары
Педагогтардың кәсіби дамуы	Цифрлық сауаттылық	Желілік өзара әрекеттесу	Мұғалім жаңашыл ретінде

2-кесте. ЮНЕСКО ұсынысы негізіндегі АКТ құзыреттіліктерді дамыту

«Білім алу» деңгейі

Оқытушылар белгіленген оқу бағдарламасының максималды орындалуын қамтамасыз ету үшін негізгі сандық дағдылар мен білімге ие болуы керек. Ол үшін дәстүрлі оқу бағдарламасы аясында өнімділікті арттыру үшін бірқатар құралдар мен технологиялық ресурстарды енгізуге уақыт бөлу керек. Педагогикалық тәжірибедегі өзгерістерді сынып, топтық және жеке оқу сабақтарында әртүрлі сандық құралдар мен мазмұнды қолдануды қамтиды.

«Білімді игеру» деңгейі

Бұл деңгейде студенттер ұзақ уақыт бойы топтарда жұмыс істейді. Оларға негізгі ұғымдарды түсінуге көмектесу арқылы оқытушылар белгілі бір пән саласы үшін арнайы жасалған ашық сандық құралдарды қолдана алады – мысалы, жаратылыстану-ғылыми цикл пәндеріндегі визуализация, математикадағы деректерді талдау құралдары, Әлеуметтік ғылымдардағы рөлдік ойындарды модельдеу құралдары. Оқытушы өз біліктілігін үздіксіз арттыру үшін сарапшылармен қалай байланыс орнатуды немесе басқа мұғалімдермен ынтымақтастық орнатуды біледі.

«Білімді құру» деңгейі

Бұл деңгейде құзыреттілікке ие мұғалімдер АКТ негізінде оқу ресурстары мен білім беру ортасын әзірлей алады, АКТ-ны оқушылардың білімін құру және сыни ойлауын дамыту үшін қолдана алады, рефлексиялық оқытудың үздіксіз процесін қолдай алады және оқушылар мен әріптестер үшін білім қауымдастығын ұйымдастыра алады. Бұл ретте мұғалімдер АКТ қолдауымен үздіксіз оқытудың инновациялық қоғамдастығы ретінде нақты мектептің тұжырымдамасын құруда және іске асыруда жетекші рөл атқаратын болады.

АҚПАРАТҚА УІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҚАУІПТЕР МЕН ОСАЛДЫҚТАР ДЫ ТАЛДАУ МОДЕЛІН ӨЗІРЛЕУ

*Тлеуберген А.Қ. - Магистрант
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Қазақстан, Алматы қ.*

Андатпа. Бұл мақалада ұйымдағы ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты талаптарды толық талдауға және талдау нәтижелерін құжаттауға мүмкіндік беретін қауіптермен мен осалдықтарды талдау моделі қаралды. Бұл әдісті қолдану тәуекелдерді субъективті бағалау кезінде туындайтын қауіпсіздік шараларының артық шығындарын болдырмауға және алдын алуға, ақпараттық жүйелердің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде қорғауды жоспарлауға және жүзеге асыруға, ақпараттық қауіпсіздік маманына осы процесті автоматтандыру арқылы ақпараттық жүйе қауіптерін бағалау процедуралары кезінде кететін уақытты азайтуға және ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін қателіктер мен ақпараттық қауіпсіздік сарапшыларының кәсіби дағдыларын азайтуға мүмкіндік мүмкіндік береді.

Бастапқы бөлімдерде кең таралған тәуекелдерді талдаудың әдістемелері және тәуекелдерді бағалаудың бағдарламалық құралдары талданды және салыстырмалы талдау нәтижелеріне сүйене отырып қорытынды жасалды, ұсынылған үлгіге сәйкес есептер жүргізілді.

Түйін сөздер: тәуекелдерді бағалау, ақпараттық қауіпсіздік, қауіптер, осалдық, тәуекелдерді басқару, ақпараттық қауіпсіздік аудиті.

Kipicne

Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде ақпараттық тәуекелдерді бағалау қауіп-қатерден қорғанудың негізгі бағыттарының бірі болып табылатындығын ескере отырып, ақпараттық тәуекелдерді бағалауға қолданылатын әдіснамалық тәсілдерді одан әрі жетілдіру қажет. Сондықтан ақпараттық қауіптерді бағалаудың теориялық және практикалық мәселелерін шешу бүгінгі күннің өзекті ғылыми мәселесі болып табылады. Бұл ретте ақпараттық активтердің экономикалық мәні, оларға тұрақсыздандыратын әсер ету нәтижесінде олардың құнының өзгеруі, ақпараттық активтерді қорғаудың түрлі құралдары мен әдістерін қолданудың экономикалық тиімділігі және басқалар сияқты маңызды мәселелер аз зерттелінген болып қала береді.

Сондықтан, бүгінгі таңда ақпаратты қорғау саласындағы басқарудың жаңа нысандары мен әдістерін құру ғана емес, сонымен қатар ақпараттық активтердің қауіпсіздігін бағалау саласында жаңа әдіснамалық тәсілдерді қалыптастыру қажет.

Тақырыптың өзектілігі: қазіргі уақытта ақпараттық қауіпсіздік режимін ұйымдастыру кез келген компанияның дамуындағы маңызды стратегиялық факторға айналуға. Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер мен технологиялардың ұйымдардың қызметіндегі рөлінің артуына байланысты ақпараттық жүйелердің қауіптері мен тәуекелдерін бағалау мен басқару процедураларын қолданудың өзектілігі мен қажеттілігі тұрақты түрде артып келеді.

Мақаланың мақсаты: АҚ қауіптері мен тәуекелдерін бағалаудың қолданыстағы әдістемелерін талдау негізінде қауіп-қатерлер мен осалдықтарды талдау моделін қарастыру.

Осы мақсатқа жету үшін келесі тапсырмалар қойылды:

- қауіптер мен тәуекелдерді бағалаудың қолданыстағы алгоритмдері мен әдістемелерін зерттеу және талдау, өндірістік қызметте олардың жеткіліктілігі мен қолданылуы туралы қорытынды жасау;

- ұсынылған әдістемені толық зерттей келе, ақпараттық жүйелердің қауіптері мен тәуекелдерін бағалау;

Бұл жұмыстың зерттеу объектісі көп деңгейлі құрылымы бар кәсіпорындардың ақпараттық жүйесі болып табылады.

Зерттеу нысаны – зерттеу объектісіндегі ақпараттық қауіпсіздік жағдайларының тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік беретін қауіптер мен осалдықтарды талдау моделі.

Жұмыстың жаңалығы зерттелетін әдіс ақпараттық қауіпсіздік маманына осы процесті автоматтандыру арқылы АЖ қауіптерін бағалау процедуралары кезінде кететін уақытты

азайтуға және ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін қателіктер мен ақпараттық қауіпсіздік сарапшыларының кәсіби дағдыларын азайтуға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама түрінде жүзеге асырылатындығында.

Бүгінгі таңда ақпараттық қауіпсіздіктің кешенді мәселелерін шешуге маманданған көптеген шетелдік компаниялар ақпараттық тәуекелдерді басқарудың жеке әдістемелерін әзірлеп, ұсынды. Бұл әдістемелер, ең алдымен, тәуекелдерді бағалау рәсімдерінің негізіне алынған қолданылатын математикалық әдістердің деңгейі мен жетілдірілуі бойынша ерекшеленеді. Осыған байланысты олар нақты факторларды барабар есепке алудың әртүрлі мүмкіндіктеріне ие, бұл өз кезегінде алынған тәуекелді бағалаудың дәлдігі мен сенімділігін алдын ала анықтайды [1, б. 11].

Тәуекелдерді басқаруға қызығушылықтың артуына қарамастан, қазіргі уақытта пайдаланылатын әдістемелердің көпшілігі салыстырмалы түрде тиімсіз, өйткені бұл процесті көптеген компаниялардағы әрбір бөлімдеріне байланысты тәуелсіз жүзеге асырады. Олардың іс-қимылдарын орталықтандырылған бақылау көбінесе жоқ, бұл бүкіл ұйымда тәуекелдерді басқарудың бірыңғай және тұтас тәсілін іске асыру мүмкіндігін болдырмайды.

Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау мәселесін шешу үшін классикалық мынадай бағдарламалық кешендер болып қолданылуда: CRAMM, FRAP, RiskWatch, Microsoft Security Assessment Tool (MSAT), ГРИФ, CORAS және басқалар[2, б. 25]. Барлық белгілі әдістерді келесідей жіктеуге болады:

- тәуекелді бағалауды сапалы деңгейде қолданатын әдістемелер (мысалы, «жоғары», «орташа», «төмен» шкаласы бойынша), мұндай әдістемеге FRAP жатады;

- сандық әдістемелер (тәуекел сандық мән арқылы бағаланады, мысалы, күтілетін жылдық шығындардың мөлшері), RiskWatch әдістемесі осы санатқа жатады;


- аралас бағалауды қолданатын әдістемелер (мұндай әдістемеге CRAMM, MSAT жатады).

Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін талдау және бағалау әдістемелерінің қатарын оларды ықтимал пайдалану тұрғысынан қарастырайық.

АҚ тәуекелдерді басқарудың қандай да бір әдістемесін енгізу туралы шешім қабылдағанға дейін оның компанияның бизнес-қажеттіліктерін, оның ауқымын жеткілікті түрде толық ескеретініне, сондай-ақ үздік әлемдік практикаларға сәйкес келетініне және процестер мен талап етілетін іс-әрекеттердің егжей-тегжейлі сипаттамасы бар екеніне көз жеткізу керек[3, б. 221].

Шағын және орта бизнес ұйымдары үшін АҚ тәуекелдерін бағалаудың неғұрлым лайықты әдістемесін айқындау үшін ұйымдардың қажеттіліктерін, сондай-ақ олардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін критерийлер бойынша жоғарыда қарастырылған әдістемелерге талдау жүргізілді.

АҚ тәуекелдерін бағалау әдістемелерінің салыстырмалы талдауы (1-кесте) берілген және қорытынды диаграммада (1-сурет) көрсетілген.



1– сурет. АҚ тәуекелдерін бағалау әдістемелерін салыстырмалы талдау

Талдау екі бағалаудың жиынтығы бойынша орындалды-жалпы сипаттамалар бойынша бағалаудың ең жоғарғы мәні және кіріс деректері бойынша бағалаудың ең төменгі мәні.

Бұл таңдау ұйым үшін әдістемені пайдаланудың қарапайымдылығы оның бағасы және бағалау нәтижелерінің толықтығы неғұрлым басым критерий болып табылатындығынан, ал әдістемені пайдалану үшін кіріс деректерінің көп болуы оны қолдануды қиындатуынан туындайды [4, б. 76].

Ұйымдар үшін АҚ тәуекелдерін бағалау әдістемелерін салыстырмалы талдау нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау әдістерін салыстырмалы талдау

Әдістеме атауы	Талдау нәтижесі	Қолданылатын әдістер мен стандарттар
ГРИФ	Әдістеме тәуекелдердің сапалық да, сандық да бағалауын пайдаланады, тәуекелдерді компания қабылдай алатын шарттарды анықтайды. Бұл әдістеме мемлекеттік секторға бағдарланған және ШОБ ұйымдарының пайдалануы үшін бейімделмеген.	Ақпараттық ағындардың моделін талдау
MSAT	Тәуекелдерді сапалық бағалайды. Негізгі көрсеткіштері тәуекел профилі. Ақпаратты қорғау жүйесіне инвестициялардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.	ISO/IEC 27002, FRAP
OCTAVE	Әдістеме АҚ тәуекелдеріне сандық баға бермейді, пайдалануға қатысты қарапайым, қызметтің әртүрлі ерекшелігі бар ұйымдар үшін қолайлы. Талдау жүргізу үшін кіріс деректерінің орташа санын пайдаланады.	OCTAVE
RiskWatch	Әдістеме АҚ тәуекелдерін сандық және сапалық бағалауды пайдаланады, пайдалану оңай, өте икемді. АҚ тәуекелдерін талдау кезінде әкімшілік және ұйымдастыру факторларының есебін пайдаланбайды, ал бұл факторлар ұйымдарға елеулі әсер етеді.	ISO 27002
CORAS	Бағдарламалық құрал тегін таратылады, орнату және қолдану үшін маңызды ресурстарды талап етпейді. Әдістеме пайдалану оңай және арнайы	CORAS

	білімді қажет етпейді. Әдістеменің кемшілігі АҚ тәуекелдеріне бағалау жүргізу мерзімділігі қарастырылмаған.	
CRAMM	CRAMM әдістемесі сандық және сапалық талдау әдістерін үйлестіретін тәуекелдерді бағалаудың кешенді тәсілін қолданады. Әдіс әмбебап болып табылады және ірі және шағын ұйымдар үшін де, үкіметтік және коммерциялық сектор үшін де қолайлы. Аудитордың арнайы дайындығы мен жоғары біліктілігін талап етеді	CRAMM, ISO 27002

3-кесте. АҚ тәуекелдерін басқару үшін бағдарламалық құралдарды салыстыру

Салыстыру критерийлері	CRAMM	ГРИФ	RiskWatch	CORAS	MSAT
<i>Тәуекелдер</i>					
<i>Тәуекел санаттарын қолдану</i>					
<i>Максималды рұқсат етілген тәуекел түсінігін пайдалану</i>					
<i>Тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар жоспарын дайындау</i>					
<i>Басқару</i>					
<i>Басшыны хабардар ету</i>					
<i>Тәуекелдерді азайту бойынша жұмыс жоспары</i>					
<i>Оқу, семинарлар, кездесулерді қамтиды</i>					
<i>Бизнес тәуекелдерін / операциялық тәуекелдерін бағалау</i>					
<i>Ұйымдастыру деңгейінде тәуекелдерді бағалау</i>					
<i>Техникалық деңгейде тәуекелдерді бағалау</i>					
<i>Тәуекелдерді төмендетудің ұсынылатын тәсілдері</i>					
<i>Тәуекелді айналып өту (болдырмау)</i>					
<i>Тәуекелді төмендету</i>					
<i>Тәуекелді қабылдау</i>					
<i>Процестер</i>					
<i>Материалдық активтер</i>					
<i>Материалдық емес активтер</i>					
<i>Қауіптер</i>					
<i>Активтердің құндылығы</i>					
<i>Осалдықтар</i>					
<i>Қауіпсіздік шаралары</i>					
<i>Ықтимал залал</i>					
<i>Қауіптерді іске асыру ықтималдығы</i>					
<i>Қарастырылатын тәуекел түрлері</i>					
<i>Бизнес-тәуекелдер</i>					
<i>Заңнамалық актілерді бұзумен байланысты тәуекелдер</i>					
<i>Технологияларды пайдаланумен байланысты тәуекелдер</i>					
<i>Коммерциялық тәуекелдер</i>					
<i>Үшінші тараптармен байланысты тәуекелдер</i>					
<i>Қызметкерлердің тәуекелі</i>					
<i>Тәуекелді өлшеу тәсілдері</i>					
<i>Сапалы бағалау</i>					
<i>Сандық бағалау</i>					
<i>Басқару тәсілдері</i>					

<i>Тәуекелдерді сапалы саралау</i>					
<i>Тәуекелдерді сандық саралау</i>					
<i>Тәуелсіз бағалауды қолдану</i>					
<i>Инвестицияларды қайтару есебі</i>					
<i>Қауіпсіздік шараларының әртүрлі түрлері арасындағы оңтайлы балансты есептеу</i>					
<i>Алдын алу шаралары</i>					
<i>Анықтау шаралары</i>					
<i>Түзету бойынша шаралар</i>					
<i>Қалпына келтіру бойынша</i>					
<i>Басқару тәсілдерін интеграциялау</i>					
<i>Басқару тәсілдерінің мақсатын сипаттау</i>					
<i>Қалдық тәуекелдерді қабылдау тәртібі</i>					
<i>Қалдық тәуекелдерді басқару</i>					
<i>Тәуекелдер мониторингі</i>					
<i>АҚ шараларының тиімділігі мониторингін қолдану</i>					
<i>Тәуекелдерді төмендету бойынша іс-шаралар өткізу</i>					
<i>АҚ саласындағы инциденттерге әрекет ету процесін пайдалану</i>					
<i>Тәуекелдерді бағалау нәтижелерін құрылымдық құжаттау</i>					

Талдауларды қорығындай келе, қаралған әдістемелер "Тәуекелдер" және "Процестер (тәуекел элементтерін пайдалану)" топтарының критерийлеріне жақсы сәйкес келеді, бірақ олардың кейбіреулері (CRAMM, CORAS) "Мониторинг" және "Басқару" бөлімдеріне, сондай-ақ "Процестер" бөлімдеріне сәйкес кемшіліктерге ие.

Әдістемелердің барлығы (ГРИФ, RiskWatch, MSAT) тәуекелдерді қайта бағалау кестесін жасау жөнінде толық ұсыныстар бере бермейді. Орташа мөлшердегі компаниядағы тәуекелдер деңгейін тек бір жолғы бағалауды орындау қажет болған жағдайларда CORAS әдістемесін пайдалануды ұсыну орынды. Техникалық деңгейде мерзімді бағалау негізінде тәуекелдерді басқару үшін ең жақсы CRAMM.

CRAMM, FRAP, RiskWatch, Microsoft Security Assessment Tool (MSAT), ГРИФ әдістемелерін пайдалану үшін жоғары біліктілік мамандардың қажеттілігін (CRAMM, FRAP, ГРИФ) және тәуекелдерді бағалау процесінің еңбек сыйымдылығы мен ұзақтығына (MSAT) байланысты қолдану қиындықтарын көрсетті [5, б. 15]. Сонымен қатар, бағдарламалық өнімнің жоғары құнын атап өту керек (RiskWatch). Microsoft Security Assessment Tool және RiskWatch әдістемелерін тұрақты бағалау негізінде АҚ тәуекелдерін басқаратын және тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралардың дұрыс жоспарын қажет ететін ірі компанияларда пайдалану үшін қолайлы [6, б. 51].

АҚ қауіп-қатерлері мен тәуекелдерін бағалау әдістемесі. "Қауіп-қатерлер мен осалдықтарды талдау моделі"-не сәйкес ақпарат тәуекелін бағалау үшін ақпараттық жүйеге әсер ететін барлық қауіптерді және олар іске асыру мүмкін болатын осалдықтарды талдау қажет.

Ақпараттық жүйенің иесі енгізген деректерді негізге ала отырып, компанияның ақпараттық жүйесі үшін өзекті қауіптер мен осалдықтар моделін құруға болады. Алынған модельдің негізінде әрбірресурсқа ақпараттық қауіпсіздік қауіптерінің іске асыру ықтималдығына талдау жүргізіледі және осыған орай тәуекелдер есептелген болады [7, б. 42].

Алгоритм жұмысының екі режимі бар:

- бір негізгі қауіп;

- үш негізгі қауіп.

АҚ тәуекелдерін талдау ұйымның ақпараттық жүйесінің (АЖ) моделін құру көмегімен жүзеге асырылады.

АЖ иесіне алдымен өз желісінің архитектурасын сипаттау қажет [8, б. 247]:

- бағалы ақпарат сақталатын барлық ресурстар (сервер, жұмыс станциясы, мобильді компьютер және т. б.);

- ресурстың маңыздылығы – ақпараттық жүйе үшін ресурстың маңыздылық дәрежесі, яғни ресурстың ақпараттық қауіпсіздік қауіптері іске асқанда оның қаншалықты ақпараттық жүйенің жұмысына әсер ететінін білдіреді.

- ресурстарға әсер ететін қауіптер;
- қауіптер жүзеге асырылатын осалдықтар;
- осы осалдық арқылы қауіптің іске асу ықтималдығы;
- осы осалдық арқылы қауіптің іске асу маңыздылығы.

Тәуекелді бағалау үшін ақпараттық жүйеге әсер ететін барлық қауіп-қатерлер және осы қауіптер жүзеге асырылатын осалдықтар талданады және соның нәтижесінде тәуекелдер есептелінеді [9, б. 84].

Тәуекелдерді есептеу алгоритмінің жұмыс принципі:

1. Бірінші кезеңде (1) формула бойынша осы осалдық арқылы қауіпті іске асырудың маңыздылығы мен ықтималдығы негізінде қауіптің деңгейі Th есептеледі. Қауіптің деңгейі осы қауіптің іске асырылу ықтималдығын ескере отырып, ресурсқа қаншалықты әсер ететінін көрсетеді.

$$Th = \frac{ER}{100} \times \frac{P(V)}{100}, \quad (1)$$

мұндағы, ER – пайызбен берілетін қауіптің іске асырылуының маңыздылығы, яғни қауіптің іске асырылуы ресурстың жұмысына қаншалықты әсер ететінін көрсетеді. Құпиялылық, тұтастық және қол жетімділік бойынша қауіп-қатерді іске асырудың маңыздылығынан тұруы мүмкін (ER_c, ER_i, ER_a);

PV – пайызбен көрсетілген қауіптің жыл ішінде осы осалдық арқылы іске асырылу ықтималдығы.

2. Ресурста осы қауіпті жүзеге асыруға болатын барлық осалдықтар үшін қауіп деңгейін CTh есептеу үшін (2) формула қолданылады.

$$CTh = 1 - \prod_{i=1}^n (1 - Th_i) \quad (2)$$

мұнда Th – осалдық бойынша қауіп деңгейі.

Барлық осалдықтар бойынша қауіп деңгейінің мәні 0-ден 1-ге дейінгі аралықта алынады.

3. Ресурс бойынша қауіптердің жалпы деңгейі $CThR$ (ресурсқа әсер ететін барлық қатерлерді ескере отырып) (3) формула бойынша есептелінеді.

$$CThR = 1 - \prod_{i=1}^n (1 - CTh_i) \quad (3)$$

мұнда CTh – барлық осалдықтар бойынша қауіп деңгейі.

Қауіптің жалпы деңгейінің мәні 0-ден 1-ге дейінгі аралықта алынады.

4. Ресурс бойынша тәуекел R (4) формулаға сәйкес есептеледі:

$$R = CThR > D \quad (4)$$

мұндағы, D – ресурстың ақшалай немесе пайызбен көрсетілген маңыздылығы;

$CThR$ – ресурс бойынша қатерлердің жалпы деңгейі.

Өлшем бірлігі (% немесе ақша және валюта түрі) жобаның баптауларында беріледі. Деңгейлерде қауіп-қатерді берген кезде деңгейлер саны және деңгейлерді бағалау жоба баптауларының деңгейі парағында беріледі (4-кесте).

4-кесте. Деңгейлердің өлшем бірлігі

Деңгейдің атауы	Деңгейді бағалау, %
1	33,33
2	66,66
3	100

Қолжетімділік (қызмет көрсетуден бас тарту) қауіп төнген жағдайда ресурстың маңыздылығы:

$$D_{жыл} = D_{сағ} \times T_{max} \quad (5)$$

мұндағы, $D_{жыл}$ – жылына қолжетімділік қауіп бойынша ресурстың маңыздылығы;

$D_{сағ}$ – сағатына қолжетімділік қауіп бойынша ресурстың маңыздылығы;

T_{\max} – жылына ресурстардың максималды тоқтау уақыты (ұйым үшін өте маңызды жұмыс уақыты).

Үш негізгі қауіпі бар режимдегі ресурстың әр қауіп үшін тәуекелдің мәні және тәуекелдің үш қауіп бойынша жиынтық мәні ақшалай немесе деңгеймен келесі өрнектермен анықталады:

$$R_c = CThR_c \times D_c; R_i = CThR_i \times D_i; R_a = CThR_a \times D_a \quad (6)$$

$$R_a = \frac{R_c}{C} - \frac{R_i}{C} - \frac{R_a}{C} \times 100 \quad (7)$$

5. Ақпараттық жүйе бойынша тәуекелді CR ақшалай немесе деңгейлердегі жұмыс режимі үшін және үш қауіпі бар жұмыс режимі үшін қарастырамыз.

6. Ақшалай немесе деңгейлердегі бір негізгі қауіппен жұмыс істеу режимі үшін:

$$CR = \sum_{i=1}^n R_i, CR = \frac{R_i}{C} - \frac{R_i}{C} \times 100 \quad (8)$$

Ақшалай немесе деңгейлердегі үш қауіп бойынша жұмыс режимі үшін:

$$CR_{a,c,i} = \sum_{i=1}^n R_i, CR_{a,i,c} = \frac{R_i}{C} - \frac{R_i}{C} \times 100, CR_a = CR_c + CR_i + CR_u \quad (9)$$

$$CR_a = \frac{R_c}{C} - \frac{R_i}{C} - \frac{R_a}{C} \times 100 \quad (10)$$

Пайдаланушы қарсы іс-шаралар қолдана алады. Енгізілген қарсы іс-шаралардың тиімділігін есептеу үшін алгоритм бойынша берілген қарсы әрекеттерді ескере отырып жүйелі түрде өту керек [10, б. 75]. Яғни, нәтижесінде пайдаланушы екі тәуекелдің мәнін алады - қарсы іс-шаралар қолданылғаға дейінгі тәуекел мәні (R_{old}) және қарсы іс-шаралар қолданылғаннан кейінгі тәуекел мәні (R_{new}). Қарсы іс-шараларды енгізудің тиімділігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$E = \frac{R_{old} - R_{new}}{R_{old}} \quad (11)$$

Осы алгоритмді қолдану негізінде қауіп-қатердің іске асу ықтималдылығы және осалдылық арқылы қауіптің іске асуының маңыздылығы алынды.

Қорытынды

Мақалада ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты «Қауіптермен мен осалдықтарды талдау моделі» қарастырылды.

Бұл әдісті қолдану тәуекелдерді субъективті бағалау кезінде туындайтын қауіпсіздік шараларының артық шығындарын болдырмауға, ақпараттық жүйелердің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде қорғауды жоспарлауға және жүзеге асыруға, сонымен қатар жұмыстың қысқа мерзімде орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта қауіптер мен тәуекелдерді бағалаудың қолданыстағы әдістемелері мен бағдарламалық құралдары толығымен сипатталып, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау нәтижесінде оңтайлы шешімдер көрсетіліп қорытынды жасалынды. Осы қорытынды негізінде алдағы уақытта бағдарламалық қосымша құру көзделіп отыр, бағдарлама осы жұмыста көрсетілген модель негізінде құрастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ажмухамедов, И.М. Управление рисками информационной безопасности в условиях неопределенности // Проблемы информационной безопасности. Компьютерные системы. – 2016. – Т. 1. – С. 7-14.

2 Куканова Н. Современные методы и средства анализа и управления рисками информационных систем компаний // Digital Security [Электронный ресурс] / URL: http://www.dsec.ru/about/articles/ar_compare/ (дата обращения: 12.03.2017).

3 Плетнёв П.В., Белов В.М. Сравнительный анализ существующих методов определения рисков информационной безопасности // Ползуновский вестник. – 2015. – №3/1. – С. 221-223.

4 Губарева, О.Ю. Оценка рисков информационной безопасности в телекоммуникационных сетях // Вестник Волжского университета имени В.Н. Татищева. Серия Информатика. – 2017. – №2. – С. 76-81.

5 Баранова Е.К. Методики и программное обеспечение для оценки рисков в сфере информационной безопасности // Управление риском. – 2015. – № 1 (49). – С. 15-26.

6 Губарева О.Ю. Методика CRAMM применяемая для анализа рисков в сфере информационной безопасности // Тезисы докладов XIX Российской научной конференции профессорско-преподавательского состава, научных сотрудников и аспирантов – 2017. – С. 51-64.

7 Губарева О.Ю., Пугин В.В. Методика RISK WATCH применяемая для анализа рисков в сфере информационной безопасности // Тезисы докладов XIX Российской научной конференции профессорско-преподавательского состава, научных сотрудников и аспирантов – 2017. – С. 42-44.

8 Разумников С.В. Анализ возможности применения методов OCTAVE, RISKWATCH, CRAMM для оценки рисков ИТ для облачных сервисов // Молодой ученый. – 2018. – С. 247-256.

9 Плетнёв П.В., Белов В.М. Методика оценки рисков информационной безопасности на предприятиях малого и среднего бизнеса // Доклады ТУСУР. – 2016. – №1(25). – С. 83-87.

10 Вихляев С.А. Применение программной системы DIGITAL SECURITY OFFICE для проведения аудита безопасности информационной системы обработки персональных данных // Молодой ученый. – 2017. – № 8. – С. 75-78.

Секция 1. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР/ ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ

ӘОЖ 53

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ЭЛЕКТР ЖӘНЕ МАГНЕТИЗМ БӨЛІМІН ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ

Айбергенова Н.Т.-

М. Өтемісов атындағы БҚУ магистранты

Аңдатпа. Дамыта отырып оқытудың негізгі аспектілері ғалымдардың еңбегін саралай отырып көрсетілген. Қазіргі таңдағы оқыту жүйесіндегі негізгі ерекшеліктерді сақтай отырып, электр және магнетизм бөлімін сыни түрде оқыту, деңгейлеп оқытудың алғышарттары қамтылған. Электр және магнетизм бөлімін сыни түрде оқыту бойынша оқушыларда пайда болатын дағдыларға анықтама берілген. Оқытудың түрлері орындалуы үшін қажетті және негізгі шарттар көрсетілген. Сыни түрде, дамыта отырып оқыту, саралап оқыту бойынша ғалымдардың тәжірбиелері мысал түрінде келтірілген. Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың оқыту түрлеріне икемділігі, ойлау деңгейлері қарастырылған.

Кілттік сөздер: оқыту, сыни түрде оқыту, деңгейлеп оқыту, саралап оқыту, ойлау деңгейлері, оқушы икемділігі.

Кіріспе

Дамыта оқытудың негіздері таным теориясы мен диалектика ілімінде жатыр. П.П.Блонский дамуға индивидтің абстрактіден нақтыға және керісінше, нақтыдан абстрактіге қарай қозғалыс жасай алуын жатқызса, Д.Н.Богоявленская мен Н.А.Менчинская – оқи алуды, яғни қысқа мерзімде жоғары үлгерімге жетуді, Л.В.Занков ақыл-ой қызметінің төмендегідей көрсеткіштері дамуды нәтижелі етеді деп есептейді: байқампаздық, ойлау және практикалық әрекеттер жасай алу. В.В.Давыдов дамудың негізгі көрсеткіші ретінде тұлғаның жинақтай, қорытындылай алу дағдысын жатқызады.

Сонымен тұлға дамуы оны өзінің дамытуының негізгі тетігі қарама-қайшылықтарды шешу болып табылады. Өзін-өзі дамыту үдерісі тұлғаның барлық аясын қамтиды және әр ретте жаңа деңгейге көтеріліп отырады. Өзін-өзі дамыту – субъект бағытындағы ерекше шығармашылық әрекет деген ғылыми тұжырым жасауға болады.

Л.С.Выготскийдің идеясын ұстана отырып, дамыта оқытудың мәні – оқушылардың теориялық ойлауын дамытуда деп тұжырымдаған Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдов, Л.В.Занков өз зерттеу еңбектерінде негізгі орталық ұғым ретінде – ойлау және сонымен байланысты даму ұғымдарын мәселе етіп қойды.

Ойлау – таным теориясының негізгі философиялық категориясы. Дүниені танудың екі жолы бар. Оның бірі — затты дерексіздендіру арқылы немесе абстрақтылы ұғым арқылы ойлау болса, екіншісі – ұқсату, елестету, сезім арқылы ойлау. Дамыта оқыту бұл екеуін бірлікте қарай отырып, оқушылардың теориялық білімі мен ойлау қабілеттерін арттыру арқылы дүниені танудың ғылыми-теориялық және логикалық әдістерімен қаруландыруды көздейді. Ғылымда танылатын нысанның алдымен сыртқы белгілері жете анықталады. Мұны танымның нақты (эмпирикалық) кезеңі деп атаймыз.

Адам қарастырып отырған нәрсесінен сезімдік-нақтылық белгілерді мол етіп анықтап алған соң, сол сыртқа бар қылып тұрған ішкі бір ортақ заңдылықтарды іздеуге кірісетіні белгілі. Сол ішкі заңдылықтарды анықтау барысы абстракцияға үйрену кезеңі болып табылады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушыларға білім беру осы логикамен аяқталатыны белгілі. Физика пәнін үйрету барысына оқушыларға қарастырылатын заңдардың жан-жақтылығы мен маңыздылығын ұғындыру, оқу үрдісінде әрбір оқушының өздігінше жеке тұлғасын дамытуға жағдай жасау, физика ғылымы аясында шығармашылық және зерттеу жұмыстарын жеке орындауға қажеттілік тудыру, керекті методологиялық материалмен қаруландыру қажет. Дамыта оқыту – дамытушылық сипаттағы оқыту, себебі оқушы бір ұғымды немесе құбылысты түсінуге мұқтаж болғанда ғана ойлана бастайды. Ал дамыта оқыту барысында мұғалімге қойылатын талап – мұндай мұқтаждықты қашан және қалай пайдалануды анықтау.

Дамыта оқыту кезінде білім мен іскерліктің бірсыпыр бөлігін оқыту өздігінен танымдық қиындықтарды жеңе отырып игереді. Дамыта оқыту мен дәстүрлі оқыту арасындағы айырмашылық оқу процесін ұйымдастыру мен принциптерінен де байқалады.

Дамыта оқытудың мақсаты – ғылыми негізде меңгеріп қоймай, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту. Оны ұйымдастыру негізінен оқушының ізденгіштік, танымдық оқу қызметін құрайды. Дамыта оқыту арқылы оқушының оқуын белсендірудің мәні - ғылымның дайын қорытындыларын жай ғана меңгеріп алуда емес, жаңа білімдер мен ақыл-ой қызметінің тәсілдеріне өздігінен ие болу жөніндегі оның танымдық қызметін белсендіруде.

Демек, дамыта оқыту мұғалімнің белгілі бір әрекеттерін талап етеді. Бұл әрекеттер оқушының жаңа ұғымның мәнін ашу тәсілдерін өздігінен іздестірумен сипатталатын танымдық әрекеттерін ұдайы тудырып отырады.

Оқу процесінде сабақтың мазмұнынан туындамаған мәселелерді қою мұндай сабақта оқып үйрететін материалды саналы меңгеру мақсатымен белгілі бағыты бар танымды іздену жасауға мүмкіндік бермейді. Сөйтіп, дамыта оқыту оқу процесін жетілдірудегі басты бағыттардың бірі болатыны сөзсіз, өйткені ол оқушылардың танымдық іс-әрекетін мақсатқа бағытталуын қамтамасыз етеді, олардың оқу жұмысына шығармашылық сипат береді және сайып келгенде оқушылардың интеллектісін дамытуда сондай-ақ оқытудың нәтижелі болуы үшін жақсы жағдайлар туғызады. Алайда, дамыта оқытудың осы мүмкіндіктерін толығынан іске асыру үшін, оны іс жүзінде жүзеге асыруда кездесетін кемшіліктерді жою керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов жасаған жүйесінің кздеген мақсаттарына жету тек оқушының өзінің белсенділігіне байланысты. Осыған орай, бұл жүйенің әдіс-тәсілдері де оқушының оқу белсенділігін ұйымдастыру, қолдап, көмектесіп отыруды көздейді.

Дамыта оқытудың Л.В.Занков жасаған жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталып өтелік. Бұл жүйе дәстүрлі оқытудан төмендегі ерекшеліктерімен, өзгешеліктерімен айқындалады.

- Оқыту мазмұнындағы өзгешеліктер;
- Мақсаттағы айырмашылықтар;
- Дидактикалық принциптердегі өзгешеліктер;
- Әдіс-тәсілдеріндегі ерекшеліктер;
- Оқытуды өзгеше ұйымдастыру;
- Мұғалім еңбегінің нәтижелігін анықтайтын жаңа көрсеткіштері;

- Мұғалім мен оқушы арасындағы жаңашыл қарым-қатынастар. Л.В.Занковтың жасалынған дамыта оқу жүйесінде оқушының білімін бағалауға үлкен мән беріледі. Сабақ барысындағы бағаның неғұрлым көп қойылуы шарт емес. Оқушылар барлық тапсырмаларды орындауға ынта білдіріп, ден қойып, нәтижеге жетіп, еңбегінің рахатын көруге дағдыландырылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту барысында :

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланады;
- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға мүмкіндік алады;
- бір-біріне құрметпен қарауға үйренеді;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға дағдыланыды;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға үйренеді;
- оқытушымен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға дағдыланады.

Сын тұрғысынан ойлау-оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

- сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;
- оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап

ету;

- сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Ал оқушылардан осыған байланысты:

- сенімділікпен жұмыс жасау;
- бар ынтасымен оқуға берілу;
- пікірлерді тыңдау, құрметтеу;
- өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Тек сонда ғана олар:

- мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?
- осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?

маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Зерттеу нәтижелері: XX ғасырдың 30 -жылдарында Америкада білім беру мен оқытуда саралау үдерісі кеңіне етек алғаны мәлім. Бұл үдеріс бүгінгі таңда қазақ мектептеріне де келіп жетті. Жалпы саралап оқыту бастауыш мектепті бітіргеннен кейін басталады. Франция мен АҚШ- та барлық жалпы білім беретін мекемелерде сыныптағы оқушыларды топқа бөлу кеңіне таралған. Кейбір пәндерді оқытуда топтарды «жылдамдар», «орташалар» және «баяулар» деп атайды. Жапония мектептерінде де оқушыларды топқа бөліп оқыту тұрақты орын алған. Топтағы жұмысты сайыс түрінде жүргізеді. Барлық оқушыға баға қойылады.

Деңгейлеп оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Деңгейлеп-саралап оқыту әрекеті – білім алуға бағыттаған әрекет. Ол өз бетінше әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Б.Ананьев, Л.Выготский, А.Леонтьев, С.Рубинштейн т.б. ғылымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезіндегі оқу әрекеті Ш.Аманатшвилли, В.Давыдов, Л.Занков т.б. зерттеулерінде қарастырылады. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізгі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Деңгейлеп-саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, байқағаным сыни тұрғыдан ойлау модулі білімгерлердің сабаққа деген қызығушылықтары артып, кейбір балалардың шығармашылығы да арта түседі. Сыни тұрғыдан ойлау тіл үйренушіге еркін, нақты ой айта алуға үйретеді. Сондай-ақ білімгер топтасымен жұптық жұмыста да, топтық жұмыста да өз ойын айтып дәлелдей алады, өз-өзіне баға беріп, топтастарын да бағалай алады. Деңгейлеп оқыту бойынша оқушылар есептің оңайдан күрделіге қарай түрлерін шығарып үйренеді. Ескі форматтағыдай оқушыға міндетті берілген есепті емес, нақты оқушы өзі қалайтындай есеп түрлерін таңдап алып шығарады. Деңгей түрлері арқылы біздер оқушылар арасынан дарынды оқушыларды анықтауға мүмкіндік аламыз. Саралап оқыту нәтижесінде үлгерімі төмен оқушылармен белгілі бір нәтижеге жетуге болатынын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
2. Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2004.
3. Жүнісбек Ә. Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.
4. Калашников С.Г. Электричество: Учебное пособие. - М.: Наука, 1985. - 592 с.
5. Жүнісбек Ә. Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.

“GEOGEBRA” БАҒДАРЛАМАСЫН ФИЗИКА ПӘНІН ҮЙРЕТУДЕ ҚОЛДАНУ

*Аймағанбетова З.К.- PhD доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Университеті
Қазақстан, Ақтөбе*
*Демегенов Ж.М.- Магистрант,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Университеті
Қазақстан, Ақтөбе*


Аннотация: Бәріміз білетіндей қай уақытта да білім беру процессін максималды түрде қызықты әрі продуктивті өткізу қоғамның өзекті мәселелерінің бірегейі болған. Білім алушы ақпараттарды жадына сіңіруі және алған білімді өміріне қолданысқа енгізуі үшін сол замандағы әртүрлі инструменттерді процесске енгізіп, тәжірибеден өткізіп, аналитика жасап отырған. Қазіргі цифрлық технология дамыған ғасырымызда білім беру процессін интерактивті бағдарламалар және қосымшалармен интеграциялау әлемдік деңгейде білім жүйесіне оң әсерін тигізуде. Сондай-ақ тек қана физика пәнін интерактивті өткізуге бағытталған Windows, Linux, IOS, Android, Mac операциялық жүйелерінде жүздеген сапалы бағдарламалар және қосымшалар өз функциясын атқаруда. Бұл мақалада “GeoGebra” бағдарламасы дегеніміз не, оның қолданылу аясын, сондай-ақ оны физиканы интерактивті түсіндіру үшін қолдануға болады ма деген сұрақтарға жауап ала алатын боласыз.

Түйінді сөздер: геогебра, интерактивті, анимациялық иллюстрация, мультимедиялық

Қазақстан Республикасында білім саласын цифрландыру 1997 жылдан бастап қарқынды дами бастады. 2017 жылы 12 желтоқсанда “Цифрлы Қазақстан” Мемлекеттік бағдарламасы бекітіліп, Білім және Ғылым Министрлігінің бастамасымен білім саласының негізгі бөлімдерінде жаппай цифрландыру, интерактивті жүйеге көшу қолға алынған болатын. Цифровизацияны педагогикалық, контент, менеджменттік бағыттары бойынша дамыту бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселе [1].

“GeoGebra” - соңғы кезде өте қарқынды даму үстіндегі тегін әрі ашық ресурстар арқылы үйренуге болатын кросс-платформалы динамикалық математикалық бағдарлама. Қазіргі таңда алгебра, геометрия, арифметика және статистика салаларында жиі қолданысқа ие. Алайда бұл бағдарламаның мүмкіндіктерін тек геометриялық сызбалар сызу мен алгебралық есептеулер шығаруда қолдану потенциалының ең минимум мөлшерін пайдалану десек те болады. Сондай-ақ “GeoGebra” бағдарламасын физика, химия, биология пәндеріне тиімді инструмент ретінде қолдануға толық негіз бар. Оқушыға сабақты түсіндіруде жасауға болатын анимациялық мүмкіндіктері таптырмас құрал десек те болады. Бұл бағдарлама Маркус Хохенвартермен Java Script және Html5 тілінде жазылған болатын. Қазіргі кезде 39 тілге аударылып, жыл сайын дами түсуде. 2013 жылы маусымда Еуропалық Заманауи білім журналында (European Journal of Contemporary Education) “GeoГебраны” оқу үрдісінде қолдану мәселесінде арнайы шығарылымы жарияланған еді. Бұл бағдарламаның алғашқы нұсқасы 2001 шықса, ал соңғы нұсқасы 2021 жылы 22 қарашада шықты. Бұл бағдарламаның Халықаралық дәрежедегі жетістіктері:

- Архимед сыйлығы 2016 (Гамбург;Германия)
- Microsoft жыл серіктесі 2015 (Вашингтон,АҚШ)
- MERLOT Classic award 2013, Мультимедиялық онлайн оқу және оқыту ресурстары(Лас-Вегас,Невада,АҚШ)
- BETT 2009, Британдық білім беру технологиялары жобасының финалисті (Лондон, Ұлыбритания)
- SourceForge.net Community Choice Awards 2008, Ұстаздар үшін ең үздік проект номинациясы
- European Academic Software Award 2002 (Роннеби, Швеция) [2]



1 сурет - “GeoGebra “ жұмыс үстелі [3]

Жалпы бұл бағдарламаның тағы қандай мүмкіндіктері бар:

Қисық тұрғызуда көмекші құрал бола алады.

- Функция кестесін құру $y=f(x)$;
- $x=f(t); y=g(t)$;
- Конус тәріздес кескін тұрғызу:
 - Еркін конус түрін нүктелермен құрастыру
 - Шеңбер:
 - Центр арқылы, центрдегі нүкте;
 - Центрі мен радиусы;
 - Үш нүктемен;
 - Парабола
 - Гипербола
 - Эллипс


Есептеулер жүргізуде қолғабыс ете алады.

- матрицаны есептеуде қолданысы:
 - Қосу және көбейтуді;
 - Транспозиция, төңкеру;
 - Анықтауышты есептеулерде;
- Комплекс сандармен есептеулер;
 - Қиылысу нүктесін табу;
- Статистикалық функцияны есептеуде:
 - Дисперсияны есептеу;
 - корреляция коэффициентін анықтау;
- Сондай-ақ аппроксимация берілген типті нүктелер:
 - Синусоиданы;
 - Логорифмді;
 - Экспонентаны;
 - Полиномды; [4]

“ГеоГебраны” физиканың кинематика, динамика, сақталу заңдары, электромагнетизм, оптика, кванттық физика бөлімдеріне интерактивті иллюстрация жасауда да қолдануға мүмкіндіктер бар [5]. Төмендегі суреттер “Geogebra” бағдарламасы арқылы жасалған анимациялардың скриншоты болып табылады. Көріп тұрғаныңыздай физиканы “ГеоГебраның” мүмкіндіктерін пайдалана отырып үйрету өз кезегінде оқушылардың физика


пәніне қызығушылығын арттырумен қатар шағын бір лаборатория білімін бере алатындығына кәміл сенемін.

Uniform Acceleration in One Dimension



2 сурет - “ГеоГebra” арқылы жасалған бірқалыпты үдеу анимациясы


Projectile Motion: Tranquilize the Monkey



3 сурет - Көкжиекке бұрышпен лақтырылған дене қозғалысы (геймификация)


Білімді әрі сауатты адамдар — бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Ал баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады. Демек, баланың білімі ерекше болуы, ол білімнің нәтижелі болуы пән мұғалімінен жауапкершілікті талап етеді. Ақпараттық технологиялардың барлық жаңалықтарын ең бірінші балалар қабылдайды, сондықтан балалардың жоғары танымдық қызығушылығын пайдаланып, олардың жеке тұлға ретінде дамуын қалыптастыру.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз атап өткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы аса зор.

Себебі ақпараттық технология ғана жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыра алады. Оқушы–оқу үрдісінің басты субъектісі, сондықтан баланың дамуына, оның ойлау қабілетін дамытуға оқушы мен оқытушының өзара ынтымақтастығы оқу процесіне қалыптастыру мен әр түрлі оқу іс-әрекетін қамтитын оқыту әдістерінің үйлесімділігі нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс. Ақпараттық технологиялардың ішіндегі wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін қолдануды жүзеге асырып келемін.

Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін қолдану төмендегідей мақсатты көздейді:

- оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту

- алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

Болжам:

- Егер жаңа ақпараттық технологияны химия сабағында тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады.

- қоғамдағы рухани құлдыраудан арылу үшін білімді ізгілендіру;

- әр баланың білім алуудағы өз қабілеті мен ынтасына сай туындаған сұранысын қанағаттандыру үшін білім беруді саралауды күшейту;

- көп нұсқалы білім алуға мүмкіндік жасау.

Күтілетін нәтиже:

§ *Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін пайдалану* арқылы оқушылардың химия пәніне қызығушылығын арттыру;

§ Бүгінгі таңдағы ақпарат ғасырындағы өмірге бейімделген жан-жақты білімді жеке тұлға қалыптастыру;

Осы жағдайлар өз шешімін тапқанда әлемдік білім кеңістігіне енудің маңызды шарттарының ең бастысы — оқушы құзыреттілігін қалыптастыру

мәселесі де іске асар еді. Осы тұрғыдан алғанда мектепте химиядан қолданбалы курстарды оқытудың маңызы зор деп есептейміз. Өйткені қазір мектептерде барлық жұмысты бірыңғай ұлттық тестілеуге даярлап, жоғары сапа көрсетуді бірінші кезекке қойған кезең екендігі жасырын емес.

Ал оқушылар арасында химия пәнін таңдау өте сирек, себебі химияны таңдаушылар үшін ұсынылған мамандық түрі аз. Сондай-ақ, химия қиын пәндер қатарынан болып саналады. Бірақ осындай қайшылықтарға қарамастан химия — жаратылыстану пәндерінің бірі ретінде оқушылардың жан-жақты жарасымды жетілуіне, химиялық сауатты болуына қажетті білім беретін, яғни құзыретті жеке тұлғаны тәрбиелеуге өзіндік үлес қосатын пән болып табылады.

Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін пайдалану үшін мынадай кезеңдерді орындадым:

1. <https://youtu.be/wrlYNXehJWg> желісінен қолдану туралы нұсқаулықпен толық танысып шықтым



2. Wordwall.net тіркелдім



3.



4. Менің жұмыстарым бөліміне кіріп тапсырма түрлерін таңдадым



5. Моя занятия бөлімінен тапсырма түрлерін құрастырдым



6. Бір қолданушыға сервисе тек 5 рет қана тапсырма түрін тегін құрастыруға мүмкіндік берілген. Сондықтан мен сабақта оқушыларыма кезектесіп тақырып сайын тапсырма құруға да мүмкіндік бердім. Бұл оқушының АКТ мен жұмыс құзыреттілігін қалыптастырып дамытады. Менің оқушыларымның құрастырған тапсырмаларымен танысуыңызға болады. Ол үшін қоғамдастық (сообщество) бөліміне кіріп қажет тақырыпты жазып іздейсіз немесе өзіңіздің тақырыбыңызды жазып іздеп көруіңізге болады.



7. Оқушылар орындап болғаннан кейін осы бетте төменгі жағында рейтинг бойынша қай оқушының нешінші орындағанын көруге болады. Осы беттен тапсырма құрғанда ескерілетін мүмкіндіктерді де көруге болады. (уақыт қою, балл, жауабын қарау, қайта жасау мүмкіндігін)



Менің оқушыларымның құрастырған тапсырмалары:

№	Оқушының аты - жөні	сыныбы	Сабақтың тақырыбы	Жұмыс атауы
1	Есенгарина Айгерім	10б	Ішкі энергия	Ішкі энергия мен энтропия
2	Ерхан мен Самал	8а	Газдардың салыстырмалы тығыздығы	Газдардың салыстырмалы тығыздығы химия 8 сынып
3	Мағжан Асылжан	8б	Отынның жануы	Химия 8 сынып отынның жануы және энергияның бөлінуі, экзо және эндотермиялық реакция

Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін пайдалану тиімділігі сабақтың ұйымдастырушылық, қайталау, жаңа тақырыпты игеру, практикум, бекіту, қорытындылау, талдау кезеңдерінде, білім бақылауда кеңінен оқушының қызығушылығын, оқуға танымдық қасиетін оятуға. Объективті бағалауға, оқушының еркін сезінуге ақпараттық-коммуникациялық мәдениетінің деңгейі өсуіне жағдай жасалып, келешекте терең білім алуға көмегі зор.

Қорытынды

Қорыта келгенде, ақпараттық технологияның тиімділігі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Демек, компьютер оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді. Ендеше, ақпараттық технологияны сабақта қолдану оқушының іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарылатады деуге болады.

Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп тұжырым жасайды. Сондықтан оқытушы өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікпен келу керек. Сабақ барысында интерактивті технологияларды қолдану оқытушы жұмысын өнімді, нәтижелі, ал оқушылардың білім алу әрекетін мәнді, қызықты, пайдалы етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Б.Ибраимова. Ақпараттық технология - нәтижелі білім берудің көзі. // Қазақстан мектебі, №6, 2012, -3- бет.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Білім технологиялары -2010.-№ 2.
4. <https://youtu.be/wrlYNXehJWg>

ӘОЖ 371.3.51

«СЫЗЫҚТЫҚ ФУНКЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ГРАФИГІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ВИДЕОСАБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ахметкереева Ж. Қ. -

*М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті
«Математика педагогын даярлау» М010 тобының 2-ші курс магистранты*

Ғылыми жетекші: Жумағалиева А.Е. -

*Физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті*

Аңдатпа. Мақалада бейнесабақты математика пәнінен дидактикалық медиа материал ретінде пайдалана отырып, оқушылардың визуалды қабылдауын бақылап, қысқаша бейнесабақ жасау әдістемесімен таныстыруға арналған. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты: «бейнесабақ» түсінігін нақтылау, бейнесабақтың тиімділігін тексеру. Зерттеу барысында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге, конференция материалдарына талдау жасау, ғаламтордың білім беру порталдары ресурстарымен танысу, оқушылардың бейнесабақтарды қолдануы бойынша сараптама жасау. Зерттеуде салыстыру және бақылау әдістерін қолдану.

Зерттеу нәтижесінде "бейнесабақ" түсінігі нақтыланды, оның түрлері, нысаны және әдістемелік толықтыруы бойынша қысқаша сипатталды, ғаламтор желісіндегі білім беру платформаларына шолу жасалды. Орал қаласының №41 мектеп-лицейінде 7 «А» және 7«Б» сынып оқушыларымен бейнесабақты қолданып және бейнесабақсыз математика пәнінен ашық сабақтар өткізіліп, оқушылардың бейнесабақтарды қолдануы туралы сауалнама арқылы сараптама жасалып, бейнесабақты медиа материал ретінде қолданудағы оқушыларға тигізер

тиімді тұстары бақыланды. Бейнесабакты жасаудың қысқаша әдістемесі беріліп, бейнесабактың жасалу жолы көрсетілді.

Қорытындылай келе зерттеу жұмысында бейнесабакты математика пәнінен дидактикалық медиа материал ретінде тиімді қолданылуын бақылап, оқушылар мен мұғалімдерге пайдалы тұстарын көрсете отырып, оқушыларға көрсетілген бейнесабактың жасалу әдістемесі мен нұсқаулығы көрсетілді. Сонымен қатар, бейнесабакты жасаудың оқушылар мен мұғалімдерге тиімді және тиімсіз тұстарын анықтап, анализ жасалды.

Түйін сөздер: бейнесақ, дидактикалық материал, медиа материал, тиімділік, анализ жасау.

"Видеосабак" сабақ деген не? Біздің ғылыми және әдістемелік әдебиеттер талдауында көрсеткендей, видеосабак - бар бейнеқатарларды біріктіретін, жеткілікті кең ауқымда пайдаланылатын оқыту құралы осы ұғыммен белгіленеді. Бұл - мұғалім оқу материалын сурет, сызба, бейне материалдарын пайдалана отыра көрсетіп, түсіндіретін бейнеролик. Осындай бейнероликтер кері байланыс элементтерін қабылдай алады немесе кері байланыссыз да болады. [1,176б.]

Сондай-ақ, видеосабактарға жай мектеп сабақтарында пайдаланылған танымдық сипаттағы бейнефрагменттер мұғалімдер өткізген нақты сабақтардың жазбалары, әртүрлі өз бетінше оқуға арналған бейнеқатарлары бар интерактивтік қосымшалар, дауыстық түсініктемелері бар слайдтар да жатады. Нақты айтқанда бейнесабак - тақырыптық және әдістемелік жағынан аяқталған біртұтас бейнеролик түрінде ұсынылған білім беру үрдісі. Әдетте бейнесабак бір тақырыпқа немесе сұраққа, болмаса қандай да бір білімді қалыптастыруға арналады. Оқушыларға арналған бейнесабактың ұзақтығы санитарлық норма бойынша 15–25 минуттан аспауы керек. Бейнесабак түріндегі сабақта мұғаліммен тікелей қарым- қатынаста болуы қарастырылмаған. Қалған барлық нұсқаларын бейне материалдарды пайдалану сабағына жатқызуға болады. Ұсынылған сабақтың түрі және әдістемелік толықтыру бойынша бейнесабактарды келесі түрлерге бөлуге болады: дәріскердің бейнежазбасы (кадрда дәріс оқушы дәріскер немесе материалды түсіндіруші мұғалім), бейнесабактың жанды жазбасы (шынайы мектеп жағдайдағы сабақтың бейнежазбасы), студиялық бейнесабак (режиссермен студиясында жазылған сабақ), слайдфильм (кадр сыртында түсініктемелерімен бейнеқатарларды көрсету), интерактивті бейнесабак. Ең тиімді және әдістемелік теңдестірілген интерактивті бейнесабак болып табылады.[2, 3б.] Бұл оқыту бағдарламасына мұғалімнің материалы, иллюстрациялық материалы, жаттығу және бақылау тапсырмалары енгізіледі. Сабақтың мазмұны бойынша гиперсілтеме көмегімен кез келген слайдқа көшу түймелерін пайдалану навигациясы мүмкіндігі қарастырылған. Ұсынылған материалда бірнеше экрандар пайдалану принципі, яғни мониторда жетекші мұғалімнің бейнесі мен көрнекіліктерді кадрда біріктіріп көрсетілу ұсынылады. Мұндай сабақтар, біздің ойымызша, қазірдің өзінде бейнесабак шеңберінен шығып және оқыту платформаларында жүзеге асырылуда.[2,4б.]

Математика пәнінен дәстүрлі оқыту, не қашықтықта оқыту форматы бойынша сабақ барысында қолдануға дайын бейнесабактарды «Bilim media Group», «Darын Online», «iMектеп» сияқты ірі білім беру порталдарынан, «YouTube»ғаламтор желісіндегі отандық «Мектеп Online Математика», «Образовательный канал Өрлеу» каналдарынан алса болады, немесе мұғалім видеосабактарды арнайы құрал жабдықтар мен бағдарламаларды қолдану арқылы жасай алады. Математика пәні бойынша видеосабак түсру оңай емес, себебі математикалық формулаларды теру, небір геометриялық сызбаларды енгізу уақытты талап етеді. Covid-19 пандемиялық кезеңінде қашықтықтан оқыту барысында мектеп ұстаздарына, әсіресе математика пән мұғалімдеріне пән бойынша видеосабактарды қолданудың маңызы көрінді. Дәстүрлі оқу форматында да қысқаша видеосабакты дидактикалық материал ретінде қолдану өте тиімді, себебі ғаламтор мен цифрлық дамыған ғасырда өмір сүріп жатқандықтан, қазіргі оқушылардың ақпаратты визуалды технологиялар арқылы қабылдауы жеңілірек.[3,2б.]


Математика пәні бойынша видеосабактың қаншалықты пайдалы екеніне көз жеткізу үшін шағын эксперимент жасалды, ол үшін Орал қаласының №41 мектеп лицейінің 7«А» және 7 «Б» сынып оқушыларының математика пәнінен күнтізбелік жоспардың «Сызықтық функция және оның графигі» тақырыбы бойынша 7«А» сыныбына видеосабакпен, ал 7«Б» сынып оқушыларына видеосабаксыз сабақ өткізілді. Екі сыныптың сабақ өту барысы төмендегі сызбанұсқада көрсетілген.

	7 «А» сыныбы	7 «Б» сыныбы
Сабақтың басы	Сабақ мұғалімнің оқушыларды сабаққа дайындауымен, яғни оқушылармен амандасып, оқушылардың зейінін сабаққа аударумен басталды. Үй жұмысын тексергеннен кейін өткен тақырып бойынша «Сұрақ-жауап» тәсілімен өткен тақырыпты еске түсіре отырып, оқушылардың назарын интерактивті тақтаға аудартып 5 минут көлеміндегі видеосабакты тамашалады. Жаңа тақырып бойынша мұғалім бірнеше сұрақтар қойып, жауап алды.	Сабақ мұғалімнің оқушылармен амандасып, зейіндерін сабаққа аударумен басталды. Мұғалім үй жұмысын тексеріп, бойынша «Сұрақ-жауап» тәсілімен өткен тақырыпты еске түсіре отырып, жаңа сабақты түсіндірге кірісті. Тақтамен жұмыс жасап, график салып, бірнеше мысалдарды түсіндірді. Жаңа тақырып бойынша бірнеше сұрақтар қойып сұрақ қойып, жауап алды.
Сабақтың ортасы	Тақырып бойынша есептер шығарылды, оқушылар тақтамен де, өз бетінше де жеке жұмыс жасады. Оқушылар шығаруға қиналған есептерді мұғалім 1-2 минуттық видеосабак көрсету арқылы оқушыларға есептің шығару жолдарын көрсетті.	Тақырып бойынша есептер шығарылды, оқушылар тақтамен де, өз бетінше де жеке жұмыс жасады. Оқушылар шығаруға қиналған есептерді мұғалім оқушыны тақтаға шығарып, бірге шығарысып көмектесіп, оқушыларға есептің шығару жолдарын көрсетті.
Сабақтың соңы	Оқушыларға сабақты қорытындылау үшін тақырып бойынша сұрақтар қойылып, рефлексия жасалып, сауалнама жүргізілді.	Оқушыларға сабақты қорытындылау үшін тақырып бойынша сұрақтар қойылып, рефлексия жасалып, сауалнама жүргізілді.

7 «А» сыныбында сабақтың басында көрсетілген видеосабакта сызықтық функцияның анықтамасы айтылып, мысал ретінде бірнеше функциялар алынды, төменде көрсетілген 1-сурет пен 2-суретте видеосабактан үзінді алынған, бұл суреттерде $y = 1.5x - 2$ және $y = -\frac{2}{3}x + 3$ функцияларының графиктерін салудың түсіндірмесі көрсетілген. Сонымен қатар функцияның графигі бойынша формуланы табуға мысал келтірілген және берілген нүктенің функцияға тиісті, не тиісті еместігін анықтауға да мысал бар. Видеосабактың ұзақтығы 6 минут. Осы видеосабактың көмегімен оқушылар берілген жаңа тақырыпты меңгере алады.



1-сурет. Сызықтық функция және оның графигі



2-сурет. Сызықтық функция және оның графигі

7 «А» сынып оқушыларына көрсетілген видеосабак 5 минуттан тұрады. Видеосабакты жасау үшін MS Power Point 2010, Camtasia Studio бағдарламалары қолданылды. MS Power Point 2010 бағдарламасының көмегімен түсіндірілетін негізгі ақпарат жасалды, формулалар мен график осы бағдарламада теріліп, салынды. Түсіндіру барысында жазбалардың бірден емес, біртіндеп шығуы үшін «Простое увеличение», «Колесо», «Цветная пишущая машинка», «Случайные полосы», «Часовая стрелка», «Появление» сияқты анимациялардың түрі қолданылды. Camtasia Studio бағдарламасы арқылы аудио жазбаны, яғни мұғалімнің дыбыс түсіндірмесі презентацияға қосылып, монтажданды.

7 «А» сынып оқушыларына қойылған сауалнама сұрақтары:

1. Көрсетілген видеосабак ұнады ма? Ұнаса, қандай тұстарымен ерекшеленді?
2. Сіздің ойыңызша видеороликтерді сабақта жиі қолданылғаны дұрыс па, әлде сирек пе?
3. Пән бойынша шығара алмаған есептердің шығару жолын ғаламтор желісінен іздейсіз бе?
4. Ғаламтор желісінен, YouTube-тан видеосабактарды көресіз бе? Көрсеніз, видеосабактарды қаншалықты жиі қолданасыз ба?

5. Сізге математика пәнінен жасалған өзге мұғалімнің дайын видеосабағын көріп түсінген оңай ма, әлде өз мұғаліміңіздің дайындаған видеосабағы ұнай ма?


6. Қашықтықтан оқуда видеосабактардың көмегіне жүгіндіңіз бе?

7 «Б» сынып оқушыларына қойылған сауалнама сұрақтары:

1. Пән бойынша шығара алмаған есептердің шығару жолын ғаламтор желісінен іздейсіз бе?
2. Ғаламтор желісінен, YouTube-тан видеосабактарды көресіз бе? Көрсеніз, видеосабактарды қаншалықты жиі қолданасыз ба?

3. Сізге математика пәнінен жасалған өзге мұғалімнің дайын видеосабағын көріп түсінген оңай ма, әлде өз мұғаліміңіздің дайындаған видеосабағы ұнай ма?

4. Сабақта видеосабактарды қолдануға қалай қарайсыз?
5. Қашықтықтан оқуда видеосабактардың көмегіне жүгіндіңіз бе?



1-сурет. Сауалнама жауаптары

Жоғарыда 1-суретте сауалнама жауаптары бойынша жалпылама қорытынды жасап, оқушылардың жауабын пайыз көрсеткіші бойынша көрсеттім. Сауалнама барысында бірнеше оқушылар өздерінің ауызша өз жауаптары мен пікірлерін білдірді, төмендегі оқушылардың пікірлерімен бөлісетін болсам:

7«Б» сынып оқушысы:

- Сауалнама сұрақтарына толық жауап бердім. Сауалнама сұрақтарына қарасам, ұстазымыз математика сабағында видеосабақтарды қолданысқа енгізетін ойы бар сияқты. Басқаларын білмеймін, бірақ маған видеосабақтармен оқыған ұнайды. Әсіресе қазіргі дамып жатқан цифрлық заманда, математикадан мұғалімдер әдемілеп, қызықты қылып видеосабақтар жасаса керемет болар еді, - деп жауап берді.

7«А» сынып оқушылары:

- Негізі б-сыныпта қашықтықтан оқу барысында, математикадан анамның көмегімен оқитынмын, шешімін таппаған, не дұрыс түсінбеген тақырыпты ютуб ғаламтор желісінен қарайтынбыз, содан анамның көмегінсіз өзім математикадан тапсырмалар мен үй жұмыстарын орындауды үйрендім. Маған видеосабақтар көп көмегін берді, бірақ мектепке барып оқығанға жетпейді, - деп жауап берді.

- Басқаларын білмеймін, бірақ өзіме тек мұғаліммен оффлайн өткен сабақтар ұнайды, мұғалімнің өзі түсіндіргені ұнайды. Қашықтықта оқимыз деп телефон, техникалардан әбден шаршап қалыппын. Қазіргі кездерімізді қатты сағыныппын, - деп жауап қайтарды.

Өткізілген ашық сабаққа математика пән мұғалімдері қатысып, видеосабақтың оқушыларға тиімділігі жайлы зерттеу жұмысымызға жақсы пікірін білдіріп, жалпы видосабақтардың тиімді және тиімсіз жерлерін айтты. Мұғалімдердің пікірі бойынша, қашықтықтан оқу үрдісінде видеосабақтарды қолдану тиімді, жалпы дәстүрлі сабақтарда жиі қолданса, медиа дидактикалық материал ретінде көмегі бар, әрі видеосабақтарды мұғалімнің өзі түсірсе – оның шығармашылық жұмысы іспеттес болар еді, бірақ тиімсіз тұсы видосабақ жасау біраз уақытты алуы мүмкін, сондықтан әр сабаққа видеосабақ жасауға мүмкіндік те болмайды деп, өз уәждерін айтып ашық пікірлерін білдірді.

Жоғарыда көрсетілген пікірлер және сауалнама бойынша оқушылардың көбі математика пәнінен видеосабақтар болсын, не ғаламтор желісі бойынша жиі ізденіп өз сұрақтарына жауап тауып, түсінбеген тақырыптарын түсінуде. Бірақ видеосабаққа да, дайын шығарылған есепті де түсінбейтін оқушылар баршылық, әрине ондай оқушыларға мұғаліммен тікелей қатынас жасап, жеке сабақты да алу керек. Математика пәні бойынша сауаттылығы жақсы, не өз бетінше жұмыс істей алатын оқушыларға таптырмас мүмкіндік.

Жасалған зерттеуіміз бойынша мұғалімдердің видеосабақты жасағысы келмей, дайын видеосабақты қолдануы, олардың видеосабақтарды жасай білмеуі, математика педагогтеріне видеосабақ жасау әдістерімен таныстырып, бірнеше бағдарламаларды үйрету керектігіне көзіміз жетіп отыр.

Қазіргі таңда ғаламторда мектеп бағдарламасының барлық пәндері бойынша әртүрлі форматтағы көп бейнесабақтар ұсынылған. Bilim media Group, Daryn Online, iMekter сияқты ірі білім беру порталдарынан дайын видеосабақтарды онлайн немесе оффлайн сабаққа қолданса болады. Мұғалім сабақ үшін бейнесабақты таңдау кезінде, оның ҚР талаптарына сәйкестігіне, тақырыптық жоспарлауына, пайдаланылатын оқу-әдістемелік жиынтығына, ұсынылған материалдың толықтығына, сабақтың әдістемелік және техникалық сапасына көңіл аудару керек. Осы орайда, оқылатын материалдың сипатын, балалардың дайындық деңгейі, қажетті дидактикалық құралдардың болуы, мұғалім мен білім алушылардың техникалық мүмкіндіктері, уақыт шектеулерін ескеру керек. Оқу материалдарының қаншалықты жеңіл болуы және оқушылардың дайындық деңгейін жоғары болуы, оқыту үрдісі өз беттерінше игеруге мүмкіндік береді. Оқушылардың дайындық деңгейін бағалау кезінде тек пәндік білімдерінің жинақылығын ескеріп қана қоймай, өзін ұйымдастыру, оқу жұмысы өз беттерінше орындау деңгейін де ескерілуі керек. Мұғалім білім алушыларға оқу материалдарын өз бетінше игеру мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік материалдар кешенін ұсынады, кері байланыс және дидактикалық бақылау құралдарын арқылы оқыту үдерісін бақылау мен түзетуді жүзеге асырады.

Мұғалімдердің математика пәні бойынша видеосабақ жасағысы келсе, Microsoft Office-пен Power Point арқылы қарапайым слайд-презентацияларды жасау арқылы, анимацияларды қолданып, көркемдеп, Camtasia, BadiCam сияқты видеомонтаж бағдарламаларын қолдану арқылы, презентацияларға аудиожазбаны қосып, сапалы видеосабақ түсіріп шығуға болады.

Қорытындылай келе сызықтық функцияның графигі тақырыбы бойынша видеосабактың тиімділігін тексеру үшін шағын бақылау жүргізілді, екі сыныппен біреуіне видеосабакпен, ал екіншісіне видеосабаксыз ашық сабақ өткізілді. Бұл өткізілген сабақтардан, оқушылардың сауалнамалары мен мұғалімдердің пікірі бойынша, сабақта видеосабак қолданған тиімді екеніне көзіміз жетті, себебі оқушылардың визуалды қабылдауы жақсы дамыған, қашықтықта оқу барысында ғаламтордың көмегіне жүгініп, видеосабактарды қолдануға машықтанған. Әсіресе, өз бетімен оқуды жақсы көретін оқушылар үшін бұл жақсы мүмкіндік. Алайда, мұғалімдердің айтуы бойынша және жалпы осы видеосабакты жасауда бірнеше сағаттың кететіне көзіміз жетті. Себебі, математикалық формулалар мен графиктерді салу, оларға анимация қолдану, монтаждау біраз уақыт алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аствацатуров Г.О. . Эффективный урок в мультимедийной образовательной среде: практическое пособие // Г.О. Аствацатуров, Л.В. Кочегарова - М.: Қыркүйек, 2012 ж. - 176 б.

2. Панфилов С.А. Применение мультимедийных технологий в учебном процессе высшей школы / С.А. Панфилов, Н.Р. Некрасова // Интеграция образования. – 2014. – №1 (74) [Электрондық ресурс]: <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-multimediynyh-tehnologiy-v-uchebnom-protsesse-vysshey-shkoly-1>

3. <https://cyberleninka.ru/article/n/traditsionnye-didakticheskie-media-v-vuzah-velikobritanii-analiz-opyta-primeneniya/viewer>

УДК 372.881.111.1

DEVELOPMENT OF MULTIMEDIA IN ENGLISH TEACHING

*Бигалиева Г. З. - Магистрант 2 курса,
Атырауский университет им Х.Досмухамедова
Казахстан, Атырау.*

Abstract. The article reveals the multi-valued meaning of the term "multimedia". Show the reasons for the emergence of multimedia technologies in education. The content of the concept of "multimedia education" is revealed. The differences and advantages of learning technologies when using multimedia are shown, and examples of special types of sites are given.

Key words: education, information technology, information educational technology, multimedia, multimedia education.

The main purpose of using multimedia technology in language teaching is to promote students' motivation and learning interest in the English language. Teachers can't stay away from new trends. The establishment of Kazakh's status in the world community as a great power in the field of education, culture, art, science, high technology and economy. it is one of the priority directions of the National Doctrine of Education Development. The use of modern electronic learning tools is aimed at providing teachers and students with access to modern sources of information, creating conditions for the development of the ability to self-study by organizing research and creative educational work of students aimed at integrating and updating the knowledge gained in various subjects. Currently, a computer with a projector connected to it is becoming a familiar attribute for the school. On the Internet there is a huge fund of drawings, photos, tables, diagrams, animations, sound and video fragments, from which the teacher can easily select the necessary information for each lesson, which is easy to replenish and store. The Internet with a huge number of websites and home pages is a vast field of activity in terms of using a foreign language lesson to develop intercultural competence.

You can play games, watch music videos, learn about science, read jokes, send a postcard, learn about Internet security, get help with homework, ask questions, and research encyclopedias on the kids website.yahoo.com. Another distinctive feature of this site is the safety of the child, which is located on kids.yahoo.com and no unwanted ads

The extensive use of illustrative material in presentations makes it easy and accessible to present new lexical units without resorting to translation into Kazakh. It is necessary to carefully choose the best ways to introduce new lexical units. The presentation stage begins with the

introduction of new words on a separate slide and the phonetic processing of this lexical material, which is accompanied by audio files, which, in turn, allows for multiple repetition of lexical units for the speaker. This approach to learning allows you to form a graphic image of a word simultaneously with its sound image. The vocabulary presented in this way allows the teacher to take into account the individual characteristics of each student — both those who have more developed auditory memory, and those who have a predominant visual memory. English teachers post presentations on various grammatical and lexical topics on the Internet for general use. Thus, the goal of a teacher who wants to conduct a lesson using a multimedia presentation is to select a presentation that corresponds to the topic and objectives of the lesson. Naturally, often presentations from the Internet do not satisfy your requests, and the best way here is to create your own. A well-made presentation can attract the attention of students and arouse interest in learning.

Of course, the material condition of our schools does not allow the use of computer equipment in every lesson, but if the school has at least one set of multimedia equipment, then it is only a matter of your desire to get it for a well – thought-out prepared lesson. According to my research, 70% of eleventh graders believe that the use of multimedia learning tools improves the perception of the material, making it easy to remember. However, some students noted that traditional teaching tools are not inferior to multimedia ones.

Computer data processing makes the process of checking the student's work instantaneous. For example, in the fall of 2009, based on the material of closed forms of External Independent Assessment of 2009, with the help of the program "Tester", I conducted a trial test in English at the Luhansk school-Gymnasium No. 42. Students were able to test their strength by completing tasks and writing the open part-an essay. The testing took place at the very beginning of the school year. This gave the students the opportunity to realize their "gaps" and work on them throughout the year. In March, on the basis of one of the "online" tests, a retest was conducted for eleventh-graders. If in September there was only one high-level rating (10 points), in March there were already seven such ratings. Thus, testing can be used for diagnostics: identifying problems and solving them. In addition to the tests that prepare for the EIT, GIA(OGE, USE), on the Internet you can pass tests on the knowledge of the language, individual topics. For example, on the Internet, students tested their grammar knowledge on a page <http://www.language.ru/Test/Test.html>. In the network there are sites containing "online" lessons, for example, <http://www.study.ru/lessons/index.shtml> or on the British Council's English language learning page <http://www.learnenglish.org.uk/>.

Perhaps soon students will completely abandon the implementation of project work in the "paper" version. Creating a multimedia presentation takes less time, it is more colorful and can be performed by a student with a fairly small amount of computer knowledge. I allow students to choose how to do their work: wall papers, essays, or electronic presentations. For example, in my "Welcome to London" event, students showed prepared PowerPoint presentations on the topic "Sights of London". Based on the material of the completed chapter Chapter 3 London of the textbook "Great Britain", compiled by Yu. B. Golitsinsky, I have compiled a presentation-the London ABC quiz. The presentation is a reference dictation, in which each slide with a task corresponds to a word starting with a letter in the alphabet from A to Z. In addition to controlling the assimilation of the material, the presentation aims at aesthetic education and respect for the national symbols of other states. The development of children's sense of beauty can occur when viewing masterpieces of architecture, park art. The slide of the letter B is accompanied by photos of the bell of Big Ben, the clock tower of the Palace of Westminster and an audio recording of the striking of the Westminster clock. The slide of the letter Q contains a portrait of Queen Elizabeth II of the United Kingdom, photos of Freddie Mercury and the band Queen. The slide is accompanied by the song "Show must go on", introducing students to the world's cultural heritage. Interestingly, in the double presentation that presents the answers, to the surprise of the participants, slide Q is accompanied by the United Kingdom anthem "God save the Queen".

For an open event in the fifth grade, I used the BBC children's cooking show "I can cook!" with host Katy Ashworth, who demonstrates how to cook simple meals while entertaining with songs. The songs "Roll up your sleeves, give your hands a wash" ("Roll up your sleeves, let's wash your hands") and "Now we've cooked, let's wash up" ("Now we've cooked, let's wash the dishes") are repeated in different releases, easy to remember and very popular among English-speaking children. In addition, they remind children of the rules of hygiene. In addition to these songs, a mandatory condition is a recipe song that reminds children about how to prepare a dish of this program. After seeing the game version of the show on the cbeebies website, I wanted to introduce the students to the program. On

YouTube, a service that provides video hosting services, I found excerpts from programs, songs. With the help of a video editor, I separated the soundtrack and saved it as a file with the mp3 extension, which is opened by almost all modern standard CD players. Songs in "I can cook!" they are accompanied by movements, and I used them as a physical training session both before and after the event. I have already noted that the songs are easy to remember and very popular, some parents on English-language Internet forums even complain that the songs are intrusive and spinning in their heads

Our children liked them. One of the conditions is "I can cook!" is a report from the place where the ingredients of the dish are grown or produced. At the school event, we had two dishes of "Cheesy chicken" with tomatoes, chicken and mozzarella and "Lemon & lime cheesecake" with lemon and mascarpone cheese. Both recipes were taken from the cbeebies website. As "reports", texts from the textbook Welcome 3 by Express Publishing about the celebration of La Tomatina in Spain and the Big Cheese festival in Wales were used. "Reporters" not only told about the holidays, but also showed small presentations and videos. I found the videos on the YouTube site. Many children noted that they did not even imagine what these holidays look like. In general, it is better to see once than to hear a hundred times. So that the audience would not be bored, they were offered a puzzle. The task of the participants was to find the words in the table vertically, horizontally or diagonally. The fastest viewers received small prizes. The puzzle was developed using the site <http://puzzlemaker.discoveryeducation.com/>. By loading the keywords and specifying the size of the table, you get the puzzle in seconds. In addition, the site offers help in creating a traditional crossword puzzle, rationally connecting words in space. Thus, when preparing the materials of this event, a whole complex of computer programs and Internet sites was used.

Having digital literacy is more than having "separate technological skills". Today we are talking about a deep understanding of the digital environment, which provides intuitive adaptation to new contexts and joint content creation with other students. Creating presentations, learning to search for reliable sources on the Internet, supporting proper online etiquette, etc. these are life skills that students can get in the learning process, and they will be useful to every child throughout their life. Digital literacy can help educational organizations not only improve the quality of education, but also allow learning outcomes to always remain relevant. I would like to warn against using information and communication technologies for the sake of the technologies themselves, but it is necessary to use them in combination with traditional means of training, which should not be replaced by multimedia means, but supplemented by them.

REFERENCES

1. Anisimova, N.C., (2002)Multimedia-technologii v obrazovanii: ponyatiya, metody, sredstva: monografiya
2. Анисимова. Н. С. Мультимедиа-технологии в образовании: понятия, методы, средства: монография / Н.С.Анисимова; Под ред. Г.А.Бордовского. - СПб. : Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2002. - 89 с.
3. Смолянинова О.Г. Мультимедиа для ученика и учителя // ИНФО.–2002.–№2.– с.48-54
4. Болбаков Р.Г. Открытые образовательные макромедиа системы и когнитив-энтропия // Развивающие информационные технологии в образовании: использование учебных материалов нового поколения в образовательном процессе: сборник "УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЕМ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА" 2015 №1 (17) 167 материалов Всероссийской научно-практической конференции («ИТО-Томск-2010»). - Томск, 2010. – с.471.
5. Воробьева О.В., Гайдукова И.Б. [Текст] / Интерактивные формы обучения: методические рекомендации для преподавателей – Курск: Курская академия государственной и муниципальной службы, 2015. – 72 с.

XXI ҒАСЫР – ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҒАСЫРЫ

Дошева Г.А. - оқытушы, магистр

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті, Орал қ.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Заманауи қоғамда мамандардың кәсіби - шығармашылық деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және прогрессивті технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде. Бұған, Елбасының 2010 жылғы жолдауындағы: «Жоғары білім саласы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО - лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне еруге ұмтылулары керек. 2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс» - деген сөзі дәлел болады. Осы бағытта жасалып жатқан іс - шаралардың бірі - Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына тәрағалық етіп отырған 2010 жылы, еуропалық жоғары білім беру аймағына енуді көздейтін Болон процесіне қосылу туралы шешімнің қабылдануы да айрықша мәнді шара. Бұл оқиғаны білім беру жүйесінде көрініс алған елеулі тарихи оқиға десе болады.

Экономикалық зерттеулердің ұлттық бюросының (NBER) ғылыми - зерттеу жұмыстарына жұмылдырылған ғалымдардың болжамы бойынша, еңбек нарығында мамандықтарды машиналармен, автоматтандырылған жүйелермен және роботтармен алмастыру күтілуде.

Робототехника, автоматтандыру және басқару жаңа сұранысқа ие мамандыққа айналуға. Алдағы жылдары роботтарды бағдарлайтын, оларды құрастыратын, олардың жағдайын жақсартып және олардың аккаунтингімен айналысатын, автоматтандырылған тораптар мен өнеркәсіпті жобалау, қаптау және монтаждаумен айналысатын адамдар сұранысқа ие болады. Автоматтандырылған технологиялар мен робототехника әр сала бойынша барлық орындаушы мамандықтарды араластырады. Қазіргі заман жастарына өзі тәріздес түлектермен ғана емес, сонымен қатар жансыз роботтармен де бәсекеге түсуге тура келеді. Робот - болашақ кепілі «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қоры» қоғамдық қоры 2010 жылғы ЮНЕСКО – ның ұйымдастыруымен өткен Білім конференциясына қатысушылар адамзаттың басын біріктіретін – білім ғана деген байлам жасады. Иә, білім – ғылымның адамзат қауымдастығының болашағы үшін атқарар ролін ештеңемен салыстыру мүмкін емес. Қазақстанның тұрақты дамуы үшін еліміздің алдында тұрған ауқымды міндеттерді, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын, бүгінгі бастамаларды ертеңге апаратын заманауи біліммен қаруланған озық ойлы, білікті мамандар қажет. Сондықтан, қазіргі заманға сай заманауи технологиялармен жұмыс жасауымыз қажет. Дамыған елдердің қатарына қосылу үшін көп еңбекті қажет етеді. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Жанартылған білім беру мазмұнына» көшу арқылы заманауи ақпараттық қоғам қалыптастыру жағдайында қазіргі білім беру тәжірибесінде кеңінен қанат жайып отырған келешегі зор бағыттардың бірі робот техникасы болып табылады. Робот техникасы бойынша конкурстар мен сайыстарға қатысу білім алушылардың ғылыми – техникалық шығармашылыққа құлшындырады, сондай - ақ болашақ мамандығын таңдауға көмектеседі.

Робототехника – XXI ғасырдағы ғылыми ашылулардың ішінде адамзатты таңғалдырып, көп талқыланып жүрген жаңа сала. Адам интеллектісіне сәйкестендіріп құрылған машиналар көпшілікті қызықтыратыны сөзсіз. Қазіргі таңда әлемде 3,5 мыңнан астам компания робототехника саласын дамытумен айналысып жатыр.

XXI-ғасыр техниканың даму ғасыры болғандықтан, компьютерлер мен роботтардың адам өмірінде алатын орны өте зор. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізі. Білім беру саласында сабақтан тыс уақытта жүргізілетін әрбір үйірменің жеке тұлғаны қалыптастырудағы ролі ерекше. Оның ішінде, техникалық – шығармашылық үйірмелері өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім – тәрбиелік мүмкіндігі зор үйірмелер.

Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді дамытумен айналысатын қолданбалы ғылым, студенттердің болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар

өзін-өзі танып білуге, техника әлемін зерделеуге, қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған жолдауында Мемлекет құрудағы бірегей бай тәжірибеміз арқылы, біз жаңа кезеңге енуіміз жайлы айтылған. Жолдауда «Цифрлық Қазақстан» жаңа бағдарламасының кезекті қадамын еңсеру Қазақстанның әрбір азаматына жауапкершілікпен жүктеледі. Президенттің соңғы жолдауының ерекшелігі сол, мұнда Қазақстанда үшінші жаңғырудың басталатыны ресми айтылды. Яғни, елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиіс. Ал, ол үшін ең алдымен тағы сол IT саласына басымдық беріледі.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде робототехника — электроника базасында автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеу үрдісі ғылым, механика және бағдарламалау болып табылады.

Не үшін робототехника? Біріншіден, бұл әлемде ғылыми зерттеулердің басым бағыты. Роботтар өндірістің жоғары технологиялық салаларына еніп, біздің өмірімізде күнделікті тұтынатын теледидар немесе телефон сияқты қалыптасқан затқа айналуға бастады. Ерте ме, кеш пе роботтар адамның алмастырылмайтын көмекшілері болмақ, бірқатар қауіпті және ауыр жұмыстарды өз мойындарына алатынына ешкім күмән келтіре алмайды.

Екіншіден, білім беру стандарттарының талаптарына жауап беретін робототехника сабақтары. Робот құрастыру үрдісі – шығармашылық, берілген тапсырмалардың дайын жауаптары жоқ. Сондықтан да жаңаны іздеу үшін, бұрынғы бар білімін пайдалануға тура келеді.

Үшіншіден – тұлғаның дамуы үшін мақсат қоя білуге негізделген шығармашылық іс-әрекеттік тәсіл. Компьютерлік технологиялар заманында өмір сүретін жеке тұлғаны шығармашылық тұрғыдан қалыптастыруға бағытталған.

Робототехниканың негізінде оқушылар, студенттер математика, физика, информатика және басқа жаратылыстану-ғылыми бейіндік пәндерінен алған білімдері мен дағдыларын кіріктіре отырып, роботты техниканы, инженерлік дағдыларды қалыптастыруға және технологияларды оқып үйренуге мүмкіндігі жоғары.

Болашаққа жылжып келе жатқан жоғары технологиялар — ғарыш, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздік, қорғаныста және көптеген салаларда пайдаланылады. Осыған байланысты, жоғары оқу орындарында Робототехника үйірмелері жүргізіледі. Үйірмелерде студенттер әлемдік робототехниканың жетістіктері және даму бағыттары туралы біледі, әртүрлі роботтарды құрастырады, бағдарлама жасайды және деректер моделін құрастыруды ойлап табады.

Елбасы Н.Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасындағы «XXI – ғасырдағы ұлттық сана туралы» тармағында: «Ұлттық жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» — деп өте әдемі айтқан еді. Демек, рухани жаңғыру – ұлттық сананың түрлі тармақтарын қиыннан-қиыстырып, бір арнаға тоғыстыру деген сөз. Елбасы айтқандай, халқымыздың тарихи мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Соның бірі – ұлттық ойындары.

Ұлттық ойындар арқылы, студенттің бойына ұлттық тәрбиені, өшпес рухты, қазақы болмысты қалыптастыруға болады. Жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу аса маңызды.


Атап айтса, “Арқан тартыс”, “Көкпар”, “Теңге алу” сияқты Ұлттық ойындарымызды техника саласымен сабақтастырып, өскелең жас ұрпақтың білім дәрежесіне даңғыл жол ашу – біздің басты мақсатымыз. Жаңаша ойлайтын жастардың қабілетін шыңдай түсетін мұндай идея кемде – кем. Сол мақсатпен өзіміз осындай игі жобаны іске асырдық.

Арқан тартыс ойыны. Мақсаты - тартысқа түскен роботтар бір-бірімен күш сынасып, ортадағы белгіленген сызықтан қарсыласын сүйретіп, өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы ортадағы белгіленген сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізсе, сол жағы ұтқан болады. Робототехника үйірмесіне қазақтың «Арқан тартыс» ойыны осы тәртіппен өткізіледі.

Ойын ережесі:

1. Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;
2. Роботтың көлемі 25x25 см болу керек;

Дайынболған 2 команда роботтары арқан тартыс алаңында қарама-қарсы орналастырылады және алаңда көрсетілген сызық бойымен бірін-бірі тартып шығару керек. Роботтар 3 реткезедеседі, ұпай саны көп робот жеңімпаз атанады.



1-сурет. Арқан тартыс ойыны

Көкпар ойыны командалық ойын болғандықтан, біз студенттер арасында командалық жұмысты ұйымдастырамыз. Топтағы студенттер 2 командаға бөлініп, әр команда 3 роботтан құрастырады. Ойын ережесі:

1. Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;
2. Роботтың көлемі 20x20 см болу керек;

Ойын барасында роботтар студенттердің басқарумен ойнатылады. Серке орнына роботтар үшін біз жасанды ойыншық қоямыз. Алаңда 2 тайқазан, айып пұл алаңы орналасқан.

Роботтар арасында өтетін көкпар ойыны толық Көкпар ойының ережесі бойынша ұйымдастырылады. Командалар тайқазанға неше рет «серкені» салғаны бойынша ұпай есептелініп, жеңімпаз команда анықталады. Көкпар ойыны 2 турдан тұрады, әр тур 5 минут ойнатылады.

Теңге алу ойыны. Теңге алу ойыны шапшаңдықпен ептілікке үйретеді. Ойын ережесі:

1. Роботтың салмағы 1 кг аспау керек;
2. Роботтың көлемі 20x20 см болу керек;
3. Роботтың жылдамдығы жоғары болу керек;

Теңге алу ойынында роботтар қарасыздық бойында орналасқан қызыл шүберекке оралған теңгелерді алу керек. Бұл ұлттық ойын барысында біз роботтың уақыт көрсеткішіне және жинаған теңгелерін есепке ала отырып, жеңімпазды анықтаймыз.

Робототехниканы зерттеу студенттердің болашақта ізденісін одан әрі дамытуына ықпал етеді. Студенттер робот құрастыра отырып, өзінің автоматтандырылған құрылғыларын құрады, оларды қадағалайды және эксперимент жүргізеді, модельдің практикалық қолданылуын іздейді, ғылыми бағыттағы инженерлік мамандықтың іргетасын рухани байлықтарымен қалыптастырады. Студенттер нақты мақсат қойып, оған жетуге үйренеді, өмірдегі проблемаларды шешу үшін сыни ойлайды және шығармашылық дағдыларын қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алтынов Ж.И. Өнекәсіптік роботтардың механикасы: Оқу құралы. Алматы 2012ж
2. Макаров И. М., Топчиев Ю. И. Робототехника: История и перспективы. — М.: Наука; Изд-во МАИ, 2013ж.
3. Абушкин Д. Б. Педагогический STEM-парк МГПУ / Д.Б. Абушкин // Информатика и образование. ИНФО. – 2017ж
4. Алексеевский П.И. Робототехническая реализация модельной практико ориентированной задачи об оптимальной беспилотной транспортировке грузов / П.И. Алексеевский, О.В. Аксенова, В.Ю. Бодряков // Информатика и образование. ИНФО. – 2018ж
5. <http://roboreview.ru/nauka-o-robotah/istoriya-razvitiya-robototehniki.html> – история развития чс робототехник
6. <http://robot-ex.ru/ru/newscontent/razvitie-robototehniki-v-budushchem> – развитие робототехники в будущем

ФИЗИКАЛЫҚ ОҚУ ЭКСПЕРИМЕНТІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Егембердиева С.Ш. - ф-м.ғ.к., М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ
Қазақстан, Тараз*
*Кушкимбаева Б.Ж. – ф-м.ғ.к., М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ
Қазақстан, Тараз*
*Кадириμβетова А. - аға-оқытушы, М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ
Қазақстан, Тараз*
*Измуратов А.Р. - магистрант, М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ
Қазақстан, Тараз*

Аннотация: Бұл жұмыста физикалық оқу экспериментінде интерактивті тақта элементтері пайдаланудың мүмкіншіліктері мен ерекшеліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: интерактивті тақта, оқу эксперименті, әдіс, техника.

Физиканы оқыту процесінде демонстрациялық оқу экспериментін пайдаланудың маңызы зор.

Физикалық демонстрациялық эксперимент көрнекі оқыту әдісі болып табылады. Физиканы оқыту барысында көрнекіліктерді пайдалану тәсілі күннен-күнге дамуда.

Ғылыми техникалық прогресстің және қазіргі заманның оқыту құралдарының (интерактивті тақта және т.б.) өркендеуіне байланысты оқу процесінде көрнекіліктерді қолданудың мүмкіндіктері артауда.

Қазіргі кезде университеттер мен барлық орта оқу орындары интерактивті Smart тақтамен жабдықталған. Интерактивті тақта – компьютерге қосылған сенсорлық экран болып табылады. Кескін компьютерден тақтаға мультимедиялық проектор арқылы беріледі. [1, б. 59]

Ақпараттық технологияларды қолдану жұмысты автоматтандырады, өңделіп жатқан ақпараттың көлемін үлкейтуге мүмкіндік туғызады. Осы аймақтағы компьютерлік технологияларды қолданудың бір бағыты – білім беру сапасын арттыру үшін қолдану болып табылады. Интерактивті тақтаны сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап, қажетті ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал ретінде пайдаланады. Алдын-ала дайындалған оқу материалдары – презентациялар, флипчарттар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді. Сонымен, «Активті экран» кешенін қолдану оқыту үрдісінде жаңа дидактикалық мүмкіншіліктерді ашуға ықпал етеді.

Интерактивті оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы қажет, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде оқушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, алмасу жүргізеді, және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады, оны қызметтестік пен корпорацияның әлде қайда жоғары нысандарына ауыстырады. [2, б. 135]

Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың рухани бірігуі. Физика пәнінен оқу үдерісінде интерактивті тақтаны пайдалану қазіргі кездегі оқыту технологиялары мен педагогикалық әдістерді одан әрі дамыту мен жетілдіруге, соның ішінде физикалық демонстрациялық эксперименттің әдістері мен тәсілдерін әзірлеуге көптеген жаңа мүмкіндіктер ашады. Физика бойынша демонстрациялық экспериментте интерактивті тақтаны пайдаланудың үш тәсілі қарастырылады.

Физика бойынша оқу процесінде интерактивті тақтаны демонстрациялық виртуалды физикалық экспериментті (физикалық процестер мен құбылыстардың анимациялары, бейне тәжірибелер, физикалық компьютерлік модельдер ұйымдастыру үшін пайдалануға болады. Тақтаның сенсорлық экран мүмкіндіктерін қолдана отырып, студенттерге виртуалды

демонстрациялық экспериментті интерактивті режимде көрсетуге болады, ол мыналарды қамтамасыз етеді:

- арнайы маркердің көмегімен (интерактивті тақтадан шықпай) виртуалды демонстрациялық эксперименттің көрсетілімін икемді басқару, яғни виртуалды демонстрацияны бірден тоқтату және қайта бастау, оның барлық немесе кейбір бөліктерін бірнеше рет қайталау мүмкіндігі;

- көрсетілген физикалық экспериментте суреттердің фрагменттерін бөліп алу, арнайы маркермен жазбалар мен жазбаларды қолдану;

- физикалық модельдерді баяу немесе жедел көрсету, дыбыстық эффектілерді немесе дикторлық сүйемелдеуді қолдану ;

- желілік ресурстардан online-режимде эксперимент көрсету үшін интернетті пайдалану;

- виртуалды тәжірибені үлкейтілген немесе кішірейтілген режимдерде, үш өлшемді кеңістікте көрсету :

Демонстрациялық экспериментті ұйымдастырудың бұл тәсілі:

Сандық зертхананы пайдалану кезінде теріс факторлар бар. Нормативтік құжаттарға сәйкес АКТ-ны қолдану белгілі бір гигиеналық талаптарға сәйкес жүргізілуі керек, әйтпесе оларды негізсіз пайдалану баланың психикасы мен денсаулығына жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Неміс ғалымы Х. г. Рольф АКТ-ны оқытуға енгізуді зерттей отырып, бірнеше жағымсыз факторларды атап өтті:

- Басқа адамдармен байланыстың төмендеуіне байланысты оқушының эмоционалды дамуын басу.

Сөйлеу мәдениеті мен сауаттылық деңгейінің төмендеуі.

- Білім оқушыға жеңілдетілген түрде беріледі.
- Әлеуметтену процесі қоршаған адамдармен аз араласатын балада өте ұзақ уақыт өтеді.
- Білім алушылардың жас ерекшеліктері. Алынған материалды сәтті игеру үшін ол оқушылардың жасына бейімделуі керек.

- Оқушыларға ақпарат берудің әртүрлі тәсілдерін ұтымды пайдалану, оларды біріктіру немесе ауыстыру қажет.

Сонымен, кейде дәстүрлі жабдықтармен зертханалық жұмыстарды көрсетуге немесе жүргізуге болады, онда студенттер іс жүзінде зерттеу дәл мәндерге мүмкіндігінше жақын болуы үшін осы немесе басқа қондырғыны қалай жинау керектігін түсінеді. Алайда, сандық зертханалар студенттерді әртүрлі физикалық құбылыстармен неғұрлым жеңілдетілген түрде таныстыруға мүмкіндік береді, есеп беру де жеңілдейді. Бұл жағдайда зерттелетін процестер мен физикалық құбылыстардың мәніне көбірек көңіл бөлуге болады. Ең бастысы, цифрлық зертханалар көптеген дәстүрлі құрылғыларды ауыстыруға мүмкіндік береді, ал білім алушылардың білім алу процесі интеграцияланған және заманауи болып келеді.

Қорытынды

Сандық зертханалардың пайда болуы мектептегі физика кабинетін дамытуда жаңа дәуірдің басталуын белгіледі. Оларды қолданудың ыңғайлылығына байланысты оқу процесі құбылыстың мәні туралы түсінікке бағытталған болады. Жабдықты орнатуға және есептерді толтыруға көп уақыт жұмсаудың қажеті жоқ, бәрі біріктірілген және жеңілдетілген болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т. «Электрондық оқыту ортасында педагогтардың құзырлығын қалыптастыру» /Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т.// Алматы. - 2012. – Б. 173 -179.

2. Прайс-лист на цифровые лаборатории SenseDisc / ООО «Аскрин». – СПб. – 2017. – С. 3.

3. Компания PhyLab.ru, Учебное оборудование [Электронный ресурс]. URL: <http://www.phylab.ru/about-company> (Дата обращения: 20.03.2017).

4.Relab Point [Электронный ресурс]. URL: <http://www.relab.ru/company/> (Дата обращения: 20.03.2019).

5.PASCO [Электронный ресурс]. URL: <https://www.pasco.com/physics/> (Дата обращения: 20.03.2019).

6.Цифровая лаборатория Архимед 4.0. Лабораторные работы по физике. – М.: ИНТ. – 55 с. (15 экспериментов).

АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫН БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Майлыбаева А.
Мұхамедияр Н.Е.*

*Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті*

Қазіргі заманда ақпараттандыру өміріміздің барлық саласына, соның ішінде білім саласына да өз ықпалын көрсетуі сөзсіз. Ақпараттандыру құралдарының оқудағы мақсаты - білім беру және меңгеру, ақпаратты өңдей және меңгере алу қабілеті, жаңа білімді алу үшін ақпарат алмасу және қолдану.

Білім саласында ақпараттандыру құралдары тек информатика сабағында емес, басқа пәндерде де қолданылып отыр. Мысалға айтатын болсақ География, Физика пәндерінде әртүрлі физикалық құбылыстарды оқушыларға бейнеролик, сурет ретінде түсіндіруге, Биология сабағында анатомиялық суреттерді әртүрлі масштабта көрсетуге болады. Бұл әдіс оқушылардың тек қана ауызша түсіндіруімен шектеліп қана қоймай, сабақты қызықты өткізуге, ақпаратты көзбен есте сақтап қалуына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде электронды құралдарды пайдалану үшін әртүрлі көзқарастар қалыптасқан.

Бүгінгі таңда, көптеген зерттеушілер атап өткендей, оқушылар мен мұғалім арасындағы байланысты құрудың негізгі және тиімді әдістерінің бірі - визуализация, әр түрлі графикалық модельдер жиынтығы арқылы оқушылардың оқу материалын қызықты, әр түрлі форматта өткізуге ыңғайлы. Графикалық модельдер оқушыларға белгілі бір ақпаратты "сапалы" жеткізуге мүмкіндік береді, яғни оқушыларға ақпаратты тек есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің не айтқысы келетінін түсінуге және ұзақ уақыт бойы айтқандарын есте сақтауға, болашақта осы білімді жеке пән аясында кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытудың бұл тәсілі танымдық іс-әрекеттің теориялық және практикалық құзыреттерінің жиынтығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда қазіргі отандық және шетелдік әдебиеттерде "визуализация" және "оқу материалын визуализациялау" деген бірдей ұғым жоқ. Осыған сәйкес, зерттелетін сұрақ аясында, біз оқу процесін ұйымдастыруын түсінуде жиі қолданылатын "визуализация" анықтамасының негізгі түсіндірмелерін қарастырамыз. Ең алдымен, бірқатар зерттеушілер, атап айтқанда Э. Г. Азимов, А. Н. Шукин, А. А. Акиншина және т. б. ғалымдар жалпылаған түрде визуализация дегеніміз-белгілі бір материалды ақпараттық тарату әдісі, оның таратылатын материалдары графикалық суреттермен көрсетуден тұрады: суреттер, диаграммалар, графиктер, карталар және тағы басқа. Осыған байланысты визуализация визуалды емес (нашар сезілетін) ақпаратты түсіндірудің таптырмас әдісі болып табылады.

Оқыту технологиялары әрқашан оқыту психологиясының жаңа теорияларына негізделген. XX ғасырдың екінші жартысы қоғамның барлық аспектілерінің дамуына - дербес компьютердің және заманауи байланыс құралдарының пайда болуына әсер етті. Технология сөзі гректің "techne" сөзінен шыққан, ол "өнер", "шеберлік" дегенді білдіреді. Белгілі бір тұрғыдан алғанда, аталған ұғымдардың барлығын процестер ретінде түсіндіруге болады. Процесс әдетте мақсатқа жетуге бағытталған белгілі бір әрекеттер жиынтығын білдіреді. Технология материалдың сапасын немесе бастапқы күйін өзгертеді. Ақпарат пайдалы қазбалар оның ішінде мұнай, газ сияқты табиғи байлықтармен қатар қоғамның ең құнды ресурстарының бірі болып табылады. Ақпараттық технология — бұл объектінің, процестің немесе құбылыстың жай-күйі туралы жаңа сапалы ақпарат алу үшін бастапқы ақпаратты өңдеу және беру құралдары мен әдістерінің жиынтығын қолданатын процесс. Материалдық өндіріс технологиясының мақсаты - адамның немесе жүйенің белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыратын өнім шығару. Қазіргі қоғамда ақпаратты өңдеудің негізгі техникалық құралы жеке компьютер болып табылады. Дербес компьютерді ақпараттық салаға енгізу және телекоммуникацияларды пайдалану ақпараттық технологияны дамытудың жаңа кезеңін анықтады, ол осы сәттен бастап "жаңа", "компьютер" атауын алады. "Жаңа" анықтамасы осы технологияның эволюциялық сипатына емес, түбегейлі

жаңашылдыққа басты назар аударады. Оны енгізу мекемелер мен ұйымдардағы әртүрлі қызмет түрлерінің мазмұнын айтарлықтай өзгертеді. Жаңа ақпараттық технологиялар саласында телефон, телеграф, теледидар, факс және т. б. сияқты түрлі құралдармен ақпарат беруді қамтамасыз ететін коммуникациялық технологиялар да бар. "Компьютер" анықтамасы ақпараттық технологияны іске асырудың негізгі техникалық құралы компьютер екенін көрсетеді. Компьютерлік ақпараттық технологияның үш негізгі қағидасы бар: — компьютермен интерактивті (диалогтық) жұмыс режимі; — басқа бағдарламалық өнімдермен интеграция; — деректер мен тапсырмаларды икемді өзгерту. Ақпараттық технология, кез келген басқа технология сияқты, мынадай талаптарға жауап беруі тиіс: - ақпаратты өңдеудің барлық процесін кезеңдерге (фазаларға), операцияларға, іс-әрекеттерге бөлудің жоғары дәрежесін қамтамасыз етуі; - қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті элементтердің барлық жиынтығын қамтуы; - тұрақты сипаты болуы тиіс. "Ақпараттық технология" ұғымына бірнеше анықтамалар мысал келтірейік. Ақпараттық технологиялар (АТ) деп электрондық құралдардың көмегімен ақпаратты жинақтау, өңдеу, ұсыну және пайдалану процестері түсініледі. Олар жүзеге асырылатын ортамен және оның құрамдас бөліктерімен сипатталады:

— техникалық орта (негізгі міндеттерді шешу үшін пайдаланылатын техниканың түрі);

— бағдарламалық орта (іске асыруға арналған бағдарламалық құралдардың жиынтығы);

— пәндік орта (ғылымның, техниканың, білімнің нақты пәндік саласының мазмұны);

— әдістемелік орта (нұсқаулықтар, пайдалану тәртібі, тиімділікті бағалау және т.б.).

Қазіргі заманғы Ақпараттық технология негізін мыналар құрайды: — берілген алгоритмдер бойынша ақпаратты компьютерлік өңдеу; — ақпараттың үлкен көлемін машиналық тасығыштарда сақтау; - ақпаратты шектеулі уақытта кез келген қашықтыққа жіберу. Ақпараттық технологиялар құралдары-пайдаланушымен қойылған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық өнімдер жиынтығы. АКТ құралдарына мысалы, жалпы мақсаттағы барлық белгілі бағдарламалық өнімдер кіреді: мәтіндік процессор (редактор), жұмыс үстеліндегі баспа жүйелері, электрондық кестелер, дерекқорды басқару жүйелері, электрондық дәптерлер, электрондық күнтізбелер. Ақпараттық жүйе құрамдас элементтері компьютерлер, компьютерлік желілер, бағдарламалық өнімдер, деректер базасы, адамдар, әртүрлі техникалық және бағдарламалық байланыс құралдарынан тұратын орта болып табылады. Ақпараттық технологияны игеру және оны одан әрі пайдалану үшін ең алдымен саны шектеулі қарапайым операциялар жиынтығын игеру керек екенін түсіну керек. Технологиялық кезеңдер жиынтығы технологиялық процесті (технологияны) құрайды.

Қазіргі уақытта білім беру жаңа ақпараттық ғасырдың басты құндылығы болып табылады. Алайда, дәстүрлі оқыту әдістері мен құралдары жоғары мектеп түлектерінің дайындық деңгейіне қойылатын жоғары талаптарды орындау үшін жеткіліксіз. Ғылыми-техникалық прогрестің жоғары қарқынды дамуы әртүрлі салаларда жұмыс істейтін мамандардың білімінің тез ескіруіне алып келеді, бұл олар үшін өмірдің барлық белсенді кезеңінде білім беру процесін жалғастыруды қажет етеді. Адамның білім алуын қиындататын немесе оған мүмкіндік бермейтін басқа да жағдайлар бар, атап айтқанда, денсаулығына байланысты шектеулер, үйден тыс жерде оқу, қаражаттың жеткіліксіздігі және т. б. Білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың өсуіне жауап ашық білім беру тұжырымдамасының пайда болуы, оның мақсаты білім алушылардың ақпараттық қоғам жағдайында қоғамдық және кәсіби салаларға толық және тиімді қатысуға дайындау болып табылады. Ашық білім беру бірқатар негізгі принциптерге негізделген, оның ішінде білім алушының оқу орнын, уақытын және қарқынын таңдаудағы, оқу сабақтарын жоспарлаудағы еркіндігі. Ашық білім беру білім сапасын арттырады және білім беру қызметтеріне сұраныс пен ұсыныс арасындағы қайшылықты шешеді деп болжанады. Ашық және үздіксіз білім беру қағидаттары қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген қашықтықтан оқытудың көптеген әдісін қолданған кезде ғана іске асырылуы мүмкін. Қазіргі кезде "Қашықтықтан білім беру" термині әлемдік білім беру лексиконына енген болатын. Соңғы үш онжылдықта қашықтықтан оқыту әлемнің көптеген елдерінде білім беру әдісін өзгерте отырып, білім беру және ақпараттық мәдениеттің жаһандық құбылысына айналды.

Егер "қашықтықтан оқыту" "қашықтықта" дегенді білдірсе, онда бұл қашықтықта білім беру туралы, яғни оқушы мен мұғалім, кем дегенде, әдетте, бір аудиторияда емес, бір — бірінен едәуір қашықтықта оқуға болатын оқу процесінің түрі. Кейбір зерттеушілер қашықтықтан оқыту қашықтықтан білім берудің құрамдас бөлігі деп санайды. Қазіргі кезеңдегі қашықтықтан оқыту технологиясы - бұл қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде қашықтықтан оқу процесін жүргізуді қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен құралдарының жиынтығы. Қашықтықтан оқытудың міндеті - оқушымен тікелей тұрақты байланыссыз оқыту. Қашықтықтан білім берудің тән белгілері: икемділік, модульділік, экономикалық тиімділік, оқытушының жаңа рөлі, білім беру сапасын мамандандырылған бақылау, мамандандырылған технологиялар және оқыту құралдары.

Цифрлық технологиялар сабақтарды тиімді, тартымды және білім алушылар үшін есте қаларлықтай етуге мүмкіндік береді, демек, оқуға деген қызығушылықты арттырады. Балалар жобаны орындау арқылы бірлесіп жұмыс істей алады. Мұғалімге интернет қызметтері оқуға шығармашылықпен жүгінуге мүмкіндік береді. Оқу процесінде цифрлық технологияларды пайдалану-бұл оқу процесін жеңілдетуге, оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығын арттыруға, оқу идеяларын жүзеге асыруға, оқушыларға өз бетімен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Информатика сабақтарында мынадай бағдарламаларды қолдануға болады: Google сервисінің қызметтері барлық пайдаланушылар үшін тегін. Барлық деректер бұлтта сақталғандықтан, сіз олардың қауіпсіздігіне алаңдамайсыз. Құжатты кез келген құрылғыда ашуға болады. Оқушылар қандай-да бір жоба бойынша бірге жұмыс істеген кезде, мысалы, презентация үшін материалдар жинағанда, олар бірлесіп әртүрлі құрылғыда қолдана алады. Мұғалім үшін бұл кері байланысты жүзеге асырудың тәсілі.

Информатика мен АКТ-ның негізгі курсы оқу кезінде көптеген бағдарламалар қарастырылады және игеріледі. Көпшілігінде интернет – сервистер түріндегі аналогтары бар, олар білім беру процесіне қатысушы Интернет желісі болған кезде кез келген жерде, қолдануға мүмкіндік береді. Информатика кабинетінде мектеп компьютерінің бағдарламалық жасақтамасын толық алмастыра алатын интернет қызметтерін қарастырайық. Пәнді зерттеудің кез-келген кезеңінде интернеттегі қолданбалы қызметтерді ауыстыруға болады.

Офистік өңдеу бағдарламасы ретінде Word-ты қолданамыз, бірақ аналог ретінде WordPad, OpenOffice, LibreOffice, WPS Office қолдануға болады. Презентаци, слайд көрсеткенде PowerPoint бағдарламасының орнына Prezi, PictoChart, Cahoot қолдануға мүмкіндік бар. Ал сабақты қызықты, жаңа форматта өткізуге Kahoot, Quizizz, Classtime бағдарламалары мұғалімге көмек.

Қазіргі кезде мектепте информатика және АКТ сабақтарында интернет сервистерін пайдалану мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

- білім алушылардың пәнге деген ынтасын арттыруға;
- информатика және АКТ материалдарын және басқа да жалпы білім беретін пәндерді өз бетінше меңгеруге дайындауына ;
- практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті нақты білімді меңгеруіне;
- оқушылардың интеллектуалды дамытуына;
- оқушылардың коммуникативтік тәжірибесін жоғарылатуға;

Қорытындылай келе, электрондық білім беру ресурстарын оқу процесіне енгізе отырып, толыққанды енгізу дәстүрлі оқыту әдістерін үйлесімді түрде толықтыруға және біріктіруге, оқушының өзіндік оқу жұмысында мүмкіндіктерін кеңейтуге және мұғалімнің қызметіндегі шығармашылық жетістіктерінің өсуіне мүмкіндік беретінін атап өткім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш. Т., Барсай Б. Т. «Оқытудың қазіргі технологиялары» Алматы, 2005.
2. Әбдіғалиев Қ. «Осы заманғы педагогикалық технологиялар» – Алматы, 2004.
3. Өстеміров К. «Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары» – Алматы, 2007.
4. Пегов А.А., Пьяных Е.Г. «Қазіргі заманғы ақпараттық және оқу үрдісіндегі коммуникациялық технологиялар»
5. Захарова, И. Г. Білім берудегі ақпараттық технологиялар: - М.: Академия, 2005.

STEAM-ОҚИТУДЫ 8-СЫНЫПТЫҢ ГЕОМЕТРИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мендигалиева Г.М. -

*М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті
«Математика педагогын даярлау» М010 тобының 2-ші курс магистранты*

Ғылыми жетекші: Жумағалиева А.Е. -

*Физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті*

Аңдатпа. Мектепте STEAM-оқытуды жүзеге асырудың бірден-бір жолы – сабақтарда кіріктірілген тапсырмаларды қолдану. Себебі мұндай тапсырмалар пәннің қолданбалы жағын ашуда, алған білімді күнделікті өмірде қолданылуын көрсетуде маңызды. Мақалада 8-сыныптың Геометрия пәнінде орындалуға болатын кіріктірілген тапсырмалардың бірнешеуі келтіріліп, бір есептің шығарылу үлгісі берілді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының қолданысқа енуі еліміздегі көптеген ұстаздардың, әсіресе 5 жылдан жоғары еңбек өтілі бар мұғалімдердің өзінің қызметіне жаңашылдықты енгізіп, бұрынғы қалыптасқан дәстүрлі сабақтардан бас тартуына әкелді. Ұстаздарға туындаған жаңа мәселені шешу үшін біліктілік арттыру курстары, семинарлар мен конференцияларға қатысып қана қоймай, жан-жақты ізденуін бұрынғыдан екі есе арттыру қажет болды. Осындай дағдарыс кезеңінде бізді «Теориялық ақпаратты жетік меңгеру емес, алған білімінді қолдану, креативтілік маңызды машыққа айналатынын біле отырып, сабақта жәй ғана есеп шығарта беру дұрыс па?» деген ой мазалай бастады. Әріптестерімізбен сабақтарда мүмкіндігінше шағын жобалық жұмыстар ұйымдастырып, пәннің қолданбалы жағын ашу барысында іздене бастадық. Осындай ізденіс кезінде ең алғаш 2015 жылы STEAM-оқыту деген түсінікпен таныстым.

STEAM сөзі ғылым (science), технология (technology), инженерлік (engineering), өнер (art) және математика (mathematics) деген сөздердің ағылшын тіліндегі нұсқасының бірінші әріптерінен құралған. Демек STEAM-оқыту аталған академиялық салаларды кіріктіре отырып оқыту дегенді білдіреді. [1] Пәндерді математикамен кіріктіріп оқыту немесе математиканы оқытуда оның қолданбалы жағын ашу оқушының математикалық білімінің тереңдеуіне ықпал етеді. Ал математикалық білімі жоғары тұлғаларға техникалық, соның ішінде қазіргі заманауи мамандықтарды игеру анағұрлым жеңілрек. Сонымен қатар математикалық сауаттылықтың жоғары болуы мансаптық өсудің әртүрлі мүмкіндіктерін ашатыны белгілі.

Сонымен қолданбалы есептер, кіріктірілген тапсырмалар жинақтауды мақсат етіп, іске кірістік. Жинақталған материалдарды жүйелеп, оқыту үрдісінде қолдана бастадық. «Өмірдің қуанышы көп алуында емес, басқаларға көп беруінде, білім мен тәжірибенді халыққа таратуында» деп Б.Момышұлы айтқандай, сіздермен өз жұмысымыздың шағын бөлігімен бөлісуді жөн көріп отырмын.

Жинақталған, құрастырылған есептерді жүйелеу үшін оқу бағдарламаларының *Ұзақ мерзімді жоспарлары* қолданылды. Төменде кестеде 8-сыныптың Геометрия пәні бойынша *ҰМЖ* беріліп отыр. [2]

Тарау	Тақырыптар	Есеп
8.1А Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу	Көпбұрыш. Дөңескөпбұрыш	№1
	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері	
	Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер	№2
	Трапеция, оның түрлері мен қасиеттері. Трапеция мен үшбұрыштың орта сызықтары	№3
	Үшбұрыштың тамаша нүктелері	№4
8.2А Тікбұрышты үшбұрыштың	Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының тригонометриялық функциялары. Пифагор теоремасы	№5, №6


қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар	Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер	№7
	Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу	
8.3А Аудан	Фигураның ауданы және оның қасиеттері	№8
	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары	
8.4А Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі	Жазықтықтағы координаталар әдісі	
	Мәтінді есептерді шығару	

Енді осы тақырыптар бойынша қолданылған тапсырмаларға шолу жасайық.


№1. «Дастархан».

Бұл тапсырма оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, олардың сыни ойлауына, шығармашылығының дамуына ықпал етеді. Тапсырманы тік төртбұрыш туралы біліктіліктері қалыптасқаннан кейін, жұптық жұмыста орындату ұсынылады.

Үстелге дастархан төсеудің қабылданған ережелеріне сәйкес, ол үстелде жай ғана жатпауы керек, үстелдің жан-жағынан белгілі бір ұзындыққы түсіп тұруы қажет. Дастарханның қандай ұзындыққы түсіп тұруының өз себептері бар (суретті қараңыз).



Бақыттың ас үй бөлмесіндегі және Жайнаның жұмыс жасайтын асханасындағы үстелдердің өлшемдері төменде суретте көрсетілген:



1) Екеуі де күнделікті қолдануға дастархан сатып алмақшы болды. Әрқайсысы алатын дастархан өлшемі қандай болуы керек?

2) Төмендегі кестені қолданып, Бақытқа қонақ келгенде төсейтін, ал Жайнаға ресми қабылдауға жаятын дастархандар таңдаңыз.

Дастархан атауы	Өлшемі	Бағасы, тг
«Оюлар»	150´ 200	9 990
«Геометриялық пішіндер»	140´ 180	8 250
«Гүлдер»	150´ 230	11 460

3) Әр сатып алушы екі дастархан үшін қанша төлейді?

4) Сен орама клеенка өндіретін цехтің бас маманысың делік. Бақыт күнделікті қолданатын 1 дастарханға, ал Жайнаға арнайы қабылдаулар үшін 10 дастарханға тапсырыс берді. Екеуінееш қалдықсыз бір ғана орам сату үшін оның (орамның) өлшемдерін қалай жасар едің?

№2. «Жобалау».


Бұл тапсырманы пропорционал кесінділер тақырыбын өткенде үй тапсырмасы ретінде ұсынуға болады. Себебі оқушы bilimland.kz сайтындағы мәліметтерді қайталайды және

тапсырмадағы сұраққа жауап беру үшін оны қолданады. Тапсырма оқушыны іздемаздыққа баулуға, шығармашылығын дамытуға бағытталған.

Айжан өнер үйірінде «сызықтық перспектива» көмегімен сурет салуды үйренді. Сабақта барлық суреттер графикалық планшет арқылы орындалғандықтан, ешқандай есептеулер жүргізілмеді. Енді оған суретті өз қолымен салу үшін пропорционал кесінділер туралы қайталау керек.

1) bilimland.kz сайтында берілген «Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер» тақырыбын қайталаңыз және сайттағы тапсырмаларды орындаңыз.[3]

2) Бір-біріне параллель орналасқан бишілердің сызықтық перспективада орналасуын А4 параққа салу керек. Ол үшін алдыңғы екі бишіні дұрыс сызып алу қажет. Суретте берілген мәліметтерді қолданып, алғашқы екі бишінің аяқтарының арақашықтығы қандай болу керек екенін анықтаңыз.



3) Осы суреттегі алғашқы үш бишіні берілген қашықтықтарды сақтай отырып А4 параққа салыңыз.

№3. «Су бұрқағы»

Тапсырма оқушылардың жобалау, сыни ойлау, дәлелдеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Оны трапецияның түрлерімен танысатын сабақта шағын топтық жұмыста орындатуға болады.


Саябақтағы су бұрқағының сақина пішінді жиегін тең теңбүйірлі трапециялар тәрізді қыш тақтайшалармен безендіру жоспарланды. Тақтайшалар бір-бірімен бүйір қабырғалары арқылы біріктірілді.

1) Егер трапеция бұрыштары 80° және 100° етіп алынса, осындай біріктіру орындала ма?

Жауабыңызды дәлелдеңіз.

2) Біріктіруге қанша қыш тақтайша қолданылуы мүмкін?

3) Дәл осы су бұрқағының жиегін басқа қандай фигуралармен безендірер едің? Олардың өлшемдері туралы айта аласың ба?




№4. «WI-FI роутер»

Тапсырма үшбұрыштың орта перпендикулярларының қиылысу нүктесін қолдануға бағытталған. Жетелеуші сұрақтар көмегімен ұжымдық не топтық талқылаулар ұйымдастыруға болады. Тапсырма оқушылардың инженерлік қабілетін арттыруға, сыни ойлауды дамытуға әсер етеді.

Ауылды интернетпен қамту үшін маршрутизатор орнату керек. Ауылдың картасын қолданып, роутер орнатылатын орынды қалай анықтауға болады?



Шешуі: Ауыл картасы бойынша барлық үйлер үшбұрыш пішінді фигура ішінде орналасқанын байқаймыз. Демек картада сол жақ жоғары, оң жақ жоғары бұрыштардағы және ең төменде орналасқан үйлер арқылы үшбұрыш салып, оның орта перпендикулярларының қиылысу нүктесін табамыз:



Анықталған нүкте үшбұрыш төбелерінен бірдей қашықтықта орналасатынын дәлелдейік. Ол үшін үшбұрышты ABC деп белгілеп аламыз, O – орта перпендикулярлардың қиылысу нүктесі, A_1, B_1, C_1 сәйкесінше BC, AC, AB қабырғаларының орталары.


$AC_1 = C_1B$ және OC_1 ортақ қабырға болғандықтан, OAC_1 және OBC_1 тікбұрышты үшбұрыштары тең болады. Бұдан AO мен BO кесінділерінің тең екендігі шығады. Дәл осылайша $DOAB_1 = DOCB_1$ болғандықтан, $OA = OB$. $DOCA_1 = DOBA_1$ бойынша $OB = OC$.

Сонымен $OA = OB = OC$, яғни A, B, C нүктелері O нүктесінен бірдей қашықтықта орналасқан. Егер O нүктесін центр, ал радиусты OA -ға тең етіп шеңбер салсақ, ауылдың барлық үйлері сол шеңбермен қамтылады. Басқаша айтқанда, роутерді O нүктесі тұрған жерге орналастыру керек.

№5. «Кім жылдам»

Тапсырма физика пәнімен байланысты көрсетеді. Сұраққа жауап беру үшін алдымен Пифагор теоремасы көмегімен белгісіз жол ұзындығы, содан соң жол мен жылдамдық арқылы уақытты анықтайтын физикалық формула қолданылады.


Ауылдан 10 км жерде орналасқан шаруа қожалығына бір уақытта велосипедші мен мотоциклші шықты. Тұрақты 24 км/сағ жылдамдықпен қозғалған велосипедші тіке жайын жолмен жүрді. Ал мотоциклші тұрақты 35 км/сағ жылдамдықпен қозғала отырып, алдымен 8 км-лік, содан соң тіке солға бұрылып қожалыққа дейінгі асфальт жолмен жүрді. Екеуінің қайсысы қожалыққа бұрын келеді және қанша уақытқа?



№6. «Шатыр»

Тапсырма жай ғана Пифагор теоремасын қолдану дағдысын дамытуға емес, сондай-ақ құрылыста қолданылатын бірқатар ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Сабақта габельді шатыр, итарқа, балкалар туралы қысқаша мәлімет ұсынуға болады.

Үйлер мен коттеждерді салуда балкалары орнатылып қойған габельді шатырдың ұзындығын анықтау туралы мәселе жиі туындайды. Мысалы, көлденең қимасы суретте көрсетілгендей габельді шатыр салу жоспарланған. Егер $AC = 8$ м, $DB = 2DF$ және балкалардың (AB, BC, BF) ұзындықтары тең болса, онда итарқалардың (стропил) ұзындығын табыңыз.




№7. «Жерді өлшеу»

Тапсырма география пәнімен байланысты көрсетеді. Оқушылар «астролябиямен» танысып, өз қолдарымен оны жасап көреді, яғни зерттеушілік, жобалаушылық дағдылар дамиды және сол құрал көмегімен қол жетпейтін биіктікті өлшеу тәжірибесін орындайды. Ғаламторда берілген астролябияны жасаудың бірнеше нұсқаларын көрсетіңіз. Тапсырманы орындауда калькулятор қолданыңыз.

1) twig-bilim.kz сайтынан «Жерді өлшеу» фильмін тамашалаңыз. Фильмде Парсы ойшылдарының осыдан 1000 жылдан астам уақыт бұрын Жер шеңберінің ұзындығын тек таулар мен тригонометрияны қолдану арқылы қалай есептегені туралы айтылады.

2) Жұмыс дәптерлеріндегі тапсырмаларды орындаңыз [4]

3) Астролябия – астрономдардың, саяхатшылардың, матростардың, құрылысшылардың құралы. Ежелгі Грецияда бұрыштарды өлшеу үшін ойлап табылды. Бұл құрылғы негізінен мыс қорытпасынан жасалады. Бүгін сен оны картоннан, фанерадан немесе пластиктен өзін жасап көр.




№8. Аудан

Тапсырмада берілген қосымшаларды көпбұрыштардың ауданын есептеудің алғашқы сабақтарынан бастап қолдануға болады. Өйткені бұл қосымшалар тақырыпты тез әрі жеңіл

меңгеруге ықпал етеді. Тапсырманың 3) бөлімінде физикамен байланысты есеп берілген. Есеп шарты бойынша ең көп мөлшердегі жарық терезе ауданы ең үлкен болғанда түсетінін балалар жақсы түсінуі керек. Сұраққа жауап беруде квадраттық функция тақырыбындағы біліктіліктері қолданылады.

- 1) <https://www.mathsisfun.com/geometry/area-polygon-drawing.html> қосымшасы арқылы көпбұрыштардың ауданын есептеуді қайталаңыз.



- 2) Фигураны бірнеше бөліктерге бөліп аудан есептеу тәсіліне зерттеу жасаңыз: <https://bilimland.kz/kk/courses/simulation/matematika/lesson/audandy-esepteu-1>.

3) Периметрі 12 м тіктөртбұрыш пішінді терезеден ең көп мөлшерде жарық түсуі үшін оның өлшемдерін қандай етіп алған тиімді?

4) Пифагор теоремасын аудандар арқылы интерактивті басқатырғыш көмегімен дәлелдеңіз: <https://etudes.ru/etudes/pythagorean-theorem/?ref=thematic>

Кіріктірілген тапсырмаларды математика сабақтарында қолдану

- ең алдымен оқушының оқуға қызығушылығын арттырады;
- танымын кеңейтеді;
- жаңалық ашуға ынтасын, креативтілігін арттырады;
- сыни ойлауын тереңдетеді;

- теория мен практиканың арасындағы байланысты нақты көрсетуге және сол арқылы оқушыны жан-жақты болуға бағыттайды.

Д. Стефенс «Математика сандар мен есептеулер жүйесі ғана емес; бұл күрделі пайымдаудың негізін ұсынатын сала» дегендей, сабақта бір типті есептерді шығара беруден гөрі, тақырыптың қолданбалы жағын ашатын тапсырмаларды қолдану және оларды орындау барысында жұптық/топтық жұмыстарды ұйымдастыру тиімді болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Ал осы ретте STEAM-оқыту ең дұрыс бағыт. Нақты өмірдегі нақты проблемаларды шешуге баланы үйрету ұстаз үшін ең басты міндет болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. «STEAM – білім беруді дамытудың өзекті аспектілері»: облыстық ғылыми – әдістемелік конференцияның материалдар жинағы. – Шымкент: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы, 2020 ж. – 304б.
2. <http://smk.edu.kz/Bank/Show/125547>, 17-19 б
3. <https://bilimland.kz/kk/subject/geometriya/8-synyp-beyimdi-oqytu/fales-teoremasy-proporcional-kesindiler-turaly-teorema--13419?mid=%info%>
4. <https://twig-bilim.kz/kz/film/measuring-the-earth>
5. PISA зерттеулерінің әртүрлі жылдардағы есептер жинағы

ӘОЖ. 371.31

БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛДЕРІН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

*Мухамбетова Ф.Г. - аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚУ
Орал қ.*

Аннотация. Мақалада бағдарламалау тілдерін оқытудың маңыздылығы мен ондағы орын алған мәселелер қарастырылған. Бағдарламалауды қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын заманауи компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктері келтірілген.

Түйінді сөздер: қашықтан оқыту, бейне дәріс, нысанды-бағдарлы бағдарламалау, компьютерлік жоба, жоба коды.

Информатика пәнінің негізгі бөлімі болып бағдарламалау тілдерін оқыту саналады. Информатика пәнінен пәндік олимпиадалар да бағдарламалау тілінен өткізіледі. Бағдарламалау тілдерін жетік меңгеру ақпараттық технологияның қарқынды дамуы кезеңіндегі басты талап болып табылады. Бағдарламалау тілдерін оқыту арқылы білім алушылардың алгоритмдік және шығармашылық ойлауы қалыптасады.

ЖОО мен мектеп информатикасында бұрындары C++ бағдарламалау тілі оқытылып келсе, соңғы жылдары орта мектептің информатика пәнінің оқу жоспарына Python бағдарламалау тілін оқыту енгізілген. Бұрынғыдай бағдарламалау тілі 9-сыныптан бастап емес, 6-сыныптан бастап жаңартылған бағдарламаға сәйкес спиральды тәсілмен оқытылады. Бағдарламалаудың ортаңғы сыныптан бастап оқытылуы құптарлық жағдай болғанмен, бұл бөлімді оқытуда әлі де болса қиыншылықтар мен шешілмеген мәселелер жетерлік.

Компьютерлік техниканың дамуымен бірге бағдарламалаудың әдістемесі мен технологиясы да дамыды. Алдымен командалық және операторлық бағдарламалау пайда болып, құрылымдық бағдарламалау жете дамыса, ал соңғы уақытта – нысанды-бағдарлы және визуалды бағдарламалауды оқытуға көп көңіл бөлінуде. Бұл бағдарламалау тілін оқыту “Информатика”, “Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету”, “Ақпараттық жүйелер” білім беру бағдарламасының оқу жоспарына енгізілген. Төменгі курста C++ құрылымдық бағдарламалау тілін меңгерген студенттер бұл тілдердің нысанды-бағдарлы кеңейтілулері болып табылатын C++ Builder, C# сияқты нысанды- бағдарлы бағдарламалау (НББ) тілдерін қолданып, Windows-қа арналған әртүрлі жобалық қосымшалар жасауды жүзеге асырады. Ол күнделікті зертханалық жұмыстарды орындаудан басталып, шығармашылық жұмыстарда жалғасын табады.


Құрылымдық бағдарламалауға қарағанда нысанды- бағдарлы бағдарламалау студенттердің қызығушылығын туғызып, бағдарламалауға деген құлшынысын арттырады. Windows-қа негізделген қосымшалар жасау студенттердің өз іс-әрекетіне деген сенімділігін туғызып, оларды өз бетінділікке, шығармашылыққа тәрбиелейді.

Бүкіл әлемде орын алған пандемияға байланысты еліміздегі барлық оқу орындары білім саласына байланысты бекітілген жарлыққа сәйкес 2020 жылдың 15 наурызынан бастап қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Қашықтықтан оқыту кезінде білім алушы мен білім беруші арасында АКТ және телекоммуникациялық құралдар қолданылады. Қашықтан оқытуда Moodle, Platon білім беру порталдары қолданылса, студентке дәріс, практикалық сабақтарды оқыту Zoom, Google Meet платформасында жүзеге асты. Бағдарламалау пәнін оқып үйрену Dev C++, Python, C++ Builder, C# бағдарламалау ортасында орындалады. MS Office-тің қолданушы бағдарламаларын оқытумен салыстырғанда соған ұқсас Windows-қа негізделген қарапайым қосымшаны жасап шығаратын бағдарламалауды оқыту өте қиын болып табылады. Орта мектепті бітіріп келген оқушылардың көпшілігі компьютер қолданушысы болғанмен бағдарламалауға келгенде білімдерінің өте нашарлығын көрсетеді. Оның себебі, бағдарламалауды 1 тоқсанда ғана үстіртін оқуы және информатика пәнінен аптаға бөлінген сағаттың өте аздығы деп ойлаймын. Екінші жағынан, бағдарламалау оқушыдан математикалық білім мен алгоритмдік және логикалық ойлауды талап етеді. Кез келген оқушыда мұндай қасиет болмауы мүмкін. Сондықтан, қашықтан оқытудан бұрын оффлайн режим кезінде де оқушылар мен студенттерге бағдарламалауды оқытудың қиыншылықтары жетерлік.


Осындай мәселелерді шешу мақсатында қашықтан білім беру кезінде көптеген жұмыстар атқарылды. Атап айтсам, қашықтан оқыту жағдайында Python, C++ Builder, C# бағдарламалау тілінен көптеген бейне дәрістер түсіріліп, олар youtube каналға салынды. Әр сабақта youtube каналға салынған бейне дәрістің адресі сілтеуі студенттерге жіберіліп отырылады.

(мысалы: <https://studio.youtube.com/video/sBD4NjVrdNw/edit>).

Төменде studio.youtube.com сайтындағы youtube каналдың бастапқы беті мен C++ Builder НББ тіліндегі бейне дәріс интерфейсі көрсетілген (1,2-суреттер).



1- сурет. youtube каналдың бастапқы бет интерфейсі



2- сурет. youtube каналдағы бейне дәріс беті

Бейне дәрістерді қолдану оқытылатын оқу материалын көрнекі түрде көрсетіп қана қоймай, студенттерге білімді тез және оңай меңгеруді жүзеге асырады және сыни тұрғыда ойлау мен өз бетінше шешім қабылдауға үйретеді. Студенттердің бейне дәрісті бірнеше рет қайталап көруіне мүмкіндік туады. Түрлі себептерге байланысты сабаққа қатыса алмаған студент үшін де бейне дәрістің пайдасы көп болып табылады. Бұл бейне дәрістерде теориядан гөрі, практикалық білім көбірек беріледі. Бағдарламалау ортасына кіріп, бағдарламалау тілінде код жазудың дағдылары қалыптастырылады.

Бағдарламалау тілін қашықтан оқытуда кері байланысты, яғни студенттің әр аптадағы зертханалық немесе практикалық жұмысын тапсыруға үлкен көңіл бөлінді. Студент Moodle қосымшасына жүктелген үй тапсырмасында MS Word –қа орындалған жобаның ехе типті орындалатын файлы, жоба интерфейсінің скриншоты және жобаның кодын салынып отырды. Осылайша, MS Word терезесінде жобаның ехе файлы орындатып, берілген есептің қорытынды нәтижесі тексеріліп отырды. Төменде C++ Builder НББ тілі бойынша студенттің практикалық жұмысы көрсетілген (3-сурет).



3-сурет. С++ Builder НББ тілі бойынша практикалық жұмыс

Қашықтан оқыту кезінде бағдарламалау тілдерін оқытуда жоғарыда айтылған заманауи технологиялар мен әдістемені қолданып өткізу жақсы нәтиже берді. Оған дәлел ретінде студенттердің шығармашылық жұмыстары мен ғылыми жобалар конкурсындағы көрсеткен жетістіктерін айтуға болады. Студенттерге жасалған сауалнамада көпшілік студенттер бағдарламалауды қашықтан оқыған кезде алған білімдерінің оффлайн оқығаннан кем емес екендігін айтты.

Қорыта айтсам, заманауи компьютерлік технология мен АКТ жетістіктерін дұрыс және тиімді қолдана білген кезде әрқашан білім берудің жоғары нәтижесіне жетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Медешова А.Б., Мухамбетова Ф.Г. Нысандық - бағдарлық бағдарламалау. Алматы, “Бастау”, 2016ж.
2. Медешова А.Б., Мухамбетова Г.Г. “Бағдарламалау”, Алматы, “Бастау” 2014ж.

УДК 372.851.02, 372.800.4.02

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Насырова Б.С. - оқытушы, магистр

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Орал қаласы*

Аннотация. Қашықтан оқыту технологиясының құралдары мен қызметтерін зерттеу. Қашықтан оқыту форматындағы ата-аналармен жұмыстың ерекшеліктері. Ерекшеліктері модулінің өзі бірнеше өзекті тақырыптармен, оқытушылар қауымына қажет ақпараттармен қамтамасыз етілген екен. Алғашқыда синхронды оқытудың асинхронды оқытудан айырмашылықтары, қашықтан оқыту барысында оқытушының қызметі мен қашықтан оқыту барысында студенттің іс-әрекеті сияқты мәселелерге қарастырылды.

Қазіргі уақытта білім берудің жеке, креативті телекоммуникациялық сипаты-бұл түрдегі қашықтан оқытудың негізгі белгілері, ал оның мақсаты — қашықтағы студенттің шығармашылық өзін-өзі көрсетуі. Қашықтан оқыту интернет-білім берумен тығыз байланысты, бірақ онымен бірдей емес және ұғымдар тұрғысынан екінші – жаһандық желінің мүмкіндіктерін қолдана отырып, оқытудың техникалық және технологиялық ерекшеліктерін қатаң реттейтін бірінші түрдің айырмашылығы. Осы жылы әлемде орын алған пандемияға байланысты еліміздегі білім жүйесі қашықтан оқыту форматына көшті. Осы кезде оқытушылар қауымында сабақты қалай ұйымдастыруға болады, өз уақытынды қалай дұрыс пайдалануға болады? – деген көптеген сұрақтардың туындағаны рас.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктерін зерттеу (қашықтағы сабақтарды ұйымдастыру, жоспарлау). Студенттерді қашықтан оқытуға ынталандыру мен қатыстырудың ерекшеліктерін зерттеу (Студенттердің өзіндік жұмысын қалай ұйымдастыруға болады немесе үй тапсырмасын

қалай тексеруге болады және тағы да басқалар). Қашықтан оқыту технологиясының құралдары мен қызметтерін зерттеу. Қашықтан оқыту форматындағы ата-аналармен жұмыстың ерекшеліктері. Ерекшеліктері модулінің өзі бірнеше өзекті тақырыптармен, ұстаздар қауымына қажет ақпараттармен қамтамасыз етілген екен. Алғашқыда синхронды оқытудың асинхронды оқытудан айырмашылықтары, қашықтан оқыту барысында оқытушының қызметі мен қашықтан оқыту барысында студенттің іс-әрекеті сияқты мәселелерге қарастырылды.

Бағалауды ұйымдастыруда оқушыларға ізгілікті қарым-қатынас және қолдау көрсетіп, түсінікті және дәйекті ережелер мен рәсімдерді қалыптастыратын; оқу үдерісіне қызықты әдіс-тәсілдерді қолдануды; оқуда және тапсырмаларды орындауда цифрлық немесе цифрлық емес құралдарды таңдау және пайдалануды; барлық оқушылардың табысқа жетуіне жағдай жасалатын, оқушыларда өз пікірін айтуға және тапсырмаларды таңдауға мүмкіндігі болатын саралап оқытуға бағдарлануды басты назарда ұстау қажеттілігі атап көрсетілді. Қашықтан жұмыс істеу барысында өзара жағымды және оңтайлы қарым-қатынас аса маңызды. «Уақытыңда тапсырмадың! Не деген масқара?!» деудің орнына тағы да бір мүмкіндік беру жолдарын қарастырған абзал. Басты назарды ынталандыру, қолдау, эмоцияларды білдіру, адами қарым-қатынасты сақтау мүмкіндіктеріне аудару керек.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең негізгісі қазақстандық платформалар. Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған қашықтан оқыту технологиясының құралдары бойынша гидті және Telegram мессенджеріндегі robot чат-ботын қолданып, оқу мақсатына сәйкес келетін цифрлық құралдарды таңдау арқылы қашықтан оқыту мен оқудың, сондай-ақ дәстүрлі сыныптағы сабағыңыздың тиімділігін арттыра аласыз. Осы телекоммуникациялық және ақпараттық құралдар негізінде әр түрлі педагогикалық қызмет түрлерін қолдануға болады. Мысалы, қашықтан іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар мен семинарлар, қол жетімді емес нысандарға виртуалды бару, виртуалды экскурсиялар, бір-бірімен компьютерлік хат алмасуы, электронды бюллетеньдер шығару және тағы басқалар. Әр студент оны шешеді және нәтижелерін барлық курстастарына жібереді.

Функциональдық дайындау тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына ауысу. Бұл ауысудың негізі тек приоритеттер ауысуы ғана емес, мұнда мамандарды мемлекеттік тапсырыс бойынша дайындаудан жеке тұлғаның талаптарын қанағаттандыруға көшу жүзеге асырылады. Жаңа тұжырымдама әрбір нақты адамның өз мүмкіндіктерін есепке ала отырып, соны іс жүзінде көрсету мен жетілдіру арқылы білім беруді жекелеп жүргізудің сипат алғанын көрсетеді. Бұл студенттердің өздерінің әртүрлі жеке мүмкіндіктеріне сәйкес алуан түрлі білім беру бағдарламаларын жасау арқылы іске асырылады. Білім беруді жетілдірудің осы бағытындағы маңызды фактор болып оқушылардың қазіргі және болашақта қолданылатын қашықтан оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқуға деген өз ынтасын (мүмкіндігін), өздерінің жеке басының когнитивті іс-әрекет жасауға икемділігін қалыптастыру ісі саналады. [1]

Білімді негізгі қоғамдық капиталға айналдыру және білім алуға байланысты табыстың өсуі осы тауарды пайдаланатын адамның, жалпы қоғамның және нақты бір мекеменің пайда табуына байланысты болып отыр. Осыдан барып білім беру саласын аралас түрде қаржыландыруға, осы саладағы нарықтық қатынастарды дамытуға негіз болатын мүмкіндіктер пайда бола бастайды.

Жоғарғы оқу орындарындағы информациялық технологиялар және информация курстарын бағдарламалау тілдерінің элементтері бар компьютер құралы алғашқы білім түрлері ретінде қарастыру - кейіннен зиян тигізетін өте қарапайым көзқарас Компьютерлік ғылымдар пәндерін инженерлік білім негіздерсіз (жоғары оқу орындарына емес) нашар техникалық жабдықталған ортада үстірт оқып үйренуге талпыну - студенттің көзі алдында қашықтан оқыту технологиясының мүмкіндіктерінің рөлін төмен түсіру деген сөз. Студенттердің мұндайда компьютерге байланысты теріс көзқарасы қалыптасып, кейіннен оларды көптеген қиындықтарға душар етуі мүмкін.

Компьютер студенттің шығармашылық белсенділігін дамытуға көмектеседі, әсіресе егер оған үйренуді емес, оны құрал ретінде пайдалануды игерсе, яғни қашықтан оқыту технологиясының техникалық жағына ғана қарастырмай, оның танымдық жағына көңіл бөлу керек. Мұндайда оны дұрыс пайдаланса, компьютер білімді жетілдіру құралы рөлін жақсы атқара алады. [2]

ЖОО-да аппараттық, телекоммуникациялық және программалық жабдықтар аймағында тәжірибелік (немесе арнаулы) емес, индустриялық, яғни әрекеттік шешімі бар жұмыстарды

енгізуге тырысу керек - олар практикалық қажеттілік пен ол істі жалғастырудың тиімділігіне кепілдік бере алады. Информатикалық технологиялардың екпінді түрде жылдам дамуы аппараттық және программалық жабдықтар өндірісі өзіндік құнының арзандауына, оған қоса қашықтан оқыту технологиясының негізгі даму бағытында программалар мен құрылғылардың бір-бірімен сәйкес келіп үйлесуіне әкеліп отыр. [3]

Қашықтан оқыту технологиясы практикаға енгізу жолында туындайтын мәселелерге салқын қандылықпен карап, оларды шешу кезінде мектептегі информатикалық жүйелердің мынадай негізгі элементтеріне әсер ететінін айту керек:

- әдістемелік жабдықтау жағына;
- оқытушылар мен әкімшілік органдарын дайындауға;
- қолданбалы программалық жабдықтамаға (энциклопедиялар, меди-ресурстар, модельдеу, әкімшілі-шаруашылық кешенін басқаруға)
- базалық программалық платформаға (Windows операциялық жүйесі + Office);
- аппараттық кешенге (компьютерлер, жергілікті желі, Интернетке қосылу).

Интеллектуальды ұлттық қорларды дамытудың басыңқы бағыттарына бағытталған бағдарламалар мен білім технологияларын жетілдіру - саяси маңызды стратегия. [5]

Қашықтан оқыту технологиясын жетілдіру жолы тақырыбында зерттелген жұмыс бойынша төмендегі мәселелер анықталды:

- білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту технологиясының мәні мен рөлі;
- Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде қашықтан оқыту технологиясының қолданылу барысы.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне еркін қол жеткізуге болады.

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту технологиясының рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушылар мен студенттеріміздің әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады. [6]

Қашықтықтан оқыту ақпараттық мәдениет деңгейі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, студентке өз бетінше қайталанбайтын көпнұсқалы, көпдеңгейді дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиялық формада беру, виртуалды өмірге енгізу т.с.с. жаңа мүмкіндіктер ұсынылады. Сонымен қатар, мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытудың материалды өз бетінше игеру жетілдірілген психологиялық педагогикалық әдістерді пайдалану, қашықтықтан оқытуды студенттің жеке психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай таңдауға мүмкіндік береді. Қашықтан оқыту технология білім жүйесіне енгізуді қолға алатын Республикалық координациялық (үйлесімдік) кеңес ұйымдастыру керек. [7]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жапарова Г.Ә. Информатика негіздері : Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2006 ж., 296 бет.
2. Халықова С.А. «Информатиканы оқыту әдістемесі», Алматы. – 1999 ж
3. Балапанова Е.К., Бөрібаев Б., Дәулетқұлов А.Б. Информатикадан 30 сабақ, Алматы, 2005 ж., 400 б.
4. Камардинов О., Информатика, Алматы, 2008 ж., 360 бет.
5. <http://www.topobzor.com/obzor-10-oblachnyx-xranilishh-dannyx/.html>
6. Балапанов Е.К., Бөрібаев Б., Бекбаев А., Дәулетқұлов А., Спанқұлова Л. Информатика терминологиялық қазақша-ағылшынша-орысша сөздігі. Алматы, «Сөздік-словарь» 1998 ж., 176 бет
7. <http://efsol.ru/technology/cloud-technology.html>

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ОБУЧЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В СФЕРЕ ИНФОРМАТИКИ

*Оспанова Н.Н - кандидат педагогических наук, профессор
Торайгыров университет*

Казахстан, г.Павлодар

*Каиыржанова М.М - магистрант,
Павлодарский педагогический университет
Казахстан, г.Павлодар*

Аннотация: Развитие обучения функциональной грамотности учащихся на уроках информатики является повышение общеобразовательного уровня учащихся связи с возникновением новых квалификации, требующих в условиях современной среды в информационных технологий.

Функциональная грамотность обеспечить навыки и знания, необходимые для развития личности, овладение новой техникой и технологией, а также успешного выполнения профессиональных обязанностей учащихся в будущем.

В данной статье рассматривается общие ориентиры развития функциональной грамотности, с целью изменения учебной программы по предмету информатики, разработкой электронного учебного издания. В котором будет представлен полный набор методических материалов, что позволить у учащихся самостоятельно проектировать алгоритм решения производственных задач и повысить уровень функциональной грамотности.

Ключевые слова: функциональная грамотность, цифровые технологий, сфера образования, учащиеся, информационная грамотность, компьютерная грамотность, элементы логической грамотности, информатика.

В эпоху цифровых технологий к сфере образования республики выдвигается ряд новых требований и задач. Одним из задач является необходимость повышения общеобразовательного уровня учащихся связи с возникновением новых квалификации, требующих в условиях современной среды в информационных технологий. В этом направлений развития важную роль приобретает овладение учащимися функциональной грамотностью.

Общие ориентиры развития функциональной грамотности определены в Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2020-2025 годы, в цели которой входят изменения в учебных программах, направленных на развития функциональной грамотности по аналогии с инструментами международных сопоставимых исследователей PIRLS, PISA, ICILS, а также тестов SAT и др [1].

Функциональная грамотность (англ. Functionalliteracy) – результат образования, который обеспечивает навыки и знания, необходимые для развития личности, получения новых знаний и достижений культуры, овладение новой техникой, успешного выполнения профессиональных обязанностей [2].

Функциональную грамотность составляют:

- элементы логической грамотности;
- умения человека понимать различного рода, касающиеся его, государственные акты и выполнять их;
- соблюдение человеком норм собственной жизни и правил безопасности;
- информационная и компьютерная грамотность[3].

Одним из приоритетных направлений в развитии информационной и компьютерной грамотности современного общества является информатизация. Данный процесс инициирует совершенствование механизмов управления системой образования на основе использования автоматизированных банков данных научно-педагогической информации, информационно-методических материалов. Информатизация образования методологии и стратегии отбора содержания методологии и стратегии отбора содержания, методов и организационных форм обучения, воспитания, соответствующих задачам развития личности обучаемого задачами развития личности обучаемого в современных условиях информатизации общества [4].

Внедрение информатизации в учебный процесс осуществляется через предмет «Информатика».

В настоящее время информатика выделилась в фундаментальную науку об информационно – логических моделях, и она не может сведена к другим наукам.

Объектом изучения информатики являются структура информации и методы ее обработки. Появилась различия между информатикой как наукой с собственной предметной областью и информационными технологиями[5].

В последние годы в Казахстане и во всём мире, школьный курс «Основы информатики и вычислительной техники» вышел на качество новый этап своего развития. Изменился взгляд на то, что понималось под компьютерной грамотностью.

Изучение информатики в школе, способствует освоению учащимися современных информационных технологий. И как показывает практика учащиеся, применяя полученные знания на уроках информатики, при подготовке к другим предметам, например, при подготовке сообщения готовят презентации, повышают свою степень обученности не только по информатике, но и по другим предметам [3].

Для эффективного формирования функциональной грамотности на уроках информатики необходимо использовать методы активного обучения на основе реальных ситуаций.

Формирование функциональной грамотности у школьников на уроках информатики возможно через решение трех основных задач:

1. Достижение уровня образованности, соответствующего потенциалу учащего и обеспечивающего дальнейшее развитие личности и возможность преодоления образования, в том числе и путем самообразования.

2. Формирование у каждого учащегося опыта творческой социально значимой деятельности в реализации своих способностей средствами ИКТ.

3. Накопление у учащихся опыта общения и взаимодействия на гуманистических отношениях [4].

Для реализации данного метода необходимо разработать электронное учебное издание. В содержаниях которого будет входить: методы ситуационного анализа; ситуационные задачи и упражнения; анализ конкретных ситуаций; метод ситуационных ролевых игр; методы разбора и анализа; игровое проектирование, метод дискуссии.

Учебное издание будет представлять полный набор методических материалов, разработанных на основе производственной ситуаций, которые формирует у учащихся умения самостоятельного проектирования алгоритмов решения производственных задач.

Использование разработанных изданий при обучении информационных технологий позволят научить организовывать изучение объекта, работать с данными, умению понимать, создавать, анализировать и обрабатывать их, а также работать с неструктурированной информацией – ее поиском, проверкой, формализацией, обработкой и хранением.

В результате перехода к применению новых методов, у обучающихся будет развиваться необходимые навыки, позволяющий выполнять действия и процедуры в области тех информационных технологий, с которыми придется сталкиваться в практической деятельности.

Функциональная грамотность становится фактором, содействующим участию людей в социальной, культурной, политической и экономической деятельности, способности творчески мыслить и находить стандартные решения, умению выбирать профессиональный путь, уметь использовать информационно-коммуникационные технологии в различных сферах жизнедеятельности, а также обучению на протяжении всей жизни [7].

При применении цифровых технологий функциональная грамотность развивается параллельно с компьютерной грамотностью, следовательно, для успешного развития функциональной грамотности школьников и достижения ключевых и предметных компетенций на уроках информатики необходимо соблюдать следующие условия:

- обучение на уроках информатики должно носить деятельный характер;
- учебный процесс должен быть ориентирован на развитие самостоятельного и ответственности своей деятельности на основе ИКТ.
- использовать индивидуальные, дифференцированные и продуктивные формы групповой работы;
- обеспечить переход от фронтальных форм обучения классного коллектива к реализации индивидуальной образовательной траектории каждого учащегося, в том числе с

использованием интерактивных инновационных, проектно-исследовательских технологий, цифровой инфраструктуры [6].

Литература:

1 Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988>

2 Гаврилюк В.В. Преодоление функциональной неграмотности и формирование социальной компетентности// Социол.исследования. 2006. №12

3 Исаев С.А., Ахметова О.С. Формирование функциональной грамотности учащихся в процессе обучения информатики // Вестник КазНПУ им. Абая № 4(40), – Алматы, 2012. – с. 34–38.

4 Национальный план действий по формированию функциональной грамотности школьников // www.gov.kz/memleket/entities/edu?lang=ru

5 Семакин И.Г. Грамотность, образованность, культура // Информатика и образование, 2002. – №1. – с.21-24.

6 Ахметова О.С. Понятие информационной культуры и этапы ее становления // Вестник АГУ им. Абая. – 2002. – № 1(5). – С. 27–30.

7 Мещрякова И.А. Функциональная неграмотность. Психологический словарь// <http://www.anypsy.ru/glossary/funktionalnaya-negramotnost>

УДК 004.55

МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУДЕ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

*Оспанова Н.Н. - Педагогика ғылымдарының кандидаты,
Торайғыров университеті
Қазақстан, Павлодар
Кожаягельдинова К.А.- Оқытушы,
Инновациялық Еуразия университетінің жоғары колледжі
Қазақстан, Павлодар*

Түйіндеме: Бұл мақалада ақпараттық технологиялармен байланысты мамандықтарда оқитын колледж студенттеріне мобильді қосымшаларды жобалық тәсілмен оқытудың мәселелері және оларды шешу тәсілдері ұсынылған. Мобильді қосымшаларды құру сабақтарында құрылған мобильді қосымшалар, оқытушылар алдында туындаған мәселелер зерттеліп, ол мәселелерді шешу жолдары және мобильді қосымшаларды құруды оқытудың әдістемесі ұсынылған. Бұл мақалада оқыту процессінде студенттер рөлінің маңыздылығы көрсетілген.

Кілтті сөздер: мобильді қосымшаларды әзірлеу, келісімдер әдісі, бағдарламалау, жобалық оқыту әдісі.

Кіріспе

Ақпараттық технологиялар мамандықтарында оқитын колледж студенттері бағдарламалаудың келесі курстарын өтеді:

- алгоритмизация және бағдарламалау негіздері;
- деректер қорлары;
- web-бағдарламалау.

Смартфондарды қолданудың өсуімен мобильді қосымшалар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, әсіресе жас ұрпақ үшін. Сондықтан мобильді қосымшаларды құруды үйрету қазіргі кездің талаптарына сәйкес болып келеді. Осыған орай, келешекте еңбек нарығындағы қажетті маман шығару үшін, колледж студенттеріне мобильді қосымшалар әзірлеуді оқыту маңызды болып келеді. Сондықтан бұл мақалада мобильді қосымшаларды әзірлеуді оқытуды өткізген мамандарының жұмыстарын зерттеудің нәтижелері көрсетілді және бұл зерттеулерге сүйеніп қорытынды жасалды.

Негізгі бөлім

Әдеби шолу. Бірнеше авторлар мобильді қосымшаларды құруға арналған бағдарламаларда болатын өзгерістер туралы хабардар болудың әдістемелері және бұл әдістемелерді оқыту процессіне интерграциялау әдістерін ұсынды. Мохаммед Сейам және Д. Скотт МакКрикард 2016 жылы өткен 47-ші ACM Technical Symposium on Computing Science Education симпозиумында мобильді қосымшаларды құруды оқыту бағдарламасында жұптық бағдарламалау идеясын ұсынды [1]. Жұптық бағдарламалау – бұл бір компьютерде екі адамның бағдарламаланы құру болып табылады. Басқа оқытушылар мобильді қосымшаларды құру бағдарламасын бағдарламалауды оқыту курсына енгізуді дұрыс деп санайды. Бірақ соңғы кездері оқытушылардың көбі топтық жобалық оқыту әдісін ұсынады [2]. Сонымен қатар, 2015 жылдың ақпан айында өткен 46-шы ACM Technical Symposium on Computing Science Education симпозиумында Дженнифер Кэмпбэлл және Аня Тафлиович жобалық оқыту әдісіне негізделген мобильді қосымшаларды құруды оқытуға арналған зерттеулерін ұсынды [3].

Жобалау қызметінің негізі ретінде мобильді қосымшаларды әзірлеу нәтижеге жетуге назар аударылды. Әр жоба жетістігінің негізгі өлшемі болып оның аяқталу дәрежесі саналды. Осы жағдайда жеке әзірлеуші де, топ та өзінің алдына бір мақсат қойды – жұмыс істейтін қосымша. Әрине, бұл жоспарлау тиімділігіне де, жүзеге асыру сапасына да қатаң шарттар қойды. Ұсынылған зерттеулердегі жаңа бағдарламаны құру кезеңдері:

- Жобаны анықтау. Барлық жұмыс жаңа жоба құрудан, әр жоба жаңа бағдарламасының идеясын және функционалдылығын анықтаудан басталды.
- Жобаны орындау кезеңі. Бағдарламаны құру біраз уақыт қажет етті. Қателерді түзету, ұсыныстар жасау.
- Нәтижені бағалау. Соңғы нәтижесі ретінде жұмыс істейтін бағдарлама саналды, ал жұмыс істемейтін болса, жоба аяқталған деп санала алмады.

Бұл бағдарламалау тілдерін оқыту процессінің басқа пәндерден айырмашылығын көрсетеді. Жобалар жасау – бағдарлама жасаудың жалғыз жолы болып саналады. Бірақ жобалық жұмыс басқа салаларда да пайдалы. Жобаларды жүзеге асыру арқылы бастауыш бағдарламашыларды белгіленген мақсатқа біртіндеп жетуге тұрақты және қарқынды сабақтар арқылы үйретеді. Студенттер толық мақсаттар мен ағымдағы міндеттерді анықтауға, уақыт пен күшін бөлуді, жұмыс орындалу барысын бақылауды үйренді. Оқытушының зерттеудегі жобалық оқытуда атқарған функциялары:

- бақылау;
- әрекеттерді уақытылы түзету;
- ұсыным жасау функцияларын атқарады.

Оқытушының бағдарламашыға максималды түрде жұмысқа қажетті материалдармен қамтамасыздандырады, қосымшаны әзірлеу кезінде баптау, тестілеу және апробацияны орындауға көмектеседі.

Зерттеулер барысында оқытушылардың алдында туындаған мәселелердің бірі – бағдарламалау тілдерінің жылдам өзгеруі. Мысалы, iOS платформасына арналған қосымшалар бұрын Objective-C көмегімен орындалса, қазір Swift бағдарламалау тілі қолданылады. Android платформасында жыл сайын көптеген қалталы телефондардың жаңа түрлері шығарылады. Смартфондарға арналған операциялық жүйелердегі жиі өзгерістер осыған бір жыл бұрын жазылған қосымшаның жаңа құрылғыларда жұмыс істей алмайтынына әкеледі.

Дальтон-жоспар немесе келісімдер әдісі:

Оқытушылардың оқыту әдістерін зерттеп, мәселені шешудің келесі жолын ұсынамын – мобильді қосымшаларды әзірлеуді жобалық оқытуда Дальтон-жоспар әдісін қолдану.

Алғашқы рет 1905 жылы Дальтон-жоспарды американдық оқытушы Хелен Паркхерст сабақтарында қолданды. Өткен оқу жылдарында алған білімдеріне негізделгендіктен, оқытуды келісімдер әдісімен оқыту орынды болып көрінеді. Бұл әдістің мақсаты – әр студенттің өз қабілетіне сай жылдамдықпен білім алуда. Класстар лаборатория мен шеберханалармен ауыстырылды, теорияны түсіндіру мен практикалық сабақтар алып тасталды.

Жылдың басында оқушыларға әр пәннен ай бойынша нақтыланған тапсырмалар берілді. Оқушылар бұл тапсырмалар бойынша берілген ауқытта есеп тапсырды. Бірыңғай сабақ кестесі болған жоқ. Топтық жұмыс бір сағат, қалған уақытта лабораториялар мен шеберханаларда мұғалімдер қатысуымен жеке жұмыс атқарылды.

Технология мен жүзеге асыруын қарастырайық. Дальтон-жоспар мақсаты: оқу-танымдық қызметте ынтымақтастық, жауапкершілік және дербестікке үйрену арқылы оқушының дараланған дамуын және әлеуметтік тәжірибесін қамтамасыз ету.

Дальтон-жоспар әдісі келесі принциптерден тұрады:

- тәуелсіздік принципі. Оқушы пән, тақырып, білім көзін, оқу процессінің жылдамдығын, формасын және жұмыс жасау тәсілін өзі таңдайды. Осыған қарамастан, пән мазмұны оқу жоспарымен анықталады. Оқытушы әр оқушының мақсатқа жету дәрежесін соңында бағалайды;

- өздігінен жұмыс жасау принципі. Әр оқушы өзіндік жұмысы және даму жолының, шешім қабылдауға әрекеттерінің дербестігін және жасаған таңдауына жауапкершілік деңгейін өзі таңдайды;

- ынтымақтастық принципі. Оқушы келесі оқу-танымдық қызметтің келесі формаларында қатысады: жеке, жұптық, кіші топ. Туындаған мәселе бойынша оқытушыдан көмек сұрай алады. Жауапты қайдан қалай және қайдан іздеу керектігін көрсету көмек болып саналады. Ынтымақтастық басқа адамды құрметтеп, оны тыңдау, түсіну, байланыс табуды білу, бірге шешімдер шығаруға, бір-біріне сенімді болуға, көмек көрсетуге, топтық жұмыста жауапты болуға үйретеді.

Оқытудың бұл әдісіне негізделіп, мобильді қосымшаларды әзірлеуді оқытуда жобалық оқыту әдісінің келесі кезеңдерін белгілеуге болады:

- бағдарламалау тілін таңдау: студентке өзіне ыңғайлы бағдарламалау тілін таңдауға еркіндік беру керек. Өртүрлі бағдарламалау орталарын зерделеу біршама уақыт қажет еткендіктен, бұл процесс 1-2 жұмаға созылуы мүмкін. Кейде студенттер өздері білмейтін бағдарламалау тілін таңдауы да мүмкін.

- апталық үй тапсырмасы: апта сайын студентке жұмыс беріледі. Бұл жұмыстың нәтижесі келесі аптада смартфонда көрсетілуі керек.

- апталық бағалау және пікірлер: студентке апталық прогресі бойынша ауызша және жазбаша түрде кері байланыс қайтару өте маңызды.

- мобильді қосымшада тестілеуді жүргізу: тестілеуді оқушының қалталы телефонында немесе планшетінде жүргізу жөн. Студенттерді өздері телефондарында әзірлеген қосымшалар көбірек ынталандырады.

- туындайтын мәселелер және оларды шешу жолдары: мәселелер туындағанда, кодты жөндеуді қоса алғанда, оларды шешу жолдары ұсынылуы керек.

Бағдарламаны толықтыру және қате табу үшін және берілген жобалардың сәтті іске асырылуы үшін оқытуды қосымшаларды іске қосу және тестілеуді әзірлеудің ерте кезеңдерінде бастау өте маңызды.

Қорытынды

Алыс және жақын шет елдер және отандық университеттер оқытушыларының мобильді қосымшаларды әзірлеуді оқытуға арналған әдістемелерін зерттеу барысында оқыту материалдарының тапшылығы, бағдарламалау тілдерінің және ақпараттық технологияларының жылдам дамуы сияқты мәселелер бар екені көрінді. Ол үшін оқытушы әрдайым білімдерін жаңартып, оқытылуы керек. Бұл мәселені шешу үшін зерттеулерде оқытушылар жобалық оқыту әдісін қолданып оқытуды жөн көрді. Оқытудың бұл әдісі арқылы студенттер ұстаз көмегімен өз бетінше оқытылды. Оқытушылар ұсынған әдістемелерді зерттеуден кейін мобильді қосымшаларды әзірлеуді оқытудың Дальтон-жоспар технологиясы ұсынылды. Жобалық оқыту әдісі арқылы студенттерде өзіндік жұмыс жасауға, оқу материалдарын іздеу дағдылары артып, жобалар әзірлеуге қызығушылықтары артады, шығармашылық тұлға ретінде де дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Seyam, M., McCrickard, D. S. Teaching Mobile Development with Pair Programming. – Proceedings of the 47th ACM Technical Symposium on Computing Science Education, 2016. – 96-1016.
2. Леонов В. Обучение мобильной разработке на DELPHI – Embarcadero, 2019.
3. Campbell, J., Tafliovich, A. An Experience Report: Using Mobile Development To Teach Software Design. – Proceedings of the 46th ACM Technical Symposium on Computing Science Education, 2015. –506-5116.

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ

*Сарсенова С.Ф.**№12 ЖОББМ-тің физика пәнінің жоғарғы санатты мұғалімі.
БҚО, Орал қаласы*

Аннотация және түйінді сөздер: Бұл мақалада оқытуда сандық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушылардың эксперименттік жұмыс дағдысын, шығармашылық қабілетін дамыту тұлғасын арттыруға болатындығы туралы мәселелер қарастырылған. «Физика» пәнінің ерекшеліктерінің бірі қауіпсіз зертханалық тәжірибелерді, практикалық жұмыстарды, көрсетілімдерді ұйымдастыру және өткізу арқылы зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында сандық технологиялардың ерекшелігі үлкен роль атқарады. Сандық ресурстардың бірі физика сабағында виртуалды зертханалық жұмыстар өткізу. Санды-виртуалды зертханалық жұмыстар мектеп оқушыларының өз бетімен ізденісіне, пәнге деген қызығушылығының артуына, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға, тұлғалық дамуына, ерекше қолайлы жағдай туғызып отырандығын көруге болады

Түйін сөздер: эксперименттік тапсырма, шығармашылық қызмет, есептің шарты, шарттарды анализдеу, өлшеулер жүргізу, есептеулер, тәжірибеден тексеру.

Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» деген болатын. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын көру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу ұстаздың міндеті. Білім беру – жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің бір тұтас кешені деп айқындалған. Сол кешеннің бірі «Білім берудегі цифрлық технологиялар»

Оқытуда сандық білім беру ресурстарын пайдалану. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Сандық білім беру ресурстарын сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады: өткен тақырыптағы білімді еске түсіру, оқушылардың білім, білік, дағдыны есепке алу және бағалау, үй тапсырмасын тексеру.

Сандық білім беру ресурстары – оқу процесін ұйымдастыруда көмекші құрал.

Әртүрлі сандық объектілерді пайдалана отырып, сабақты құрастыру және модельдеу. СБР кешендерінен қажетті ақпаратты тез іздестіріп табу. Бақылау және үздік жұмыстарды дайындау; Шығармашылық тапсырмалар құрастыру; Сабақ барысында дайындалған сандық объектілерді интерактивті тақта арқылы демонстрациялау; Зертханалық жұмыстарды орындауда электрондық микроскоп, интерактивті модельдерді пайдалану; Білімді тексеруде компьютерлік тестілерді қолдану; Сабақ үстіндегі оқушылардың сандық білім беру ресурстары арқылы жеке зерттеушілік және шығармашылық жұмыстары. Сандық білім беру ресурстарының оқушылардың үй тапсырмасын орындаудағы тиімділігі: Үй тапсырмасын орындаудың және оған жауап берудің жаңа формасы арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Қабілеті төмен оқушылардың сабаққа қызығушылығы жоғарыласа, қабілетті, дарынды оқушылардың оқытудың зерттеушілік ізденушілік деңгейі көтеріледі. Кез – келген уақытта оқушылар өздерінің білімдерін автоматты түрде тексере алады. Сонымен қатар, оқушы өз біліміне автоматты бақылау құрылғы жақсы, өте жақсы бағаларын қойса, қызығушылығы одан әрі жоғарылайды. Баяндама, ғылыми жоба, конференция, презентациялар дайындауда биологиялық объектілердің үлкен жинағы болып табылады. Оқушы сабаққа, сыныптан тыс жұмыстарға қажетті қызықты мәліметтер мен деректер жинақтай алады. Энциклопедиялық бағыттағы сұрақтарға жауап ала алады. «Физика» пәнінің ерекшеліктерінің бірі қауіпсіз зертханалық тәжірибелерді, практикалық жұмыстарды, көрсетілімдерді ұйымдастыру және өткізу арқылы зерттеу дағдылары мен функционалдық сауаттылықты

қалыптастыру мақсатында сандық технологиялардың ерекшелігі үлкен роль атқарады. Осы ерекшелікті жүзеге асыру үшін <https://bilimland.kz/>сайтындағы виртуалды зертхана, <http://qc.ipt.ac.ru/>, <http://www.edu.ioffe.ru/apple/>, сайттарын қолданамын. Мысалға, сұйықтардағы электр тогы тақырыбы бойынша, сұйықтықтың электрленуін оқушылар көзбен көру мүмкіндігі болмағандықтан <http://www.n-t.org/tp/nr/bcs.htm> осы сілтеме арқылы көрсетемін. Оқушылардың материалды толық түсініп, көзбен көруіне мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың меңгеретін материалға деген қызығушылығының артуына, олардағы есте сақтаудың барлық түрлерінің дамуына және білім сапасының артуына ықпал етеді.

Виртуалды зертханалық жұмыста дәстүрлі зертханалық жұмыспен салыстырғанда физикалық процестердің визуалды визуализациясы бар. Мысалы, зарядталған бөлшектердің қозғалысы сияқты физикалық процестерді егжей-тегжейлі және көзбен көруге болады, электр тогын немесе рп түйінінің жұмыс принципін жасау. Сондай-ақ, бірнеше секундтағы фракцияларға, бірнеше жылдар бойы созылатын процестерге, мысалы, орталық органның гравитациялық өрісіндегі планеталардың қозғалысын зерттеуге болады.

Виртуалды зертханалық жұмыстың тағы бір артықшылығы дәстүрліге қарағанда қауіпсіздік. Атап айтқанда, жоғары вольтты немесе қауіпті химиялық реагенттермен жұмыс істеген жағдайларда виртуалды зертханалық жұмысты қолдану. Мысалға 7 сыныпта «Салмақ» тақырыбы E-Learning электронды оқыту жүйесін қолдана отырып. Виртуалды эксперимент жүргізейік. Денелердің бірін серіппенің үстіне, ал екіншісін білеушенің үстіне орналастырайық. Денелерге әсер ететін күштерді қарастырайық. Бейне баянды тыңдаймыз.

Тыңдалған соң оқушылар қорытындылайды. Оқушылардың теориялық білімін практикада тексеруге болады. Сабақ соңында тест жауабын шығарып сабақтың меңгеру пайызын шығаруға болады.

Виртуалдық зертханалық жұмыстардың нәтижесі-оқушы бойында ақпараттық құзіреттілік қалыптасады. Атап айтсақ, ақпаратты іздей алуы алынған ақпараттың қажеттісі мен қажетсізін іріктеп, саралай алуы қажетті ақпаратты негіздей және жүйелей алуы, ақпаратты өңдей алуы ақпараттан аргументтер тауып, қорытындылар жасай алуы.

Яғни осындай іс-әрекетке қалыптасқан оқушы болашақта айналадағы құбылыстар мен жағдаяттардан өзіне қажеттісін түйіп, өмірде пайдалана білуге үйренеді.

Оқушы бойында коммуникативтік құзіреттілік оқу міндеттерін шешу үшін тиісті қарым-қатынас тәсілдерін игеруі өз әрекетіне өзіндік баға беруі және түзетулер мен толықтырулар жасай алуы өз жұмысының нәтижесін көрсете және жариялай алуы, өз ойын жеткізе алуы және ойының дұрыстығын дәлелді түрде негіздей алуы.

Демек, оқушы осы арқылы түрлі жағдайларда өз пікірін жеткілікті түрде негіздеуге, өз ойын еркін жеткізуге, өзінің және өзгелердің әрекетіне баға беруге, өзін дамытуға үйренеді. Оқушы бойында проблеманың шешімін табу және өзіндік басқару құзіреттілігінің қалыптасуы ол оқушының мәселені айқындау және іс-әрекет мақсаттарын белгілеуі қабылданған шешімді жүзеге асыруға қажетті жағдайларды анықтауы іс-әрекеттер қадамдарын жоспарлай алуы қойылған мақсат пен міндетке сәйкес іс-әрекетті ұйымдастыруы өзінің іс-әрекетін бақылай алуы.

Осы аталған дағдылары қалыптасқан оқушы өмірде де жоспарлы түрде әрекет етуге, мәселелер туындағанда жедел және дұрыс шешім қабылдауға, тығырықтан жол табуға, өзін-өзі басқаруға үйренеді.

Тәжірибелік жұмыс жасау барысында оқушы теориялық білімін шындайды. Конфуций: «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» деген. Қазіргі таңда ұялы телефонның өзі тек байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар, интернет желісіне еркін қосылатын компьютер іспетті.

Қорыта айтқанда, виртуалдық зертханалық жұмыстар мектеп оқушыларының өз бетімен ізденісіне, пәнге деген қызығушылығының артуына, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға, тұлғалық дамуына, ерекше қолайлы жағдай туғызып отырғандығын көруге болады Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін Қазақстан жастарымен жас ұрпақтарынан бастап жоғарғы сауатты елге айналуы керек.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа енуі өте маңызды рөл атқарады. Қазіргі елімізде болып жатқан төтенше жағдайға қашықтан білім беру қажетті

шартқа айналып отыр. Ал сандық оқытуға келетін болсақ, мұғалім өз білімін оқушыларға түгелдей жеткізе алады. Білім беру шекарасы кеңейіп білім алушылар саны көбейіп қана қоймай, уақыт және орынға байланысты шектеулер болмайды. Білім беруді кез-келген жерде кез келген уақытта ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. Қашықтан білім беру кезеңінде сандық оқытудың артықшылығына көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 2017 жылғы 12 сәуір.
2. Трухин А.В. Виртуальды компьютерлік зертханалардың түрлері // Ашық және қашықтан білім беру. - 2003 ж. - № 3 (11) .- С. 12-21.
3. Пірәлиев С.Ж., Даутов С.Б., Симтиков Ж.Қ. «Елбасы және отандық білім жүйесі» Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2011 жыл.
4. Құлқараев А. ««E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері./ /Электрондық мектеп. — №2 — 2013
5. Физика және астрономия республикалық –әдістемелік журналы, 2017

УДК 37.01:004

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Симғалиева Р.А.- педагог-зерттеуші

*Бастауыш сынып мұғалімі, №14 жалпы орта білім беретін мектеп
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы*

Цифрлық технологияларды дамыту бүкіл Еуразиялық экономикалық кеңістіктің басымдығы деп аталады. Қазақстанда "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы әзірленді, ол технологиялардың жылдам өсуінің және қызметтерді электрондық форматқа қайта бағдарлаудың негізіне айналуы тиіс. Тұжырымдаманы әзірлеушілер атап өткендей, "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының мақсаты орта мерзімді перспективада сандық технологияларды пайдалану есебінен экономиканың даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін жағдай жасау, сондай-ақ экономиканың ұзақ мерзімді перспективада сандық экономиканы құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшу болып табылады. Бес негізгі бағыт Осы тұжырымдаманың негізінде бес негізгі бағыт, атап айтқанда экономика салаларын цифрландыру – еңбек өнімділігін арттыратын және капиталдандырудың өсуіне әкелетін серпінді технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, экономиканың дәстүрлі салаларын қайта құру. Электрондық қызметтерді дамыту. Цифрлық мемлекетке көшу – халыққа және бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын оның қажеттіліктерін алдын ала отырып, қайта құру бағыты.

Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлік сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр. Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда мектептік білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақ мектептерінің көрінісі көбінесе барлық пәндердің білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн

режимінде бірге жұмыс істей алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мектептерді цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық ойыншыларға: оқушыларға, олардың ата-аналарына, мұғалімдеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

Сонымен қатар халықтың өмір сүру сапасын жақсартатын цифрлық платформа құру мақсаты Цифрлік Қазақстан -2020 Елбасымен ұсынылған бағдарламаны жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады.

XXI ғасырдың икемділігі мен құзыреттілігіне келсек, олар бастауыш мектептен бастап барлық білім беру қызметінде қалыптастырылуы керек. Білім беруді цифрландырудың, атап айтқанда жалпы білім беру жүйесінің іске асуының кейбір аспектілеріне тоқталайық. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы баршаға ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, XXI ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

Халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі - желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері - бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді. Қарап отырсақ, бұл жұмыстардың барлығы атқарылып жатыр. Интернет желісі қолжетімді болу үшін облыс, аудан орталықтарынан бөлек, шалғайдағы ауылдарға да қолайлы жағдай жасалуда. Мұның барлығы санды технологияны ендіру үшін жасалған қадамдар болатын. Айналасы бірнеше жылдың ішінде қазақстандықтар неше түрлі ұялы телефондарды ұстады. Жыл өткен сайын олардың функциялары өзгеріп, мүмкіндіктері де арта түсті. Алғашқыда тек байланыс құралдары үшін қолданылған қолақпандай телефондар бірте-бірте айфон, айпад, смартфондарға ауысты. Бүгінде ұялы телефоныңыз тек байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар, интернет желісіне еркін қосылатын компьютер іспетті. Адамдар ұялы телефондарына сан алуан әлеуметтік желілерді жүктеп, қоғамда орын алған оқиғаларға байланысты ой-пікірлерін білдіретін болды. Ал біздің бүгінгі күндегі негізгі басты мақсатымыз АКТ-ны жетік меңгеру және оқушыларға меңгерту. АКТ-ны қолдану мұғалімге де оқушыға да қолайлы. Сол кезде ғана сабақта теория мен практиканы ұштастыра аламыз. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында бала теориялық білімін шыңдайды. Конфуций: «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» деген. Мектеп қабырғасында кез келген пәнінде АКТ-ны жүйелі қолдану - пәнді оқытуда оқушыға дүниенің заңдарын терең меңгертіп қана қоймайды, оның логикалық ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Оқушы ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр. Адамның үнемі ізденіске, жаңалыққа ұмтылуы ол физиологиялық құбылыс. Ақпараттық

- коммуникациялық технологиялар дегеніміз не? «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Ақпараттық –коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Өрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда интернет желілерін пайдаланып, соның ішінде қазіргі мұғалімдерге қолжетімді BilimLand сайтынан көптеген видеосабақтар көрсету арқылы оқушыларды қызықтырып, сабақты қызықты өткізуге зор мүмкіндіктер туғызады.

УДК 371.124

МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ В ХОДЕ РЕШЕНИЯ ТЕКСТОВЫХ ЗАДАЧ В СРЕДЕ EXCEL

Хомутникова Т.П.

учитель математики МБОУ

«Русская национальная гимназия имени преподобного Сергия Радонежского»

г. Элиста

Тугульчиева В.С.

старший преподаватель кафедры алгебры,

анализа и методики преподавания математики,

Калмыцкий государственный университет им. Б.Б. Городовикова

г. Элиста

Аннотация: Формирование у учащихся навыков моделирования является одной из основных задач обучения математике. Частью решения любой текстовой задачи является построение модели задачи. Исследование этой модели служит средством для получения ответа на требование задачи. В статье рассматривается математическое моделирование в ходе решения текстовых задач в среде Excel.

Ключевые слова: математическое моделирование, текстовые задачи, компьютерное средство обучения.

Современная система образования, в том числе стандарты последнего поколения, ориентированы на формирование готовности обучающихся к самостоятельному активному освоению мира, его творческому преобразованию. Особое внимание отведено направлению, связанному с формированием метапредметной готовности учащихся, включающей освоение обучающимися межпредметных понятий. Роль и значение математики, считающейся универсальным языком науки, в развитии межпредметных связей и формирование у учащихся навыков практической деятельности рассматриваются в работах Б.В. Гнеденко, В.М. Монахова, Е.Г. Плотниковой и других исследователей. В числе результатов изучения математики в стандартах, методологической основой которых является системно-деятельностный подход, в общем числе значатся: умение моделировать реальные ситуации, исследовать построенные модели, интерпретировать полученный результат; владение навыками использования компьютерных программ при решении задач. Актуальным становится подход к обучению математике на основе практико-ориентированного обучения, что подтверждается изменениями в структуре контрольно-измерительных материалов (КИМ) государственной итоговой аттестации (ОГЭ и ЕГЭ) по математике в сторону увеличения числа практико-

ориентированных текстовых задач. Целью ввода таких задач является «погружение» в решение «жизненной» ситуации.

Практико-ориентированные задания – это вид сюжетных задач, смоделированных в виде жизненной ситуации, требующих в своем решении реализации всех этапов математического моделирования [1]. Математической моделью по А.С. Симонову «называют приближенные описания какого-либо явления внешнего мира, выраженные с помощью математической символики и заменяющие изучение этого явления исследованием и решением математических задач» [2, с.4]. Линия математических моделей в системе образования выстраивается в соответствии с уровнями образования:

- в начальной школе – задачи, связанные с практическими ситуациями, возникающими в жизни учащегося (стоимость покупки, движение и др.);
- в основной школе – задачи прикладного характера, формализованные задачи из других предметных областей (использование формул, задачи на составление уравнений и др.)
- в старшей школе – задачи прикладного характера, дополненные более сложными задачами, например, задачи финансовой математики.

В статье будем придерживаться трехэтапной схемы процесса математического моделирования:

- 1) Формализация – построение математической модели, перевод текстовой задачи с естественного языка на язык математических терминов;
- 2) Работа с моделью – решение задачи в рамках математической теории;
- 3) Интерпретация полученного результата – перевод результата, полученного в процессе математического решения, на исходный язык задачи.

В данной схеме этап работы с моделью проведем двумя способами: математически и с помощью табличного процессора Excel (вычислительный эксперимент).

Рассмотрим общую формулировку задачи финансовой математики, входящей в структуру КИМ ЕГЭ по математике (профильный уровень):

Пусть в банке планируется взять кредит в банке на некоторую сумму S . Условия его возврата таковы: – в начале года долг увеличивается на r % по сравнению с концом прошлого года; – до конца каждого года необходимо выплатить одним платежом часть долга. Найти общую сумму платежей, внесенных клиентом, после погашения кредита, если все ежегодные платежи равны между собой.

Постановка задачи:

Цель моделирования – определение общей суммы платежей.

Объектом моделирования является процесс кредитования.

Формализация:

Пусть x – вносимый ежегодный платеж, S_m – долг клиента банку на конец m -го года.

Тогда $S_m \times \left(1 + \frac{r}{100}\right)^m$ – его долг банку в начале $(m+1)$ -го года или $S_m \times k$, где $k = 1 + \frac{r}{100}$.

Представим систему погашения долга в виде схемы (рис. 1)




Рис. 1. Схема погашения долга перед банком

В соответствии с нарисованной схемой получаем цепочку равенств:

$$S_1 = S \times k - x,$$

$$S_2 = S_1 \times k - x = (S \times k - x) \times k - x = S \times k^2 - x \times k - x$$

КК

$$S_n = S_{n-1} \times k - x = S \times k^n - x \times k^{n-1} - x \times k^{n-2} - \dots - x \times k - x =$$

$$= S \times k^n - x \times (k^{n-1} + k^{n-2} + \dots + k + 1)$$

Работа с моделью: В соответствии с условиями задачи сумма долга в конце последнего года равна 0. Заметим, что сумма в скобках в последнем равенстве есть сумма n первых членов геометрической прогрессии, т.е. $S \times k^n - x \times \frac{k^n - 1}{k - 1} = 0$. Отсюда $x = S \times \frac{k^n \times (k - 1)}{k^n - 1}$ - размер ежегодной выплаты.

Интерпретация полученного результата: Общая сумма выплат - $n \times x$

По данной схеме осуществляется решение следующей задачи: Банк «Европа» предлагает потребительский кредит на сумму 664200 рублей под 25% годовых при условии, что кредит нужно выплачивать в течение четырех лет равными ежегодными платежами. Найти общую сумму платежей, внесенных клиентом, после погашения кредита[3].

Математическое решение приводит к следующим вычислениями:

$$x = 664200 \times \frac{1,25^4 \times (1,25 - 1)}{1,25^4 - 1} = 281250$$

$$4 \times x = 4 \times 281250 = 1125000$$

Модель в случае решения задачи средствами табличного процессора MSExcel представлена электронной таблицей (рис. 2) в режиме отображения формул

	A	B	C	D
1		Данные по кредиту		
2	Сумма кредита	664200		
3	Срок	4		
4	Ставка	0,25		
5				
6	Ежегодный платеж			
7				
8	год	долг на начало года	выплата	Остаток долга
9	1	=B2+B2*B4	=\$B\$6	=B9-C9
10	2	=D9+D9*\$B\$4	=\$B\$6	=B10-C10
11	3	=D10+D10*\$B\$4	=\$B\$6	=B11-C11
12	4	=D11+D11*\$B\$4	=\$B\$6	=B12-C12
13				
14	общая сумма выплат	=B6*B3		

Рис 2. Модель кредитования в режиме отображения формул

Размер ежегодного платежа найдем с помощью надстройки Подбор параметра, задав следующие данные (рис. 3)




Рис. 3. Диалоговое окно Подбор параметра

Результатом проведенного отбора будет значение, полученное в ячейке B6, общая сумма выплат – B14 (рис. 4)

	A	B	C	D	E	F
1	Данные по кредиту					
2	Сумма					
3	кредита	664 200,00 Р				
4	Срок	4				
5	Ставка	25,00%				
6	Ежегодный платеж	281250				
7						
8	год	долг на начало года	выплата	Остаток долга		
9	1	830 250,00 Р	281 250,00 Р	549 000,00 Р		
10	2	686 250,00 Р	281 250,00 Р	405 000,00 Р		
11	3	506 250,00 Р	281 250,00 Р	225 000,00 Р		
12	4	281 250,00 Р	281 250,00 Р	0,00 Р		
13						
14	общая сумма выплат	1125000				




Рис.4. Результаты подсчета

В результате вычислительного эксперимента, видим, что общий размер выплат составил 1125000 р.

Таким образом, обучение учащихся математическому моделированию способствует: во-первых - формированию навыков системного исследования, умения интерпретировать результаты исследования; во-вторых - систематизации информации по рассматриваемой проблеме, её представлении в виде данных, удобных для её решения с использованием компьютера.

Литература:

1. Сергеева Л.А. Практико-ориентированные задания как средство реализации прагматического аспекта математического языка // Вестник Псковского государственного университета. Серия: Социально-гуманитарные науки. 2014. №5. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/praktiko-orientirovannye-zadaniya-kak-sredstvo-realizatsii-pragmaticheskogo-aspekta-matematicheskogo-yazyka> (дата обращения: 03.12.2021).
2. Симонов А.С. Экономика на уроках математики. М.: Школа-Пресс, 1999. – 160 с.
3. Школково – образовательный портал для подготовки к ЕГЭ, ОГЭ и олимпиадам: [Электронный ресурс]. - <https://shkolkovo.net>. (Дата обращения: 03.12.2021).

УДК 004.087

ЗАМАНАУИ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ: ФОРМАСЫ МЕН МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Шабанова А.А

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2 курс магистранты, Ақтөбе қ.

Аннотация: ЖОО үшін маңызды мәселелердің бірі қаралды: оқу-білім беру үдерісінен ғылыми-білім беру үрдісіне көшу. Ақпараттық технологияларды жаңа деңгейде қолдану мәселесі жоғары оқу орындары үшін ерекше өзекті болатыны атап өтілді. Бұл, атап айтқанда, әртүрлі электронды оқулықтар жасауға қатысты. "Электрондық оқулық" ұғымы тұжырымдалған. Электронды оқулық қандай заманауи талаптарға сай болуы керек деген сұраққа толық жауап берілді. Студенттердің өзіндік жұмысы мен өзін-өзі бақылауы үшін оқу

материалдарының қол жетімділігін қамтамасыз етуге арналған "Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика" электронды оқулығын құру мысалы қарастырылды.

Түйінді сөздер: электрондық оқулық, электрондық оқулыққа қойылатын талаптар, Педагогикалық бағдарламалық құрал, оқытуды компьютерлендіру, ғылыми-білім беру процесі.

Оқытуды компьютерлендірудің ең қол жетімді түрі ДК қолдану, яғни оқыту үшін машина уақытын пайдалану және олардың білімін бақылау сауалнамасының нәтижелерін өңдеу. Компьютерлерді кеңінен қолдану тақырыптарды автоматтандыруға мүмкіндік береді әдістемелік құралдарды жасаудың күрделі рәсімін оңайлату түрлі оқу пәндері бойынша. Компьютерлік техниканы оқытуда қолданудың әсеріне пәндік маман ақпаратты, коммуникацияларды ұсынудың және мәліметтер мен білім базаларымен жұмыс істеудің әртүрлі құралдарымен қаруланған кезде ғана қол жеткізуге болады. Студенттерді оқытуда компьютерлерді қолдану ДК-ны аудиториялар үшін пайдалануға мүмкіндік береді (дәрістік және практикалық) және дербес сабақтар. Қазіргі уақытта студенттерді оқыту үшін негізінен жалпы мақсаттағы бағдарламалық қамтамасыз ету – мәтіндік редакторлар, электрондық кестелер және т. б.

Компьютерлік бағдарламаларды жіктеудің көптеген тәсілдері бар, бірақ олардың консенсусы және жалпы жіктелуі жоқ, оны бірқатар авторлар атап өтеді. Ұсынылып отырған жіктелімдердің бірі оқыту бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне негізделеді немесе автоматтандырылған оқыту жүйелерін пайдалану режимдерінде келесі типтерді бөліп көрсете отырып: суреттейтін, кеңес беретін, операциялық орта, тренажерлар, Үйретуші бақылау. Компьютерлік оқыту жүйелерінің бір түрі-электронды оқулық, ол берілген мүмкіндіктерге байланысты әр түрлі типтерге жатқызылуы керек. Электрондық оқулықты тексеру керек білімді игеру және алдыңғы ақпаратты игергеннен кейін ғана ақпараттың жаңа бөлігін ұсыну. Осылайша, электронды оқулық бір автоматтандырылған оқыту жүйелері бар қатар, бірақ біздің ойымызша, оларды толығымен анықтау мүмкін емес. Сондықтан терминологияны анықтау керек.

Электрондық оқулық-компьютерлік педагогикалық бағдарламалық жасақтама бірінші кезекте жаңа ақпаратты ұсынуға арналған, жеке оқуға қызмет ететін және студенттің алған білімін, іскерлігін және дағдыларын тестілеуге мүмкіндік беретін құрал. Электрондық оқулық жаңа типтегі оқу құралы ретінде ашық немесе ішінара ашық жүйе бола алады, яғни оқулықтың мазмұны мен құрылымына өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін жүйе. Алдымен электронды оқулықты өзгерту қажет болуы мүмкін осы университетте оқытылатын пәннің ерекшелігін, мүмкіндіктерін ескере отырып, оны пәннің нақты оқу жоспарына бейімдеу кезегі материалдық-техникалық базасы, оқытушының жеке тәжірибесі, ғылымның жай-күйі, білім алушылардың базалық дайындық деңгейі, пәнді оқытуға бөлінген сағат көлемі және т. б. Мәселені зерттей отырып, біз айқын (және жоқ) жүйелеуге тырыстық өте) электрондық оқулықтың әдеттегіден айырмашылығы. Электрондық оқулық оқу, бақылау жиынтығы екені түсінікті, магниттік тасымалдағыштарда орналастырылатын модельдеу және басқа да бағдарламалар ПЭВМ, онда білім берудің негізгі теориялық мазмұны көрсетілген пәндер. Сонымен қатар, электронды оқулық әдеттегі оқулықты жиі толықтырады, бірақ ол әсіресе тиімді болған жағдайда:

- жедел кері байланысты қамтамасыз етеді;
- қажетті ақпаратты тез табуға көмектеседі; кәдімгі оқулықта қиын;
- гипермәтіндік түсініктемелерге бірнеше рет жүгінген кезде уақытты айтарлықтай үнемдейді;
- қысқа мәтінмен қатар-көрсетеді, әңгімелейді, модельдейді және т. б. (дәл осы жерде мүмкіндіктер мен артықшылықтар көрінеді мультимедиялық технологиялар);
- бұл белгілі бір студент үшін тез, бірақ қарқынмен оқу материалының белгілі бір бөлімі бойынша білімін тексеруге мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықтың кемшіліктері аз ыңғайлы кәдімгі кітапты оқумен салыстырғанда мәтіндік ақпаратты қабылдау тиімді. Электрондық жүйеде адамның тиімді жұмыс істеуі үшін зерттеуші шешетін міндетке қарамастан, бастапқы деректерді, аралық мәліметтерді визуализациялау әдістері ерекше маңызды көрнекі бейнелерге сәйкес келетін бейнелер түрінде ағымдағы және соңғы ақпаратты ұсынудың бірыңғай нысанын қамтамасыз ететін өңдеу нәтижелері адамның қабылдауы және алынған мәліметтерді біржақты түсіндіруге ыңғайлы сұраныс. Интерфейстің маңызды талабы-оның интуитивтілігі. Айта кету керек, интерфейсін басқару элементтері болуы керек ыңғайлы және көрнекті, сонымен бірге олар негізгі нәрседен

алшақтамауы керек басқару элементтері өздері болған жағдайларды қоспағанда негізгі мазмұны болып табылады. Компьютер экранында ақпаратты ұсыну формаларын таңдау кезінде оқу іс-әрекетінің мазмұнынан ғана емес, сонымен қатар компьютер тиімді шешім стратегияларын іске асыру және "қолмен" қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ұсынатын мүмкіндіктер технология қол жетімді емес. Адамның компьютермен қарым-қатынасының ерекше ырғағына байланысты мәтіндерді түсіну мәселесі ерекше рөл атқарады. Бұл тек бағдарлама мәтіндерін түсінуге ғана емес, сонымен қатар оларды түсінуге де қатысты пайдаланушыға компьютер экранында көрсетілетін мәтіндер. Компьютер сияқты жаңа құралды пайдалану кезінде жаңа дағдылар мен дағдылардың қалай алынатынын зерттеу қажет.

Біздің зерттеуімізде Эргономика тобы жүйеленген экранда ақпаратты ұйымдастыруға қойылатын талаптар: экранда көрсетілетін ақпарат түсінікті, логикалық байланысқан, мазмұны және функционалдық мақсаты бойынша топтар; экрандағы ақпарат шамадан тыс кодтаудан және негізсіз, анықталмаған қысқартулардан аулақ болу керек; экранда ДК-ге қатысты терминдерді қолдануды азайту ұсынылады пайдаланушыға таныс терминдер; ақпаратты ұсыну үшін экранның шеткі аймақтарын пайдаланбау керек; экранда болуы керек тек қазіргі уақытта пайдаланушы өңдейтін ақпарат.

Қазіргі заманғы бағдарламалық құралдарда бірқатар әдістер қолданылады экрандағы ақпарат бөлігін бөлектеу: ақпаратты қайта құрылымдау ақпаратты бөлектейтін аймақтар, терезелер, сондай-ақ ақпараттың бір бөлігі үшін кері кескін және пайдаланушылардың назарын аударатын түрлі әсерлер (жыпылықтайды, жарықтығын арттырады және т.б.). АЖ- бұл әдістерді қолдану психологиялық негізделген, функционалды түрде анықталған және эргономикалық болуы керек.

Біз сұрақ-жауап хабарламалары мен кеңестерін ұсына аламыз орналастыру экранның жоғарғы жағында бөле отырып, айқын кездеспейтін отведенную үшін бұл аймақ, мысалы, оны экрандағы негізгі ақпараттан көлденең сызықпен бөлу. Түрлі хабарлар қажет отделять досым досыңыздан, көмекші ақпарат аймағында, мысалы, кеңестер үшін кері суретті қолдануды ұсынуға болады. Орналастыру аймақтары көмекші ақпарат экранында нақты сәйкестендірілуі керек – шақыру аймағы, түсініктеме аймағы, басқару хабарламалары аймағы, қате туралы хабарларға арналған аймақ. Экранды аймақтарға бөлу кезінде жеке аймақтағы белгілердің масштабын өзгертуге рұқсат етіледі. Назар аударатын әсерлер компьютер пайдаланушысын жобаға сәйкес қатаң қолдану керек пайдаланушының қызметі және қажет болған жағдайда ғана және психологиялық негізделген.

Электрондық оқулықтарды құру құралдарын топтарға бөлуге болады, мысалы, келесі көрсеткіштерді қамтитын кешенді критерийді қолдана отырып: мақсаты мен орындайтын функциялары; техникалық талаптарға қойылатын талаптар қамтамасыз ету; қолдану ерекшеліктері. Көрсетілген өлшемге сәйкес келесі жіктеу мүмкін:

- дәстүрлі алгоритмдік тілдер;
- жалпы мақсаттағы құралдар;
- мультимедиа құралдары;
- гипермәтіндік және гипермедиа құралдары.

Қарай сұрыптайды аспаптық құралдар жалпы мақсаттағы жөн емес адамдардың электронды оқулық жасау мүмкіндігін қамтиды білікті бағдарламашылар; айтарлықтай қысқарту электрондық оқулықты әзірлеудің еңбек сыйымдылығы мен мерзімдері; компьютерлер мен бағдарламалық жасақтамаға қойылатын төмен талаптар. Ашық білім беру жүйелерінің, соның ішінде электрондық ақпараттық қолдау жүйесінің жағдайында біз тек сызықты емес жүйелер туралы сөйлесе аламыз студенттерге ақпарат беру құрылымы. Электронды оқулықтарда мәтіндік материалды сызықтық емес беру әдісі гипермәтін деп аталады, мәтінде қандай да бір түрде ерекше сөздер болған кезде белгілі бір мәтін фрагменттеріне байланыстыру. Осылайша, пайдаланушы тек мәтін бетінің ретін айналып қана қоймайды, ол ауытқып кетуі мүмкін сілтеме бойынша сызықтық сипаттама, яғни процесті өзі басқарады ақпаратты беру. Гипермедиа жүйесінде суреттер фрагменттер ретінде пайдаланылуы мүмкін, ал ақпаратта мәтін, графика болуы мүмкін, видеофрагменттер, дыбыс.

Гипермәтіндік технологияны қолдану мыналарды қанағаттандырады құрылымы ретінде Электронды оқулықтарға қойылатын талаптар- пайдаланудың маңыздылығы мен ыңғайлылығы (қажет болған жағдайда мұндай оқулық сіз кез-келген серверге "орналастыра" аласыз және оны оңай реттей аласыз). Сондықтан заманауи электронды оқулық сәйкес келуі керек

келесі талаптар: таңдалған курс туралы ақпарат жақсы құрылымдалған болуы керек және жаңа ұғымдардың шектеулі саны бар курстың аяқталған бөліктерін ұсынуы керек;

* әрбір фрагмент мәтінмен бірге ақпаратты аудио немесе бейне форматында ұсынуы керек;

* мәтіндік ақпарат аудио немесе видео дәрістердің бір бөлігін қайталай алады;

* күрделі модельдерді немесе құрылғыларды ұсынатын иллюстрацияларда суреттің жеке элементтері (карталар, жоспарлар, схемалар, өнімді құрастыру сызбалары, қашықтан басқару пульті) бойынша курсордың қозғалысымен синхронды пайда болатын немесе жоғалып кететін жедел кеңес қажет

басқару және т. б.);

* мәтіндік бөлімде қажетті ақпаратты іздеу уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін көптеген кросс-сілтемелер, сондай-ақ осы үшін арнайы түсіндірме сөздікке қосылған қуатты іздеу орталығы болуы керек

пәндік облыс (глоссарию);

* бейне ақпарат немесе анимация бөлімдерді сүйемелдеуі керек,

кәдімгі презентацияда түсіну қиын;

* көптеген жағдайларда аудио ақпарат негізгі болуы керек

кейде оқулықтың ажырамас бөлігі.

Сонымен қатар, келесі негізгі жұмыс режимдерін ажыратуға болады электрондық оқулық: тексерусіз оқыту; тексерумен оқыту, онда әр тараудың соңында студент бірнеше жауап беруге шақырылады материалды меңгеру дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін қою арқылы білімді қорытынды бақылауға арналған бақылау бағалау. Осылайша, Электрондық оқулықтарға қойылатын заманауи талаптар олар құрылымдалған, өңдеуге ыңғайлы, көрсетілген материалдың көрінуін қамтиды. Жоғарыда аталған талаптарды қанағаттандыру үшін, гипермәтіндік технологияны қолданған жөн.

Оқулықтың электрондық нұсқасында бақылау құралдары бар, білімді бақылау оқытудағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Ұзақ уақыт бойы отандық білім беру жүйесінде білімді бақылау ереже ауызша түрде жүргізілді. Қазіргі кезеңде қолданылады тестілеудің әртүрлі әдістері. Әрине, көптеген адамдар бұл ұстаныммен бөліспейді, өйткені тесттер талдау сияқты қажетті дағдыларды жоққа шығарады, салыстыру және т.б. қашықтықтан оқыту жүйелерінде жаңа технологияларды қолдану мәселені сапалы түрде жаңа жолмен шешуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқытудың тиімділігін арттырады деп үміттенуге болады, сондай-ақ, бұл өзін-өзі дайындау үшін таптырмайтын құрал. Әрбір оқу курсы белгілі бір мерзімге арналған оның күрделілігіне байланысты зерттеу. Оқу бағдарламасы мен әдістемелік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, білім алушы Жеке оқу жоспарын, яғни өзінің оқу сабақтарының кестесін жасайды – ол оқу бағдарламасы Модулінің қандай оқу сұрағын нақты қай күні оқитынын анықтайды, ол осы жеке жоспарда өзінің оқу нәтижелерін үнемі атап өте алады.

Зерттеуде теориялық материалды ұсынудың оңтайлы құрылымын жасауға ерекше назар аударылды. Мазмұндағы бөлімді таңдап, оның құрылымдық сызбасын қарастыру, әр құрылымдық бірліктің түрін анықтау және осы бөлімдегі олардың арасындағы байланысты қарастыру қажет. Әр түрлі бөлімдердегі Құрылымдық бірліктер арасындағы байланысты ескере отырып, ең маңызды құрылымдық бірліктерді таңдап, оларға назар аудару керек оқу кезінде ерекше назар аударыңыз. Егер құрылымдық бірлікті зерттеу үшін алдыңғы бөлімдерден бірліктерді білу қажет, оларды қайталау керек, содан кейін құрылымдық бірліктің мазмұнын зерттеуге көшуге болады. Әрбір құрылымдық бірліктің мазмұнын игергеннен кейін орынды өзара байланысты қайталау үшін тараудың құрылымдық схемасына қайта оралыңыз және жүйелендіру әдістері.

Нақты тақырып-модульмен жұмыстың келесі кезеңінде білім алушы алынған материалдың дәрежесін тексеріп, өзін-өзі тексеруге ұсынылған сынақтардың көмегімен білімдегі олқылықтарды анықтай алады. Егер тест сұрақтарына жауап беруде қиындықтар туындаса, оқуға оралу керек бөлімнің тиісті құрылымдық бірліктері. Жұмыстың соңғы кезеңі тақырып-модульмен бақылау тестілеуі, сұрақтарға жауаптар оны студенттер кейіннен бағалау үшін оқу орталығына тапсырады тапсырманы орындау. Біздің зерттеуімізде ықтималдық теориясын оқыту әдістемесі және математикалық статистика математикалық және жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқыту жүйесінің жеке құрамдас бөлігі ретінде цикл. Оны

әзірлеу кезінде сақтауға көп көңіл бөлінді негіздейтін және ашатын жоғары мектеп дидактикасының оқытудың мазмұны, әдістері мен ұйымдастырушылық формалары. Сондықтан біздің электрондық оқулық және оны оқытуда қолдану көрнекілік негізінде дидактикалық принциптерге толық сәйкес құрылған, сана, жүйелілік, білім мен дағдыларды игерудің қол жетімділігі мен беріктігі. Электрондық оқулықтар екенін есте ұстаған жөн мұғалімнің мүмкіндіктерін арттыратын құрал ғана, бірақ оны алмастырушы емес. Дәл осы тұрғыдан біз байланысты мәселелерді қарастырамыз жоғары оқу орындарына арналған компьютерлік оқулықтарды әзірлеумен.

"Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика" электронды оқулығы оқытушыларға да пайдалы болуы мүмкін және оны қолдану математика курсы студенттерінің тереңірек оқуына ықпал ету және аралас пәндер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зайнутдинова Л.Х. Создание и применение электронных учебников. – Астрахань: ООО «ЦНТЭП», 1999.
2. Полянский Н.М. Электронные учебники. – М.: Кибернетика, 2000.
3. Христочевский С.А. Базовые элементы электронных учебников и мультимедийных энциклопедий // Системы и средства информатики. Вып. 9. – М.: Наука; Физматлит, 2003.

**Секция 2. ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ/
ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ
БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘРТҮРЛІ ДЕҢГЕЙЛЕРІНДЕГІ ОНЛАЙН ОҚЫТУДЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ/
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОНЛАЙН-ОБУЧЕНИЯ НА РАЗНЫХ УРОВНЯХ
ОБРАЗОВАНИЯ**

ӘОЖ 371.3:51

**МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ**

Амантаева Д.А. -

М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты

Жумағалиева А.Е. -

физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент

М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қаласы, Қазақстан

Андатпа: Қашықтықтан оқытуды енгізу оқушылардың өзіндік жұмысының үлесін арттыруға және ақпаратты іздеу, талдау және жалпылау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мақалада математика сабақтарында қашықтықтан оқыту технологияларын қолданудың тиімділігі қарастырылды. Сонымен қатар қашықтықтан оқытудың артықшылығы мен кемшіліктері жайында сөз қозғалды.

Түйінді сөздер: математика, қашықтықтан оқыту.

Жалпы білім беру сапасына қойылатын заманауи талаптар барлық оқу пәндерін оқытудың жаңа тәсілдерін анықтайды. Стандарт талаптарына сәйкес қазіргі мектеп бітіруші әр түлек өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі растауға, өзін-өзі жүзеге асыруға және өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге қабілетті болуы керек. Сонымен бірге олар ақпараттық кеңістікте өздерін еркін сезініп, бағдарлай білу қажеттілігі туындайды. Мұғалім үшін сыныпта оқушылардың оқу материалдарын оқып қана қоймай, ақпаратты өз бетінше іздеуге және өңдеуге, онымен алмасуға, өз бетімен жұмыс істеп, шығармашылықпен дамуына ынталандыратын оқыту ортасын қалыптастыру маңызды.

Қазіргі таңда барлығы үшін үздіксіз білім алу қажет екені белгілі. Мектептен кейін колледж не жоғары оқу орны, одан кейін біліктілік арттыру курстары және т.б. деп жалғаса береді. Бұлардың бәрі негізгі жалпы білім, оның ішінде математикалық сауаттылықты талап етеді. Мектепте математика басқа пәндерді меңгертуде тірек пәні қызметін атқарады деп қарастыруға болады. Көптеген мамандықтар математиканы тікелей қолданумен байланысты: экономика, қаржы, химия, информатика, техника, биология, психология, робототехника және басқалар.

Бастауыш, негізгі және орта жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарында математикалық білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалануға үлкен көңіл бөлінген.

Тарихқа сүйенсек математиктер әрдайым өз заманының өзекті мәселелерін шешу үшін де, жас ұрпаққа математиканы үйрету үшін де алдыңғы қатарлы технологияларды қолданған.

Заманауи технологияларды қолдану - бұл оқытудың тиімділігін арттырудың, математиканы оқытудың жаңа деңгейіне көшудің кілті.

Соңғы жылдары танымал бола бастаған ақпараттық-коммуникациялық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдаланудың кең тараған тәсілдерінің бірі – қашықтан оқыту.

Қашықтықтан оқыту бұрыннан педагогтердің де, білім алушылардың да назарын аударып қызықтырады. Сапалы қолжетімді білім мәселесі ауқымды аумақтары бар Қазақстан үшін ерекше өзекті. Бұл мәселе компьютерлік технологиялардың дамуымен және интернеттің пайда болуымен жеңіл шешілуде.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы заңында «қашықтан оқыту» деп педагог пен білім алушылардың қашықтан, оның ішінде ақпараттық-

коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимыл жасауы кезінде жүзеге асырылатын оқыту түрі деп көрсетілген.

Қашықтықтан білім беру – оқытуды сапалы әрі қолжетімді етуге мүмкіндік беретін жаңа, заманауи технология. Мектепте математиканы қашықтықтан оқытуды құру өзекті, кең практикалық маңызы бар. Мысалы, әртүрлі себептермен мектептегі сабақтан қалып қойған жағдайда, оқушының "виртуалды мектепке" шығып, сабақта өткен материалды өз бетінше зерделеп, бекіту үшін тест жұмыстарын немесе тапсырмаларды орындап өз білімін тексеру мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, егер оқушыға математика пәні қатты ұнаса, онда ол сабаққа қосымша материал пайдалана отырып, әр түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындай отырып өздерінің ой-өрістерін кеңейте алады.


Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, білім беру бағдарламаларын іске асырудың негізгі нысаны on-line сабақ болып табылады. Мұндай сабақтарды өткізу электрондық байланыс құралдары мен арнайы бағдарламалардың Skype, Zoom көмегімен, Onlinemектер, Microsoft Teams және т.б. платформаларда жүзеге асырылады.

Бүкіл әлемді жаулаған коронавирустық инфекцияның таралуын азайту шаралары кезінде барлық оқу орындары қашықтықтан оқыту форматына ауысқаны белгілі. Осы қиын кезеңде оқытушы да, білім алушы да толық меңгере қоймаған қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану мүмкіндігі туды.

Сол кезде қарқынды дамып келе жатқан білім беру платформаларының ішінен біздің Батыс Қазақстан облысының мектептерінің 80%-ы Onlinemектер платформасын таңдаған болатын. Ондағы бейне конференция мүмкіндігі математика сабақтарына ыңғайсыз болғандықтан, біз тәжірибе өткізу барысында онлайн математика сабақтарын Zoom қосымшасы арқылы өткіздік. Мұнда сабаққа дайындаған материалдарымды экранға шығару мүмкіндігі бар және бұл қосымша арқылы мұғалім оқушыларды сабаққа қатыстырып, бірлесіп есептерді талдап, шығарта алады. Геометрия сабағында экрандағы тақтада бір оқушы есептің қысқаша шартын жазып отырса, екіншісі есеп шартына сәйкес сызбасын салады. Zoom-да геометриялық фигуралар мен түс таңдау мүмкіндігі зор.

Сонымен қатар онлайн сабақтағы бейнеконференция кезінде WhatsApp қосымшасын да пайдаландық. Мұнда оқушылармен ашылған жалпы чатқа берген тапсырмалар тексерілді, яғни алғаш жіберген 5-6 оқушының жұмысына тоқталып, баға беріліп, оқушылар бір-бірінің қателерін түзеп, есептеудің тиімді жолдарын, есептің дұрыс шешімін көрсетті.

Әр сабақ басында өткен сабақтың үй тапсырмасын тексереміз, ол үшін алдын-ала презентацияда ең үздік орындаған бірнеше оқушының жұмысын салып отырдық. Мұнда кей оқушылардың жіберген қателіктеріне тоқталып, олардың бір есепті бірнеше жолмен шығарған тұстарына назар аудартып талдау жүргізгеніміз өте тиімді болды. Өйткені әр оқушы үй тапсырмасында жіберген қателіктерін немесе өз сыныптасының өзгелеу орындаған жұмысының шешу жолдарын көреді. Төменде осылай орындаған оқушылар тапсырмасы көрсетілген.




«Бөлімдері әр түрлі жай бөлшектерді қосу және азайту» тақырыбы бойынша оқушылардың орындаған үй жұмысы

Сабақ аяқталғаннан кейін оқушылар қалған уақытта Onlinemектер платформасының деңгейлі тапсырмаларын орындап отырды. Мұнда дұрыс орындалған тапсырмалар үшін балл қойылады. Сонымен қатар, мұнда мұғалімнің өзі құрыстырған тапсырмалары қамтылған сабағын қосу мүмкіндігі болды.

Жаңа сабақты меңгеруде оқушыларды қызықтыру үшін әр түрлі қосымшалар, танымдық видеолар қолданылды. Мысалы, «Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы» тақырыбында үшбұрыштың үш бұрышының бірін өзгерткенде басқа бұрыштары да

өзгеретініне және олардың қосындысы 180° болатынына көздерін жеткізетін қосымшаны пайдаландық.



«Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы» сабағы

Сабақ аяқталғаннан кейін оқушыларға тақырыпты қайта еске түсіру үшін және асықпай қарап зерттеу үшін сабақта қолданған қосымшалар мен видеолардың сілтемесін беріп отырған абзал.

Жаңа сабақты ұқпай қалған немесе тапсырмаларды орындамас бұрын тағы бір қайталау керек деген оқушылар үшін осы тақырыбы түсіндірілген (автор тақырып) YouTube каналындағы видео сабақ сілтемесін жіберіп отырдық. Мысалы, BilimLand онлайн-мектебінің видео-сабақтар топтамасы. Одан қалса, бәрін ұғып, тапсырмаларды уақытымен жақсы орындап аяқтаған сыныптастарынан көмек сұраймыз. Жаңа тақырыпты ұққан оқушылар тақырыптың бір бөлігі үшін бір-екі минуттық шағын видео түсіреді. Мысалы, аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру деген тақырыбы бойынша. Тақырыптың кейбір тұстарын еске түсіру үшін оқушылардың бала тілімен түсірген шағын видеоларының көмегі зор болды. Мұғалімнің не интернеттегі видео сабақтың ғылыми тілмен түсіндірілген сабақтарынан гөрі кей оқушылар өз сыныптастарының қарапайым бала тілімен түсіндірілген видео сабақтарын қарау арқылы жаңа тақырыпты жақсы ұқты.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. [1, 216 б.]

Қашықтықтан оқыту оқушыға өз бетімен жұмыстануды міндеттейді. Дегенмен баланың аты бала, оның үстіне қасында мұғалім түгел ата-атасы жоқ бала басқа қызықтыратын фильмдер, ойындарға алаңдап кетпеуі мұғалімнің жұмысты дұрыс ұйымдастыруы мен бақылауында. Тапсырманы орындамай отырған оқушыларға телефон соғып хабарласып отырдық. Әр оқушының сабақ кезіндегі жұмысын, өз бетімен жұмысын бақылау мақсатында оларға балл немесе «+», «-», «=» белгілерін қойып отырдық. Сонымен бірге куратордың немесе ата-анасының тарапынан бақылауды талап ететін оқушыларды ерекшелеп отырдық. Сөйтіп оқушылардың сабаққа дер кезінде қосылуына мен қатысуына және өздігінен жұмыстануына жауапкершілігі артты.

№	Аты	Информация	11.01 алғабра			12.01 геодезия			13.01 алғабра			15.01 алғабра		
			Сабак	Сынып бағасы	Үлгілік	Сабак	Сынып бағасы	Үлгілік	Сабак	Сынып бағасы	Үлгілік	Сабак	Сынып бағасы	Үлгілік
1	Амангәлі Әліұлы	8 777 287 39 01	+	10/7	7	-	8/4	6	-	10	6	-	0	3
2	Амангәлі Әліұлы	8 776 054 79 66	+	8/8	5	+	9/7	6	-	8	8	-	0	5
3	Ақматай Дүйішев	8 775 513 80 01	+	9/9	7	-	8/8	6	-	9	6	-	3	0
4	Ақжолымбет Нисея	8 778 638 56 55	+	10/10	0	-	10/10	0	-	7	0	-	0	0
5	Ақжолымбет Нисея	8 777 180 41 71	-	10/10	10	-	9/10	10	++	4	9	++	4	10
6	Аманжол Аманжол	8 777 057 40 10	-	8/9	3	++	9/10	10	++	9	11	++	9	10
7	Аманжол Аманжол	8 771 491 24 52	+	9/10	8	-	8/8	8	-	10	7	-	0	0
8	Аманжол Аманжол	8 771 501 12 48	-	8/8	0	++	7/8	0	-	9	0	++	3	0
9	Аманжол Аманжол	8 775 002 28 80	+	10/0	0	-	8/9	8	-	9	4	-	0	0
10	Аманжол Аманжол	8 777 208 70 33	+	8/9	8	-	7/8	10	+	10	10	+	10	10
11	Аманжол Аманжол	8 777 001 00 00	-	9/11	4	++	9/9	9	-	4	10	++	10	10
12	Аманжол Аманжол	8 777 180 41 71	-	8/10	7	+	7/7	7	++	9	8	++	3	3
13	Аманжол Аманжол	8 771 307 30 28	+	8/8	0	-	8/8	0	-	7	0	-	0	0
14	Аманжол Аманжол	8 777 012 00 00	-	8/10	0	-	6/9	0	-	8	0	-	10	0
15	Аманжол Аманжол	8 778 010 41 06	+	8/10	0	-	10/9	9	-	8	0	-	0	10
16	Аманжол Аманжол	8 778 053 50 47	+	10/0	8	-	10/0	0	-	10	0	-	0	0
17	Аманжол Аманжол	8 777 001 00 00	-	10/10	5	++	9/8	0	-	10	0	-	0	0
18	Аманжол Аманжол	8 777 001 00 00	-	8/9	7	+	8/0	7	-	9	7	++	3	3
19	Аманжол Аманжол	8 777 001 00 00	-	10/10	4	++	9/9	7	++	4	0	++	10	10
20	Аманжол Аманжол	8 777 012 00 00	-	10/10	7	-	8/9	8	-	9	10	++	9	7
21	Аманжол Аманжол	8 778 257 04 82	+	9/9	0	-	8/0	0	+	7	0	-	3	0
22	Аманжол Аманжол	8 778 513 80 01	+	9/9	7	-	9/8	7	+	8	8	+	0	10
23	Аманжол Аманжол	8 777 001 00 00	-	10/4	6	++	9/9	8	++	11	9	++	10	10
24	Аманжол Аманжол	8 777 205 70 36	+	9/10	8	-	6/9	6	-	10	7	-	10	8

7 сынып оқушыларының бағалау формасы

Білім беру жүйесінің түгел онлайн форматқа ауысуы оқушылардың білім сапасына жақсы әсер етпеді. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, ынтасын арттырса, кей оқушылар үшін жай ойынға айналғаны белгілі. Өйткені, мұғаліммен жүздесіп отырып сабақ алмаған соң, мұғалімнің бақылауында болмаған соң, еркінсіп, интернет желісін білімге қажет емес жағынан пайдаланған оқушылар да болды. Дегенмен бірақ кей оқушылар үшін бұл кедергі болмады. Керісінше сабаққа ынтасы ашылып, тапсырмаларды уақтылы орындап, өзін көрсете білген оқушылар да болды. Атап айтсақ, 7 сыныптағы бір оқушы төменгі сыныптарда математикадан бағасы «жақсы» болса, қашықтықтан оқу кезінде оның математикаға қызығушылығы оянып, бағасын «үздік» деңгейіне көтеріп қана қоймай, облыстық, республика деңгейіндегі түрлі конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, дарынды балалар қатарын көбейтті.

Математиканы оқытуда қолдану үшін ең ұтымды болып күндізгі және қашықтықтан оқыту формаларын біріктіруге негізделген оқыту моделі табылады. Бұл модельде оқудың бір бөлігі күндізгі бөлімде өтеді, бір бөлігі қашықтан басқару режиміне ауысады. Күндізгі және қашықтықтан оқыту түрлерінің біріктірілуі жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізу, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру, негізгі оқу құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Білім алушыларда өз бетінше, олар үшін ыңғайлы режимде жеке бағдарламалар бойынша жұмыс істеуге, таңдалған курстардан өтуге, білімді тереңдетуге, білімдегі олқылықтарды жоюға, қосымша материалдарды зерделеуге және мұғалімнің бетпестік консультацияларын алуға мүмкіндік бар. [2, 37 б.]

Қашықтықтан оқыту кезеңі аяқталғанымен, қашықтықтан оқыту технологияларын қолдануды әрі қарай жандандыру қажет деп ойлаймын. Мектепте таңнан кешке дейін баланы ұстамай, түстен кейінгі кей қосымша факультатив сабақтарды, элективті курстарды онлайн түрде өткізіп, тапсырмаларды түрлі білім беру платформаларында жүктеу арқылы оқушының денсаулығын сақтау, үнемдеген уақытын өзіне пайдалы шығармашылық істерге көмегі зор деп ойлаймыз. Ыстық тағамын уақтылы ішіп, жылы жайлы жерде отырып жасаған жұмыстары өнімді болатыны сөзсіз.

Қашықтық олимпиадалар мен конкурстар математиканы оқуға деген ынтаны арттыру, дарынды балаларды анықтау, олардың танымдық қызметін жандандыру және әртүрлі мектеп пәндері, атап айтқанда математика бойынша сыныптан тыс жұмыстарды әдістемелік қолдау мақсатында өткізіледі. Қашықтықтан өткізілетін байқаулар білімді тереңдетуге, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жұмыс істеу қабілетін жетілдіруге, алынған ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және қорыту қабілетін жетілдіруге көмектеседі. Ұсынылған тапсырмалар әдетте шығармашылық сипатта болады. Оқушыларға эрудиция мен тапқырлық, сондай-ақ қажетті ақпаратты тез таба білу қажет. Бұл бүгінгі таңда ақпараттық құзыреттілік сияқты негізгі құзіреттіліктің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. [2, 38 б.]

Қашықтықтан оздырылатын олимпиадалар мен байқауларға қатысу оқушыларға өз құрдастарымен бүкіл қазақстандық және халықаралық деңгейде бәсекелесуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар республика және халықаралық деңгейдегі дарынды балаларға арналған онлайн

мектептерінде білім алу мүмкіндігі де бар. Бұл оқушылардың өзін-өзі бағалауын, оқу мотивациясын, жеке өсуін, өз күштері мен мүмкіндіктеріне деген сенімділігін, жаңа жобаларды іске асырудағы батылдығын, бастамашылдығын арттыруға ықпал етіп, соның нәтижесінде еліміздің зор үмітін ақтайтын саналы, білімді азаматтар қатары көбейетіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақшалова Б.Н., Алмабаева Г.Б. *ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №1 (153). 2015;*
2. Сурхаев М.А. и др. *Вестник РУДН. Серия: Информатизация образования. 2017. Т. 14. № 1. С. 34-41;*

УДК 372.854

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ВИРТУАЛДЫ ЗЕРТХАНАНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Ахметова А.Н.

*химия пәнінің мұғалімі, «Сәулет» мектеп-лицейі
БҚО. Тасқала ауданы, Тасқала ауылы*

Андатпа: Химияны оқытуда виртуалды зертханалар мен виртуалды экспериментті қолдану талқыланады. Виртуалды химиялық зертхананың түсінігі талданып, оның негізгі функциясы — білім беру ұйымдарының оқу процесінде химиялық эксперимент жүргізу мақсатында компьютерлік модельдеу ретінде химиялық зертханасы болып табылатындығы анықталды. Виртуалды химиялық зертханалардың түрлері, әдістемелік жағдайлары және химиядан виртуалды эксперимент жүргізу тәсілдері қарастырылды.

Түйінді сөздер: виртуалды зертханалар, виртуалды химиялық эксперимент.

«Егер оқушы мектепте ештеңе жасауды үйренбесе, онда өмірде ол тек қана еліктейді, көшіреді»
(Л.Н. Толстой)

Пән мұғалімінің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың оқуға, шығармашылыққа деген қызығушылығын дамыту болып табылады. Оқу үрдісіне деген қызығушылық оқушылардың пәнді тереңірек білуге ынталандыратын және оның шығармашылық қабілеттіліктерін дамытатын маңызды құрал болып табылады. Қазіргі кезде оқушының тек қана білім, дағды жиынтығын игеру жеткіліксіз, оларды нақты жағдайларда игеру және қолдана білу қажет. Біздің қазіргі оқушылар қоғамда табысты түрде бірігуге және әлеуметтенуге дайын болуы қажет. Бұл мәселені шешуге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмектеседі, онсыз қазіргі мектепті елестету мүмкін емес.

Химия – мектеп бағдарламасындағы ең қиын жалпы білім беретін пәндердің бірі. Теориялық материалдың үлкен көлемі, кейде қиын, пәндік шеберліктер мен дағдыларды игеру, оқуға бөлінген сағаттардың аз саны оқушылардың пәнге деген қызығушылығын төмендетеді. Тіпті химияның мектептегі курсының базалық деңгейін меңгеру оңай емес. Сондықтан педагог ретінде менің міндетім оқушыны белсенді қызметке қосу, химияға деген қызығушылығын жоғарлату, себебі білім сапасы көбінесе оқу пәніне деген қызығушылығымен анықталады. [1]

Мен онлайн қашықтықтан оқыту барысында және деңсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларына химия пәнін оқыту кезінде бірқатар проблемаларға тап болдым: мұндай балалармен материалды игеру өте баяу жүреді, ойлау қабілеттіліктерінің төмен жылдамдығы, қысқа мерзімді есі, оқыған материалдарды үнемі қайталауды және бекітуді талап етеді; есептік және практикалық материалдарды шешуге уақыттың жеткіліксіздігі; оқушыларға теориялық материалды қабылдау қиын. Химия – эксперименттік ғылым, және де оқытушы сабақта әрдайым химиялық экспериментке үлкен үміт артады, ол балалардың белсенділігін қызықтырады және ынталандырады. Менің ойым бойынша, қашықтықтан оқыту

технологиялары мұндай тәжірибелік шеберліктер мен дағдыларын қалыптастыру үшін жақсы мүмкіндік береді. Мұндай дағдыларды дамыту үшін мен жұмыстың әр түрлі формаларын қолданамын: көрсетілім эксперименттер, зертханалық тәжірибелер, практикалық жұмыстар. Оқушыларда ең жоғары қызығушылықты виртуалды эксперимент тудырады, оны мен екі түрде қолданамын: виртуалды көрсетілім, виртуалды зертхана.

Виртуалды көрсетілім – бұл химиялық процестердің белгілері мен жағдайларын ұқсататын, визуалды нәтижелерді жасайтын, экранда динамикалық бейнені ойнататын компьютерлік бағдарламалар. Мұндай виртуалды көрсетілімдердің көптеген мөлшері <http://school-collection.edu.kz/> сайтында орналасқан. Мұндай бағдарлама оқушылардың жұмыс алгоритміне араласуына жол бермейді. [2,3]

Мысалы, «Күкірт және оның қасиеттері» тақырыбын оқытуда (9-сынып).

«Күкірттің аллотропты модификацияларының өзара әрекеттесуі» көрсетілімін қолданамын.



Тақырып: «Қышқылдардың қасиеттері» (8сынып). «Қышқылдардың индикаторға әсері»


Виртуалды зертхана – бұл компьютерде химиялық процестерді моделдеуге, оны жүргізу жағдайлары мен параметрлерін өзгертуге мүмкіндік беретін бағдарлама. Мұндай бағдарлама интерактивтік оқытуды жүзеге асыру үшін ерекше мүмкіндік береді. Виртуалды зертханаларды интерактивтік дәрежесіне қарай жіктеуге болады, ол оқушылардың компьютерлік бағдарламамен өзара әрекетінің тереңдігін сипаттайды. Мен виртуалды зертхананы пайдаланамын, ол <http://www.virtulab.net/> сайтында ұсынылған. Мұнда химия бойынша интерактивтік практикалық жұмыстар мен тәжірибелерге үлкен таңдау орналастырылған. Тәжірибелердің тақырыбы химия пәні бойынша негізгі жалпы білім берудің үлгілік бағдарламасына толық сәйкес келеді және Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігі ұсынған химия оқулықтарына бағытталған. Нұсқаулықта физикалық және химиялық қасиеттерді оқу, металдар мен металл емес заттарды, олардың қосылыстарын алу және қолдану бойынша жұмыстар ұсынылған. Бұл сайтта тікелей жұмыс істеуге болатын 25 тақырып, бұл қашықтықтан оқыту кезінде өте маңызды. Виртуалды зертхананың бөлімдері анимациялық, интерактивті. Оқушылар өздеріне ыңғайлы уақытта осы немесе басқа бөлімнің тақырыбын өз бетінше орындай алады

«Виртуалды зертхана» бірегей. Бірде-бір түтік, бірде-бір химиялық зат болмаса да, осы бағдарлама аясында тәжірибелер жасауға болады. Ол үшін көмекші бар, ол оқушының қадамын көрсетіп, оның қателіктерін айтады. Виртуалды реактивтер мен жабдықтарды қолдана отырып, нақты зертханадағыдай тәжірибе жүргізуге болады. Бұл бағдарлама әртүрлі құрылғыларды жинауға, құрамдас элементтерден орнатуға, реакциялардың жағдайын өзгертуге мүмкіндік береді. Бағдарлама оқушының әрбір әрекетін бақылайды, оны тәжірибені сәтті орындау үшін барлық кезеңдерден өткізеді. Виртуалды зертханаларды пайдаланумен зертханалық тәжірибелер мен практикалық жұмыстарды орындап, оқушылар өзіндік түрде химиялық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейді, оқытушы кеңесші ретінде әрекет етеді. Виртуалды оқу экспериментінің маңызды артықшылығы - оқушылар оған бірнеше рет орала алады, ал бұл материалды неғұрлым берік және терең игеруге ықпал етеді[4]

Виртуалды зертхананы пайдалану мысалдары. Тақырыбы: «Металдардың химиялық қасиеттері» (9 сынып). Зертханалық тәжірибе: «Темір мен мырыштың тұз қышқылында еруі»



Тақырып: «Көмірсутектер» (10 сынып). Зертханалық тәжірибе: «Көмірсулар модельдерін жасау»



Сонымен қатар нұсқаулықта тұрмыстық практикалық бағыттағы тәжірибелер ұсынылған. Мен оларды «Химия және адам деңсаулығы» тақырыбын оқыту кезінде қолданамын. «Үйдегі медициналық дәрі қобдишасының дәрілік препараттарының үлгілерімен танысу»

Бұл виртуалды зертхананың интерактивтілік деңгейі жоғары емес, өйткені оқушы дайын көріністер бойынша тәжірибе өткізеді. Күшті, дарынды оқушылар үшін интерактивті дәрежесі жоғары виртуалды зертханаларды қолданған жөн, онда дайын көріністер жоқ, оқушы құрылғыны өз бетінше жинап, жабдықтар мен реактивтерді таңдап, тәжірибе үшін жағдайларды таңдауы керек.

Виртуалды зертхананың артықшылықтары келесілерді бөліп көрсетуге болады:

1. Оқушыларды нақты жағдайда химиялық практикumға дайындау;
2. Жабдықпен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын пысықтау;
3. Виртуалды зертхананың қауіпсіз жағдайларында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындауға үйрету;
4. Заттар мен реакция өнімдерінің зияндылығына немесе реактивтер мен жабдықтардың жеткіліксіз жабдықталуына байланысты мектептің химиялық зертханасында қолжетімсіз эксперименттер жүргізу;
5. Химиялық реакциялардың механизмдерін және химиялық өндірістердің технологиялық процестерінің динамикасын көрсететін химиялық процестер мен объектілердің көрнекілігі;
6. Оқу уақытын үнемдеу;
7. Химияны қашықтықтан оқыту кезінде қолдану.

Осылайша, бақылаулар көрсеткендей, оқушылардың виртуалды зертханада әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмысы ұқсас демонстрациялық экспериментке қарағанда эксперименттік дағдыларды тереңірек қалыптастыруға ықпал етеді. "Виртуалды зертхана" сияқты білім беру ресурсын пайдалану оқытудың жүйелі-әрекеттік тәсілін жүзеге асыруға, сондай-ақ оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерін және дербес, танымдық қызмет саласындағы құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді, атап айтқанда

- сабақты қызықты, көрнекі ету
- оқушыларды белсенді танымдық және зерттеу қызметіне тарту;
- оқушылардың өздерін іске асыруға, өз мүмкіндіктерін көрсетуге ұмтылысына ықпал етеді;
- интерактивті режимде жұмыс істеу;
- оқу ақпаратын визуализациялау;
- бақылауды, өзін-өзі бақылауды және өзін-өзі түзетуді жүзеге асыру;
- имитация жағдайында зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізу.

Химиялық эксперимент химияны оқытуда жетекші орындардың бірін алады. [5]

Қашықтықтан оқыту жүйесінде бұл өте қажет, өйткені мүмкіндігі шектеулі балалар көбінесе нақты әлемнен ажырайды, әртүрлі құбылыстарды байқай алмайды, фактілерді көре алмайды, себеп-салдар байланысын орната алмайды, қорытынды жасай алмайды. Эксперимент балаларда тұрмыстық химиялық сауаттылықты қалыптастырады, әртүрлі заттармен дұрыс жұмыс істеуге үйретеді, мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда сәтті әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Белохвостов А.А, Аршанский Е.Я. Виртуальный эксперимент на уроках химии // Химия в школе – 2012 № 4. С. 49-55.
2. Виртуальная образовательная лаборатория VirtuLab. Режим доступа: <http://www.virtulab.net/>
3. Единая Коллекция цифровых образовательных ресурсов. Режим доступа: <http://school-collection.edu.kz/>
4. Емцова О.М., Васильева П.Д. Дистанционное обучение химии детей сограниченными возможностями здоровья // Инновации в преподавании химии. Сб. науч. и науч.-метод трудов 3 Всерос. науч.-практ. конф. – Казань: Изд-воКазанского ун-та, 2012. – С. 84–87.
5. Пищик А. В. Информационно-коммуникационные технологии и современный урок. // Химия. Все для учителя, 2012, № 2 (14), С.4-10

УДК 372.8

ОРГАНИЗАЦИЯ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ В КЛАССАХ С ДЕТЬМИ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Байбулова А.К.,

*учитель русского языка и литературы,
ОШ №7 г.АксаЯБурлинский район с. Кызылтап*

Аннотация. В рамках инклюзивного образования особое место занимает обучение детей с особыми образовательными потребностями. Важным компонентом в обучении детей с особыми образовательными потребностями является организация процесса обучения. В связи с этим при обучении русскому языку и литературе большое внимание уделяется работе по формированию речевых навыков, навыков общения и письма как необходимого навыка через применения цифровых технологий. Считаю, что применение цифровых технологий в учебном процессе обеспечит успех в дальнейшей жизни.

Ключевые слова: инклюзив, цифровые технологии, русский язык и литература, ученики.

Необходимо «усилить внимание нашим гражданам с ограниченными возможностями. Для них Казахстан должен стать безбарьерной зоной. Позаботиться об этих людях, которых немало, – наш долг перед собой и обществом

Н. Назарбаев

Сегодня задача государства и общества – сделать так, чтобы все дети могли получить образование и жить максимально полноценно, вне зависимости от возможностей здоровья.

Инклюзивное образование — это процесс обучения, при котором дети, независимо от физических, психических, интеллектуальных, культурно-этнических, языковых и иных особенностей, включены в общую систему образования и обучаются вместе со своими сверстниками в одних и тех же общеобразовательных школах.

Инклюзивное образование воспринимает ребенка таким, какой он есть, подстраивает под него систему образования. В основу инклюзивного образования положена идеология, которая обеспечивает доступ к образованию для детей с особыми потребностями, уменьшает дискриминацию таких детей. Таким образом, инклюзивное образование является наиболее перспективной формой образования детей с особыми образовательными потребностями. [1, с.10]

Инклюзия (вовлечение) в современной образовательной системе имеет положительную динамику при использовании цифровых технологий. Она предполагает равный доступ к образовательным услугам для всех обучающихся, независимо от психофизических особенностей. Смысл инклюзии состоит в том, чтобы уже в юном возрасте человек мог находиться в обществе и стать полноправным гражданином своей родины. Какие возможности образования существуют для детей с особыми возможностями здоровья? Дети с особыми возможностями здоровья могут обучаться в любой образовательной организации Казахстана по выбору семьи с учетом их психофизических особенностей, индивидуальных возможностей и состояния здоровья. В педагогической практике часто встречаются ученики с диагнозами задержка психического развития и общее недоразвитие речи.

Инклюзивное образование в процессе осуществления адаптации личности опирается на основные принципы:

- **У учащихся равные права в школьном коллективе;**

- Каждый ученик имеет право на общение и на то, чтобы быть услышанным;

- Каждый ученик имеет право на уважительное отношение к себе;

- В школьном коллективе должна доминировать толерантность ;

- Семьи детей с особыми возможностями ребёнка должны активно участвовать в жизни школы;

- Ученики с особыми возможностями ребёнка могут принимать активное участие в общественной жизни школы; [3, с.15]

Ученик получает такое же образование, как и его одноклассники, но при этом овладеть учебной программой ему помогают облегченные задания, понимание и уважение учителей. Родителей здоровых школьников призывают не опасаться, что качество преподавания якобы может пострадать от того, что в классе есть ребёнок с ограниченной возможностью. Учёба для такого школьника всё же является испытанием и для него, и для родителей, и для учителей, и порой даже для одноклассников. Поэтому на протяжении всего процесса обучения им оказывается особая поддержка. При реализации образовательных программ учителя применяют облегченные задания, используют учебные пособия и технические средства.

Организация педагогической деятельности:

- индивидуальные, групповые, беседы-консультации;- тренинги;

- коррекционно-развивающие игры;- рисунотерапия;- музыкотерапия;- просмотр видеоматериалов;- тренинговые упражнения;

- игры;



На уроках русского языка и литературы в 5 классах с казахским языком обучения очень часто применяю QR-коды, которые позволяют открыть веб-сайт, просмотреть PDF-файл, прослушать музыку, посмотреть видеоролики на Youtube, сохранить изображения. И в использовании он очень прост. Детям только нужно PlayMarket скачать сканер QR.

Упражнение 464 страница 74-75. Песенка о зарядке

1. Прослушай "Песенку о зарядке"
2. Определи тему
3. Найди ключевые слова



videoplayback (4).mp4

Урок по теме В. Голявкин. "В любом деле нужно уметь работать"


Упражнение 478 с.80

Прослушай текст В. Голявкин. "В любом деле нужно уметь работать"



В любом деле нужно уметь работать—Виктор Голявкин—читает Павел Беседин.mp4

В конце урока можно детям предложить игру Kahoot. Это бесплатная игровая платформа для обучения в игровой форме, которая подходит для любого учебного предмета и любого возраста. Всё, что нам понадобится, это свой компьютер, проектор и наличие смартфонов или телефонов у детей в классе. Учащиеся со своих смартфонов переходят по ссылке kahoot.it, вводят код игры, который генерируется автоматически. Далее учащиеся вводят свои имена, и как все учащиеся войдут, то учитель запускает тест, нажав старт. Вопросы к упражнениям и ответы к заданиям появляются на экране, учащиеся отвечают со своих смартфонов.



Можно сделать вывод о том, что обучение в общеобразовательной школе среди нормально развивающихся сверстников даёт возможность ребёнку с особыми общеобразовательными потребностями чувствовать себя обычным.

Адаптация детей с особенными потребностями в общеобразовательных школах проходит лучше, чем в специализированных учреждениях, поскольку дети получают там также и социальный опыт. Кроме того, считается, что здоровые дети, обучаясь вместе с детьми с особыми потребностями, развивают толерантность и ответственность, становятся самостоятельнее. Только комплексный подход, применение цифровых технологий помогут учащимся преодолеть, освоить общеобразовательную программу, повысить культурный уровень жизни. При таком подходе школа выпускает учеников, адаптированных к современным условиям жизни.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДҢ САБАҚТАН ТЫС ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ерниязова А.М.

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтобе өңірлік
университетінің 2курс магистранты*

Аннотация: Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Сыныптан тыс әрекеттерін тиімді ұйымдастырудың әдісі мен тәсілдері.

Кілт сөздер: инклюзивті оқыту, даму, шығармашылық, психологиялық мәдениет, педагогикалық мониторинг.

Ерекше сұранысты қажет ететін балаларға білім беру кез келген ел үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл әркім өз әрекетінің қажеттігі мен қатыстылығын сезіне білетін шын мәніндегі инклюзивті қоғам құруға қажетті шарт. Біз әрбір балаға оның сұранысы мен басқа да жағдайларына тәуелсіз, өз әлеуетін толыққанды жүзеге асыруға, қоғамға пайда әкелуге және оның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге міндеттіміз.

Дэвид Бланкет

Қазіргі кезде арнайы білім беру саласы әлемдік білім кеңістігіне енуіне байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мен жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектелген балалардың танымдық қабылеттерін дамыту – түзету (коррекциялық) жұмыстары өзекті мәселенің бірі болып отыр. Бұл мәселені зерттеумен айналысқан ғалымдар М.С.Певзнер, Т.А.Власова, К.С.Лебединская, В.В.Ковалев, П.Е.Сухарева, В.И.Лубовский т.б. бала дамуы ерекшеліктеріне қарай өз пікірлерін ұсынды. Инклюзивті білім беру дегеніміз –балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.[1]

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс - әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту - адамдармен қарым - қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір - біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді. [3]

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы

туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Дамуында мүмкіншіліктері шектеулі оқушыларды психологиялықпедагогикалық қолдау психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ұйымдастырылады және білім беру ұйымында штаттағы мамандармен (арнайы педагог, психолог, логопед-мұғалім, әлеуметтік педагог, ЕДШ мамандарымен және т.б.), сондай-ақ, білім беру ұйымынан тыс орталықтардың, түзету және инклюзивті білім беру кабинетінің мамандарымен, сол сияқты арнайы (түзету) білім беру ұйымының педагогтарымен келісім шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары:

- 1) бала дамуындағы кез келген мәселені шешудің кешенді, пәнаралық тәсілдері.
- 2) білім беру үдеріндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі.
- 3) қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру.
- 4) қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау.

5) даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялықпедагогикалық қолдау шараларына ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді тарту болып табылады [1].

Инклюзивті білім беруге қарсы дәлелдер де бар: мұндай жағдайда ерекше білімді қажет ететінбалалардың білімділік деңгейі төмендейді, немесе инклюзивті мекеменің оқу процесіндегі бірқатар әлеуметтік, тұлғааралық қиындықтар шешімін таба аламайды деген ой-пікірлер. Бұл дәлелдер орынсыз. Инклюзивті білім берудің негізінде кез-келген балалар дискриминациясын болдырмау және барлық адамдардың құқықтарының теңдігін қамту, сонымен бірге ерекше қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау идеологиясы жатыр.

Шетелде инклюзивті білім беру идеологиясының негізінде қалыптандыру концепциясы жатыр (Нирье), яғни, ерекше білімді қажет ететін адамдардың өмірі мен тұрмысы олар тұратын қоғамның жағдайына, ерекшеліктеріне ұқсас болуы керек. Балаларға қатысты бұл келесі жағдайлармен анықталады:

- Ерекше білімді қажет ететінбалалардың барлығына тән қажеттіліктері бар, олардың ең маңыздысы – оның дамуын жылдамдататын махабатты қажет етуі.

- Баланың өмір сүруі қалыпты адамдардың өміріне максималды жақын болуы керек.

- Барлық балалар оқи алады, яғни, даму бұзылысы қандай ауыр болса да, оларға білім алуға мүмкіндік берілуі тиіс.

- Білім беру саласының инклюзивті ұйымдарында оқу барысында балалар адамның құқықтары жайлы білімдер алады (әрине бұл жұмыс арнайы жүргізілмейді), ал бұл жағдай дискриминацияны болдырмауға жағдай жасайды. Бірігіп оқуда бала өзінің басқалармен қабылданғанын сезініп, оның қабілеттері мен қажеттіліктерінің ескеріліп, бағалануына жете алады. [4, 1246]

Интеграция модельдерін қарастыру арқылы ерекше білімді қажет ететінбалаларды интеграциялық оқытудың түрлері анықталады:

1) аралас түрлі интеграциялық оқыту – даму бұзылысы бар оқушы қалыпты деңгейлі құрбыларымен бір сыныпта оқиды, және де дефектолог–мұғалімнің, логопедтің, психологтың жүйелендірілген көмегін алады.

2) Жартылай – даму бұзылыстары бар оқушылар қалыпты деңгейлі құрбыларымен қатар білім беру бағдарламасын меңгере алмайды; бұл жағдайда олар жарты күнді арнайы сыныпта, басқа жыртысын қалыпты сыныпта өткізеді.

3) Уақытша – арнайы сыныптарда оқитын балалар қалыпты сыныптардағы оқушылармен айына 2 реттен кем емес бірге серуендеуде, мерекелерде, жарыстарда, тәрбиелік мәнді іс-шаралар өткізуде кездеседі.

4) Толық түрдегі интеграциялық оқыту – даму бұзылыстары бар 1-2 бала балабақшаның қалыпты топтарына немесе сыныптарға қосылады (тілдік бұзылыстары бар балалар, нашар көретіндер немесе кохлеарлы имплантанттары бар балалар); бұл балалар психофизикалық, тілдік даму деңгейлері бойынша жасерекшелік көрсеткіштеріне сай және де қалыпты деңгейлі құрдастарымен бірге оқуға психологиялық тұрғыдан дайын; түзету көмегімен олар оқытылатын орындарында қамтылады. [5,856]

Сыныптан тыс қосымша білім – балалардың рухани қажеттіліктері мен танымдық қызығушылықтарын барынша қанағаттандыру және дамыту мақсатында, сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылатын қосымша оқу-тәрбие үрдісі. Қосыма білім беру жүйесінің

мақсаты- жеке тұлғаны таным мен шығармашылыққа ынталандыруды дамыту және қоғамның әлеуметтік сұранысына сәйкес қосымша бағдарламалар мен қызметтерді іске асыру. Қазақстан Республикасының заманауи әлеуметтік-экономикалық даму барысында қосымша бірім беру жағдайлары: бала құқығын іске асыру; олардың жағдайын жақсарту; отбасының әлеуметтік – экономикалық қауіпсіздігі; балалар мен жасөспірімдер арасында кереғарлықтың алдын-алу; салауатты өмір салтын қалыптестіру; тең мүмкіндіктерді қамтатасыз ету; бала дарынын дамыту; қосымша білім беру ұйымдарының тиімділігін арттыру; заманауи заңнамалық базаны жақсарту. Балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру кезінде мына қағидалар басшылыққа алынады: қызметтің түрлері мен салаларын өз қалауымен таңдауы; жеке қызығушылығына, қажеттіліктеріне, қабылеттеріне бағдарлану; өзін-өзі жетілдіруіне еркіндік беру; оқыту, тәрбиелеу, дамыту үрдістерінің біртұтастығын сақтау; білім берудің тәжірибелік сипатын арттыру. Аталған қағидалар гуманистік педагогиканың жетекші ұстанымдарына сәйкес, балаларға қосымша білім беру негізін құрайды: тұлға бірегейлігін, қадір-қасиетін, құндылықтарын және өзіндік болмысын сақтау және мойындау; педагог пен баланың теңқұқылы қарым-қатынасы және бала мүдделеріне бағдарлану.

Қорыта айтқанда ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларға қосымша білім беру мақсаты- әлемді өнер арқылы танып, қабылдау мүмкіндігін сыйлау; шығармашылық орта арқылы дамыту және өмір сүруге бейімдеу. Қосымша білім беру (ҚББ) үрдісі баланың тұлғалық ерекшеліктері, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына ерекше ден қоя отырып, оның дербес әрі толыққанды өмір сүруіне қажетті қолданбалы дағдаларды дамытады. ҚББ үрдісі өз жұмысын балалардың денсаулық жағдайларына байланысты, жекелеген функциялардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрады. Іс-әрекетті жоспарлау барысында бала ыңғайына сай тәсілдер мен барынша қолайлы технологиялар таңдалып алынады. [6,1326]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Зайцев Д.В. Интегрированное образование детей с ограниченными возможностями // Социологические исследования,- 2004,- № 7,- С. 127-132.
- 2.Зарецкий В.К. Десять конференций по проблемам развития особенных детей - десять шагов от инновации к норме // Психологическая наука и образование.- 2005,- № 1.- С. 83-95.
- 3.Интегрированное обучение детей с ограниченными возможностями в обществе здоровых детей / Ф.Л.Ратнер, А.Ю.Юсупов. - М.: Гуманитар.изд.центр ВЛАДОС, 2006.
- 4.Астапов В.М. Коррекционная педагогика с основами нейро-и патопсихологии. - 2 изд., испр. и доп. - М.: МПСИ; В.:МОДЭК, 2010. -232 с.
- 5.Воспитание и обучение детей и подростков с тяжелыми и множественными нарушениями развития. Программно-методические материалы. / Под ред. И.М.Бажноковой. - М.:ГИЦ ВЛАДОС, 2010. - 239 с.
- 6.М.Оспанбаева Оқу құралы. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі/Алматы 2019 ж 201бет
- 7.Логопедия. Учебник для студентов дефектологических факультетов пед.высших учеб.заведений. / Под ред. Л.С.Волковой. - 5 изд., перераб. и доп. - М.: ГИЦ ВЛАДОС, 2009. - 703 с.

УДК 004.9

ВЛИЯНИЕ ПРОЕКТА ERAZMUSACADEMICАНА УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС

*Ерсултанова З.С., к.т.н.
ассоциированный профессор.
КРУ им.А.Байтұрсынова
Костанай, Казахстан*

Аннотация. В статье автор пишет о реализации целей международного проекта Academics+Project в учебном процессе в направлении информационно-коммуникационных технологии и применении рекомендации проекта в учебном процессе и в повышении квалификации преподавателей в высшем педагогическом образовании.

Ключевые слова: международный проект, виртуальный класс, информатика, мониторинг, веб-сайт Edmodo.

«Доступность и гармонизация высшего образования в Центральной Азии через модернизацию и развитие учебных программ»/ ACADEMICA / - трехлетний проект, финансируемый Европейской Комиссией в рамках ERASMUS Программа Плюс, Ключевое действие 2: Сотрудничество в целях инноваций и обмена передового опыта. Проект осуществляется в рамках централизованной деятельности «Повышение потенциала в сфере высшего образования» / CBHE / -2015 (Рис.1).

Консорциум проекта включает 15 организаций из семи европейских стран и стран Центральной Азии - Австрия, Болгария, Италия, Испания, Казахстан, Туркменистан и Узбекистан. Мотивация проекта объединить европейские высшие учебные заведения, обладающие и предлагающие передовые разработки, инновационные методы обучения, большой международный опыт и высшие учебные заведения из вышеупомянутых стран-партнеров в Центральной Азии, которым требуются те же разработки, практика и опыт [1, 7].



Рис.1 Academica+ project

Преподаватели и студенты кафедры «Информатики и компьютерных технологий» Костанайского педагогического института под руководством кандидата педагогических наук Кифик Н.Ю. принимали участие в работе международного проекта Erasmus Academica. Целью участия в проекте - было участие в совместной разработке учебной рабочей программы-силлбуса по дисциплине «Информационно-коммуникационные технологии» [1, 114]. Летом 2021 года в вузе прошел мониторинг международного проекта [3]. Участники мониторинга рассказывали о влиянии проекта на учебный процесс и о результатах его реализации в вузе (Рис.2).



Рис.2 Участники мониторинга международного проекта ACADEMICA+ project кафедры «Информатики и компьютерных технологий»

В рамках проекта были пройдены курсы Английского языка и обучающий курс для преподавателей в педагогическом образовании по информационным и коммуникационным технологиям. Темы лекторов проекта охватывали разделы информационных технологий как электронное обучение, его педагогические аспекты, информационные технологии в дистанционном образовании, информационно-электронные ресурсы образования Ims Moodle и Isis Platonus.

Наше участие в проекте помогло нам в преподавательской деятельности как для ее организации, так и в планировании занятий. Мы часто используем теоретические и практические материалы лекторов проекта из Италии, Узбекистана, Таджикистана и Казахстана, которые участвовали в проекте Академика и интернет ресурсы, которые были рекомендованы ими. Так в преподавании дисциплины ИКТ на английском языке преподаватели дают задания по использованию интернет сайта blairenglish.com, где студенты с интересом изучают материалы сайта на английском языке и выполняют тестовые задания. Так же студенты по дисциплине «Обучение информатике в 12 летнем образовании» работают с

интерактивной доской, составляют дидактические материалы на компьютерной программе ActiveInspire. По дисциплине «Информационные технологии в профессиональной деятельности» в магистратуре мы использовали материалы проекта как электронные ресурсы дистанционного образования, где магистранты работали на веб-сайте для дистанционного обучения Edmodo.com., который был рекомендован на занятиях лектора из Италии MichelaTramonti «Virtualclasssystem»[1,5].

Так же у нас в университете нами активно используются системы дистанционного обучения lmsMoodle и aisPlatonus, для которых также были даны рекомендации в проекте по их использованию в учебном процессе.

Педагогическое образование, как и другие сферы нашего общества, постоянно развивается. К преподавателям предъявляется множество требований в соответствии с изменениями каждого этапа развития педагогического образования. В педагогическом образовании его участники должны постоянно развивать свои знания и повышать квалификацию. В связи с этим внедряются новые технологии, а старые технологии постоянно обновляются. В современном образовании используется много новых технологий, одна из которых - использование виртуальных интернет-ресурсов.

Виртуальный класс - это онлайн-среда электронного обучения, которая может быть доступна в Интернете через портал или программы и требует загрузаемость исполняемого файла (Рис.3).




Рис.3 Первая страница виртуального класса в Edmodo

Как и на очном занятии, ученики виртуального класса могут взаимодействовать синхронно путем одновременного входа в виртуальную среду обучения. Однако для улучшения учебного процесса приложения также могут предоставлять студентам помощь асинхронных средств коммуникации, таких как доски объявлений и чатвозможности.

Программные приложения виртуального класса часто используют несколько синхронных технологий, таких как веб-конференция, видеоконференцсвязь, прямая трансляция и интернет-VoIP для предоставления удаленным студентам возможность сотрудничать в режиме реального времени [2,10].

В дистанционном обучении возможности веб-сайта Edmodo использовались для создания интерактивных тестовых заданий. Веб-сайт Edmodo использует методы для создания и использования интерактивных тестовых задач (Рис.4).




Рис.4 Страница сайта “Вопросы и викторины”

Так же хотелось отметить и поблагодарить организаторов проекта за то, что благодаря международному проекту АСАДЕМИСА материально-техническая база кафедры «Информатики и компьютерных технологий» была дополнена компьютерами, ноутбуками и мультимедийными проекторами для учебного процесса, которые создали удобное и благоприятные условия для учебного процесса студентам и магистрантам университета. Мы желаем больших успехов организаторам и процветания международному проекту АСАДЕМИСА.

Литература:

1. Academia compendium project "Accessibility and harmonization of higher education in central asia through curriculum modernization and development"/Mariya Zheleva, Nuria Llobregat, Farhod Ahrorov, Yanislav Zhelev and 9 authors/ Technical Report · September 2019.

2. Michela Tramonti/ Module 4 – Style and Formats/Topic 2 – Virtual Class System/ АСАДЕМИСА e-Course.

3. <https://youtu.be/Xj2dzmu7arA>

ӘОЖ 53.02

МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН БОЛАШАҒЫ

Қдыргалиев М.М.

*Магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚУ
Орал қаласы, Қазақстан*

Аннотация. Физиканы қашықтықтан оқыту мәселелері қарастырылады. Қашықтықтан оқытудың негізгі әдістеріне қысқаша сипаттама беріліп, олардың физиканы қашықтықтан оқытудың жағымды және жағымсыз жақтары талданады. Өздігінен оқшаулану жағдайында физиканы оқытудың ерекшеліктері көрсетілген. Физиканы қашықтықтан оқытуда мектеп оқушыларының да, мұғалімдердің де туындайтын мәселелеріне назар аударылады.

Түйінді сөздер: физика, оқыту, оқу, қашықтықтан оқыту.

Қашықтықтан білім беру жағдайында пандемия кезеңінде білім беруді цифрландыру және ақпараттық қайта құрылымдау туралы мәселе бірінші орынға шықты. Бүгінгі таңда білім берудің ерекшеліктері-үлкен көлемдегі мәліметтерді жинау, оларды өңдеу және әрекеттер мен операцияларды орындау үшін пайдалану, оның ішінде адамға қарамастан, адамның өмір сүруіне бейімделу қажеттілігі.

Қашықтықтан оқыту практикада көбірек қолданылады, сондықтан оның дидактикалық перспективаларын ғылыми зерттеу қажет. Өзірге бұл тәжірибе жеткіліксіз, жақсы ұйымдастырылған қашықтықтан білім беру тәжірибесі аз, әдістер жеткіліксіз, сапалы электронды оқулықтар аз және т.б. негізгі мектепте, атап айтқанда физика пәнінде білім берудің осы түрін ұйымдастыруда көптеген проблемалар бар. Негізінен, практикада қашықтықтан оқыту қол жетімді шешімдерге назар аударады: негізгі мектепте алған білімдерін қайталау; қызықты мәселелерді шешуде мотивацияны дамытуға бағдарлау, есептерді қайта шешу, көбінесе есептеу. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту әдістемесінен ғылым ретінде негізгі мектепте оқытудың осы түрінің мақсаты мен мүмкіндіктерін қайта қарастыру қажет.

Қашықтықтан оқыту білім алушыларға оқу пәндерін, соның ішінде физика пәндерін оқу бойынша жаңа мүмкіндіктер береді: қажетті материалды кез келген уақытта онлайн режимінде қарап қана қоймай, тестілеуден өтуге, қосымша дереккөздермен танысуға, фото және бейнежазбаларды көруге, форумдар мен чаттарда сұрақтар қоюға болады. Осылайша, қашықтықтан білім беру технологиялары дәстүрлі білім беруді қолдау ретінде қолданылады.

Талдау көрсеткендей, студенттердің қашықтықтан білім беру дәстүрліден бірқатар маңызды айырмашылықтарға ие. Біріншіден, оқушы өз қызметін дербес ұйымдастырады және жоспарлайды, оқушының іс-әрекеті өзін-өзі тәрбиелеуге жақын. Екіншіден, мұғалім оқушымен тікелей – WhatsApp, Skype, Zoom, электрондық пошта арқылы байланыса алады. Ең үлкен тиімділік осы құралдардың тіркесімі болды. WhatsApp жедел (және параллель) байланыс және

сілтемелер мен материалдар алмасу үшін, Zoom – нақты уақыт режимінде сабақ өткізу және мұғаліммен визуалды байланыс жасау үшін, электрондық пошта – кешіктірілген байланыс және мәтіндер, фотосуреттер және т.б. алмасу үшін қолданылды. Екі платформа да өздерінің жоғары тиімділігін көрсетті. Қажет болса, байланыс мәселесін тек құралдардың бірін қолдану арқылы шешуге болатындығын ескеріңіз, бірақ бұл білім беру процесінің тиімділігін айтарлықтай төмендетеді.

Қашықтықтан оқыту үшін физикалық ойлау нормаларын берудің негізгі принциптерін анықтаймыз. Жұмыстардың авторлары В. В. Мултановский, В.Г. Разумовский, Ю. А. Сауров [4], физикалық ойлау, біріншіден, білім құрылымдарымен, екіншіден, нақты әлем объектілерімен және біліммен жұмыс жасаудың әдістері мен механизмдерімен; үшіншіден, әртүрлі мәселелерді шешу процедураларымен анықталады деп санайды. Осы жұмыстарды зерттеу негізінде негізгі мектепте (7-9 сыныптар) студенттер, ең алдымен, ұғымдар (физикалық шамалар) және заңдар сияқты білім құрылымдарын түсінуге және дамытуға қол жетімді деп болжауға болады. Сонымен қатар, шындықты (физикалық нысандар мен физикалық құбылыстарды) сипаттамадан қатаң бөлуге негізделген осындай танымдық іс – әрекетті, сондай-ақ сипаттамалардың осы түрлерімен-физикалық шамалармен әр түрлі жаттығуларды ұйымдастыру маңызды.

Психологтар теориялық, рефлексивті ойлау 11-12 жаста қалыптаса бастайтынын дәлелдейді. Сонымен қатар, жасөспірімнің ақыл-ойының дамуындағы жаңа нәрсе-оның әртүрлі гипотезаларды құру және оларды тексеру арқылы алдын-ала ойлауды қажет ететін танымдық міндеттерге деген көзқарасын өзгерту. Интеллектуалды есептерді шешуде гипотезалармен жұмыс істей білу-жасөспірімнің шындықты талдаудағы маңызды жетістіктерінің бірі [5]. Сондықтан, қашықтықтан білім беруде материалды игеру логикасын ғылыми білімнің циклдік схемасымен анықтау ұтымды: фактілер – гипотеза-модель – нәтиже – эксперимент. Бұл логика мазмұны мен процестерін қатаң құрылымдайды. Бұл жағдайда осы схеманы бейімдеу қашықтықтан оқыту жағдайларын, сондай-ақ оқушының жасын ескере отырып жүзеге асырылады. Біз заманауи ойлауды дамыту үшін оқыту процесінде модельдеу мен экспериментті кеңінен қолдану қажет екендігіне назар аударамыз. Модельдеу құбылыстарды түсінуді қамтамасыз етеді және білім алуды жүзеге асырады, өйткені бұл қызмет физикалық құбылыстарды білумен байланысты; және эксперимент нақты объектілер мен құбылыстармен қызметтің толық циклін белгілейді. Қашықтықтан білім беру аясында эксперимент негізінен үй тәжірибесінен басталады, бұл, әрине, оның дидактикалық мүмкіндіктерін біршама тарылтады. Сондықтан ойлау эксперименттерін де қолдану керек деп санаймыз – белгілермен тәжірибе жасау әрекеті – физикалық нысандар мен құбылыстардың шартты суреттері, графиктер, кестелер, диаграммалар және т. б.

Физиканы қашықтықтан оқыту әдістемесінің негізгі ережелерін келтірейік.

1. Қашықтықтан оқытудың қандай түрі қолданылатынына байланысты мектепте қашықтықтан оқыту әдістемесін бөлу қажет: таратылған, дәстүрлі оқу процесіне қосымша ретінде немесе аралас түрі (дәстүрлі + қашықтықтан).

2. Білім алушылардың деректер базасына, білім базасына, қашықтықтан физикалық зертханаларға және физиканы Қашықтықтан оқытудың басқа да құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында оқу орны телекоммуникациялық құралдарды сатып алады, жалға алады және пайдаланады [2].

3. Физиканы қашықтықтан оқыту кезінде студенттерді бақылау жүйесі физика бойынша білім мен дағдыларды объективті бағалауды қамтамасыз етуі керек, сонымен қатар аутентификация және қол жеткізуді бөлу ішкі жүйесін қолдана отырып, ақпараттың құпиялылығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін қорғаныс болуы керек.

4. Қашықтықтан оқытудағы физикалық экспериментті үш жолмен зерттеген жөн. Біріншіден, нақты тәжірибелердің бейнетүсірілімін жүргізу, оларды білім алушыларға бірнеше рет көрсету (синхронды және асинхронды трансляция түрінде). Екіншіден, виртуалды және модельдік тәжірибелерді көрсету (online режимінде жасалған немесе алдын-ала дайындалған). Нақты уақыт режимінде физика бойынша арнайы бағдарламалық-аппараттық кешендердің көмегімен қашықтан қол жеткізудің физикалық экспериментін жүргізу, параметрлерді өлшеу, содан кейін эксперимент нәтижелерін талқылау [3].

5. Физиканы қашықтықтан оқыту кезінде зертханалық сабақтарды өткізу нысандары мен әдістерінің келесі ерекшеліктері бар:

- зертханалық жұмысты зерттеу қызметіне жақындата орындау;

- жеке зертханалық жұмысқа бөлінетін уақыттың қатаң регламенті жоқ;
- қиындықтар туындаған жағдайда кеңес алу мүмкіндігі;
- шағын топтарда зертханалық жұмыстарды орындау мүмкіндігі, нәтижелерді ұжымдық талқылау, тәжірибе алмасу;
- зертханалық жұмыстарға әртүрлі тапсырмалардың болуы.

6. Физиканы қашықтықтан оқыту кезінде зертханалық жұмыстарды орындауға арналған құралдар талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- зертханалық қондырғылардың модельдері көрнекі және қауіпсіз болуы тиіс;
- виртуалды зертханалық қондырғылар интерактивті және эргономикалық болуы керек;
- зертханалық жұмыстарға арналған нұсқаулықта жұмысты жүргізу үшін жеткілікті теориялық бөлік, сондай-ақ студенттер мен оқушылардың оқу қызметін жандандыру элементтері болуы тиіс [1].

7. Тапсырмаларды шешу бойынша практикумды мынадай түрлерде өткізген жөн: трансляция режимінде (белсенді тақтаны, бейнеконференцбайланысты, демонстрацияларды пайдалана отырып), консультациялар режимінде (чат, форум), интерактивті режимде [5].

Осылайша, физиканы оқытуда қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану:

- білім алушылардың уәждемесі мен дайындық деңгейін арттыру;
- әрбір білім алушыға жеке білім беру траекториясын қамтамасыз ету;
- дайындық деңгейін өз бетінше арттыру үшін он-лайн технологияларды пайдалану саласында оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- заманауи білім беру технологияларын қолдану;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру.

Осылайша, мектепте физика бойынша қашықтықтан оқытуды қолдана отырып, біз:

1. Жаппай мектеппен салыстырғанда оқытудың осы түрінің ерекшелігін анықтаймыз.
2. Оқушының іргелі сапасын дамытуға бағытталған – физикалық ойлау
3. Білім алушылардың ынтасын дамытуға бағытталған.

Физиканы Қашықтықтан оқытудың негізгі мәселелері. Бірінші проблема физикалық эксперименттің қауіпсіздігін бақылау үшін нақты физикалық құрылғылардың, жабдықтардың, материалдардың болмауына байланысты физика бойынша көптеген зертханалық және практикалық жұмыстарды орындай алмау деп санауға болады. Екінші мәселе-физика формулаларын жазу және шығару кезінде интерактивті онлайн тақталарды қолдану, физика бойынша әр түрлі деңгейдегі есептерді шешу. Үшінші мәселе-физика бойынша үй тапсырмасын сапалы жобалау және оны тексеру. Төртінші мәселе-физика пәнінен онлайн сабақ өткізудің техникалық қиындықтарының болуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Агапонов С.А. Қашықтықтан оқыту құралдары. Техника, технология, құралдар жинағы // БХВ-Петербург, 2003.- 336 бет.
2. Бакалов В.П. Қашықтықтан оқыту, тұжырымдама, мазмұн, басқару// жедел желі-Телеком, 2008. - 108 бет.
3. Коханов К.А., Саууров Ю.А. Қазіргі заманғы физикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру және қалыптастыру мәселесі: монография. Киров: ООШ баспасы: Тип. «Старая Вятка», 2013 ж.
4. Мултановский В.В. Физика курсында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту. Киров, 1976 ж.
5. Разумовский В.Г. Физиканы оқыту процесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. М.: Білім, 1975.

КОХЛЕАРЛЫ ИМПЛАНТАЦИЯДАН КЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ТИІМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.

Мамбеталиева Г.З.

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтобе өңірлік университетінің
2 курс магистранты*

Аннотация: Бұл мақалада кохлеарлы имплантациядан кейінгі естуі бұзылған балаларды дамыту процесі өте күрделі және маңызды, яғни бірыңғай әлеуметтендіруге байланысты балалармен түзете-дамыту жұмыстарын өткізудің бағыттары әрі жүргізілетін жұмыстары көрсетілген.

Кілт сөздер: инклюзивті оқыту, даму, шығармашылық, психологиялық мәдениет, педагогикалық мониторинг.

Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек.

Неміс педогог-дефектолог П.Шуман.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Соңғы кездері кохлеарлы имплантация есту қабілеті бұзылған балаларды естутілдік оңалтудың тиімді әдісі ретінде Қазақстанда да дами бастады. Кохлеарлы имплант процессорын орнатып және оны ретке келтіргеннен кейін тек ғана жәй дыбыстарды естіп қоймай, тілдің дыбыстарын ажыратуға мүмкіндік алады.[1,15-24б]

Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды дамыған заманында, естімейтін жандардың үзілген үмітін жалғап, айналадағы барлық дыбыстарды естуге мүмкіндік туды. Заманауи жоғарғы технологиялық әдіс ретінде, естімейтін жандарға арналған кохлеарлы имплантация қазіргі таңда кеңінен қолданылып жатыр. Кохлеарлы импланттар зақымдалған естудің қызметін атқарып, естімейтін жандарға еститіндер қоғамында толық қанды өмір сүруге, ғылыми тілдегі заманауи термин - интеграциялауға (біріктіруге) мүмкіндік береді. Енді осы кохлеарлы имплантация дегеніміз не? Оны қалай қолданады? Оның ерекшелігі неде? Жалпы алғанда есту қабілеті зақымдалған жандар естулерін жақсарту үшін есту аппараттарын тағады. ЕА көбі дыбысты күшейтіп қана қойғандықтан, есту қабілеті терең зақымдалған жандарға көмектеспейді. Егер адамның құлағында орналасқан есту рецепторлары зақымдалса, онда заманауи цифырлық, күшті ЕА да көмектеспейді. ЕА мен естімейтін тек бір қатар дауысты дыбыстар мен алыс емес жерден қаттырақ сөйлеген адамның дауысын естуі мүмкін. Тек естуі, түсінуі емес. Себебі ол тек дауыты дыбыстарды естігендіктен, айтылған сөзді тек дауыстыға қарап түсіну қиын. Себебі естімейтін адамдар жоғарғы жиіліктегі дыбыстарды естімейді, ал көптеген дауысты дыбыстар жоғары жиіліктегі дыбыстар болып табылады. Сол себептен мұндай естімейтін адамдарға (медицинада «сенсоневральды естімейтін» дейді, яғни сырттан келген дыбыстарды электр импульстеріне айналдырып, есту жүйкесіне жіберіп тұратын есту рецепторлары зақымдалған) ЕА мен айтқан сөзді түсініп, сөйлеуге үйрену өте қиын. КИ де естуді протездеудің бір түрі болып табылады. Бірақ, КИ ЕА сияқты дыбысты күшейтпейді. КИ сенсоневральды естімеушілік кезінде, зақымдалған есту рецепторларының орнын алмастырып, сырттан келген дыбыстарды электр импульстеріне айналдырып, есту жүйкесіне береді. КИ – хирургиялық операция арқылы адамның құлағының ішіне зақымдалған рецепторлардың қызметін атқаратын электродтар тізбегі енгізіледі. Бірақ, КИ тек хирургиялық операциядан ғана тұрмайды. Алдымен таңдау жүреді. КИ ең алдымен естіп, сөйлеп жүріп белгілі бір себептерге байланысты (жарақат, минингит т.б.) естімей қалған балалар мен ересектерге өте тиімді.

Қайтадан естуін қалпына келтіріп, ары қарай толық қанды өмір сүруіне жағдай жасайды. 2-3 жасқа дейінгі, жаңа зерттеулер бойынша 1,5-2 жастағы туғаннан естімейтін және 3-4 деңгейдегі нашар еститін кішкене балаларға өте жақсы әсер етеді. Ерте жаста жасалған имплантацияның әсерінен қалыпты балалардың мектебінде оқуға мүмкіндік алады. [2,10-126]

- Есту қабілеті зақымдалған баланың естіп қабылдауын дамыту туралы айтқанда психологиялық тұрғыдан үш категориясын қарастыруға болады.

- Бірінші категориядағы балаларға арнайы оқыту және тәрбие алмаған мектеп жасына дейінгі балаларды жатқызамыз. Олардың сөйлеу тілі қалыптаспаған, есту және кинестикалық бейнелері де жоқ, сөйлеу тілін естіп қабылдау механизмі қалыптаспаған. [4,12-176] Осы категориядағы балаларға кохлеарлы имплантация жасалғаннан кейін естіп сөйлеу тілін қабылдауын дамыту үшін жүргізілетін түзету – педагогикалық жұмысының нәтижесі ұзақ уақытқа созылады, себебі, бұл жұмыстың тиімділігі баланың есту тәжірибесінің болуына байланысты.

- Екінші категориядағы балаларға ауызша сөйлеу тіліне көру–тактильді–кинестикалық негізде үйренген және өздерінің қалдық естуінің көмегімен сөйлеу тілінің элементтерін қабылдап үйренген. Бұл балаларда сөйлеу жүйесі қалыптасқан, оларда көру арқылы және сөздік кинестикалық бейнелері құрылған, еріннен оқу арқылы сөйлеу тілін көріп қабылдауы қалыптасқан, бірақ бірінші топтағы балалар сияқты есту арқылы қабылдауы мен сөйлеу тілін есту арқылы қабылдау механизмі қалыптаспаған.

- Үшінші топтағы балаларға кейіннен естімей қалған балалар жатады.

Кохлеарлы имплантталған балалардың импланттың көмегімен сөйлеу тілін түсіну процесіне бірнеше факторлар әсер етеді. Осы аталған факторлар имплантталған балалардың сөйлеу тілін дамытуда ескерілетін маңызды болып табылады. Осы факторларға:

- Сөйлеу тілін естіп қабылдау ерекшелігіне қарай топтастыру.

- Ерте жаста жасалған имплантация (имплантация неғұрлым ерте жасалса, соғұрлым тиімді нәтиже болады).

- Есту тәжірибесінің болуы (есту қабілетін 1,5 – 3 жастан кейін жоғалту, есту қабілетінің прогрессивті төмендеуі, ерте жастан естуді протездеу және тұрақты ЕА тағу).

- Есте сақтауында, зейінінде, зиятында қосымша бұзылыстардың жәнет спецификалық сөйлеу бұзылыстарының болмауы.

- Коммуникативті және таным дағдыларының, ауызша сөйлеу тілінің, оқу және өз сөйлеу тілі мен естіп сөйлеу тілін қабылдауды дамыту үшін маңызды басқа да дағдылардың қалыптасқандығы (жасына байланысты).

- Ұзақ уақыт бойы естіп сөйлеу тілін қабылдауды дамыту жұмысын жүргізуге қолайлы жағдайдың болуы және ата – анасымен жақындарының белсенді қатысуы.

- Есту қабілетін қолдану мен оны дамыту үшін жүйелі жұмысқа деген ынтасының болуы. [4,276]

Сондай-ақ ресейлік (Л.В.Андреева, И.В.Королева, В.И.Пудов) және шетелдік (М.М.Вартаста, А.Г.Белл, Л.Биркеншоу–Флеминг, Ж.А.Мохаммед, С.Флекер, Е.Гарсиа, және т.б.) есту қабілетінің жоғалту уақыты, сөйлеу тілінің жағдайы, кохлеарлы имплантация жасайтын кездегі естіп сөйлеу тілін қабылдау ерекшелігіне байланысты балаларды келесі топтарға бөледі:

1. Долингвальді имплантталған балалар – бұлар туғаннан естімей қалған және сөйлеу тілі қалыптасқанға дейінгі есту қабілетін жоғалтқан балалар жатады.

2. Прелингвальді имплантталған балаларға есту тәжірибесі бар және прелингвальді кезеңде есту қабілетін жоғалтқан яғни 1.5 – 5 жастағы балалар жатады.

3. Постлингвальды балалар – баланың сөйлеу тілінің дамуының сензитивті кезеңі аяқталғаннан кейін есту қабілеті жоғалту.

Есту бұзылыстары бар балалардың жеке тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ететін жұмыстардың келесі бағыттары анықталған:

1. Есту бұзылысы бар баланың жеке тұлға қасиеттері, эмоционалдық ерекшеліктері және іс-әрекет ережелері жайлы түсініктерін қалыптастыру қажет.

2. Балаларда аталған қасиеттерді басқа адамдар - балалар мен үлкендер, іс-әрекеттерінде байқауға үйрету, олардың әрекеттерін түсіну іскерліктерін қалыптастыру, бағалау үлгілерін беру қажет.

3. Есту бұзылысы бар балалардың адекватты өзін-өзі бағалауын қалып- тастыру, өйткені, ол бір жағынан өзіндік іс-әрекетті басқара алудың негізі, бір жағынан - тұлғааралық қарым қатынастың жағымды болуының шарты. [5,1276]

Кохлеарлы имплант балаларды түзете-дамыту жолдары
Кохлеарлы имплантация – қазіргі кезде естімейтін балаларға қоршаған ортадағы дыбыстарға еліктеп, сөйлеу тілінің барлық дыбыстарын ажыратуға, соның ішінде, жоғары жиіліктегі және кеңістікті дұрыс бағдарлауын, сондай-ақ есту ортасында әлеуметті бейімделуіне көмектесетін тиімді әдіс.

Кохлеарлы имплантация – бұл сурдопедагогика саласындағы мәселе. КИ отасынан кейінгі балалар өздерін бір мезетте ести бастайтын ерекше топ ретінде көрінеді, бірақ өкінішке орай, есту және тілдік дамудың деңгейіне қарай ол саңырауларға сәйкес келеді. Санкт-Петербург ғылыми зерттеу институтының мамандары психология ғылымдарының докторы, профессор Инна Васильевна Королёва, сурдопедагог Зонтова Ольга Викторовна құрастырған жаңа тәсіл, біз құрастырған материалдың базасы болып табылады.

Олардың әдістемелік ұсынымдарына сүйене отырып, біз оңалту жұмысының кешенді жеке бағдарламасын құрастыра бастадық. КИ балаларды оңалту процесі – бұл әр түрлі мамандар: сурдопедагог, логопед, психолог, дефектолог және баланың туғандары мен жақындары қабылдайтын, оларды да оқытатын кешенді тәсіл.

Отандық және шетелдік ғылым зерттеулерінің материалдары (И.Г. Багрова, Р.М.Боскис, Р.А.Сулейменова, А. Жалмухамедова, Л.А.Головчиц, С.А.Зыков, И.В. Королева; В.И. Примако; О.В. Зонтова и Е.А. Владимирова, Dr.Georg, M. Sprinzl, A.G. Beel, L.Birkenshaw-Fleming, L.Katz) түзету-педагогикалық көмектің әдіс-тәсілдерін таңдау және мазмұнына, міндеттеріне, мақсатына әсер ететін өзгеше концептуалды ережелер бола отырып, кохлеарлы имплантациядан кейінгі ауызша сөйлеу, естуді қабылдауды дамыту мен қалыптастырудың қағидаларын нақтылады. Соңғы жылдары туа біткен құлақ кемістігі (саңырау) жағдайлары жиі байқалады.

Қолайсыз жағдайлардың ықпал етуі есту қабілеті бұзылған балалардың көбеюіне әкеліп соғады. Есту бала дамуындағы маңызды рөлді атқарады. Есту арқылы бала дауысты танып, дыбыстарға еліктеп, біртіндеп сөйлей бастайды. Есту баланың дамуына, басқа балалармен араласуына және қарым-қатынас дағдыларын игеруге мүмкіндік береді. [6,2016]

Психология мен педагогикада естуі бұзылған балалардың дамуы туралы сараптамалық деректер жинақталған (А.В. Запорожец, А.А. Катаева, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский), және кохлеарлы имплантациядан кейінгі естуі бұзылған балалардың даму жағдайы мен өзгешелігі зерттелген. (И. В. Королева, Э. В.Миронова және басқалар.).Мақсаты:кохлеарлы имплантациядан кейінгі балалармен түзете-дамыту жұмысының бағытын ескеретін, мамандарға құрал болып табылатын, перспективтік жоспарды құру . Міндеттері: кохлеарлы имплантациядан кейінгі естуі бұзылған балаларды дамыту мәселесі жөнінде ғылыми әдіснамалық әдебиетті оқу.

Кохлеарлы имплантациядан кейінгі естугілдік оңалтудың негізгі және бастапқы кезеңдеріндегі негізгі жұмыс бағыты сипатталған педагогтарға арналған перспективті жоспарлау. КИ-дан кейінгі балалармен оңалту жұмысының кезеңдері:

1) бастапқы (3-12 апта), айналадағы дыбыстарға қызығушылық дамытуына бағытталған. Осы кезеңде тілдік процессорды тиімді ретке келтіруге қол жеткізеді.

2) негізгі (6-18 ай) фонематикалық есту мен естуді бақылауға дамытуға бағынышты. Осы кезеңде барлық ми механизмдерін қалыптастыру жүргізіледі.

3) тілдік (5және одан жоғары)- бұл кезең сөздердің мағынасы туралы білімнің жинақталуы, олардың дыбысталуы, дұрыс қолданылуы.

4) байланыстыра сөйлеуді түсінуін дамыту кезеңі.

Қорытындылайтын болсақ, дефектологтың баламен жүргізілетін сабағы мынадай бөлімдерден, естуді естуді қабылдау мен тілді дамыту, сенсомоторлы дамыту және қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, қоршаған орта туралы түсінік, ұсақ моторика, ойлау, есте сақтауды дамытуға арналған ойындар. КИ операциясынан кейінгі есту қабілеті мен сөйлеу тілін тиімді дамыту бірнеше жылға созылған қарқынды жұмыс арқылы ғана үлкен жетістікке жету мүмкін болады. Ол баланың эмоционалды – ерік сферасының қалыптасуымен байланысты жұмысқа қабілеттілік, ұзақ отыра білу сияқты қасиеттерді дамиды. [7]

Пайдаланылған әдебиет

1. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңы (03.12.2015 жылғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2. ҚР Білім беру және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. № 205. 01.03. 2016. Астана.
3. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар - БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы //Астана.2016.
4. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018.
5. Королева И.В. «Развитие слуха и речи у глухих детей раннего и дошкольного возраста после кохлеарной имплантации» С–Петербург 2008г.
6. Королева И.В. «Отбор кандидатов на КИ: диагностическое обследование и оценка перспективности использования КИ» СПб: 2008г.
7. Сулейменова Р.А., Хакижанова Г.Д. Зарубежный и отечественный опыт включения детей со специальными нуждами в общеобразовательный процесс. проблемы и пути решения.- Алматы, 2001.
8. Сулейменова Р.А. Социальная коррекционно-педагогическая поддержка как путь интеграции детей с ограниченными возможностями //Сб. мат. Респ. семинара «Проблемы включения детей со специальными образовательными потребностями в общеобразовательный процесс». - Алматы: Раритет, 2002.

УДК 371.3:53

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Медешова А.Б.

к.п.н., доцент

Сагидуллина К.Р.

магистрант, физика 1-курс

ЗКУ, г. Уральск

«Дистанционное обучение у нас внедряется, внедряется широко, все шире и шире... Нам необходимо сделать это образование доступным, развивать современные технологии»

Двадцать первый век-век новых технологий. Очень часто и много мы слышим эту фразу, и, действительно, время, в котором мы живем, наш век буквально «сплетны» из Всемирной паутины интернета. Без интернета сложно представить нашу жизнь, без него сложно представить даже один день в нашей жизни.[1,с.25]

В современных условиях не снижается актуальность внедрения информационных и коммуникационных технологий в систему образования, растет количество учебных заведений, которые дополняет традиционные формы обучения дистанционными образовательными технологиями. Это, тем более важно, что большинство современных молодых людей свободно владеют персональным компьютером, открывают для себя мир посредством Интернета и умело используют сведения, полученные из глобальной Сети. [2,с.168]

Термин «дистанционное обучение» (пожалуй, самый первый из этой цепочки) использовался Университетом штата Висконси начиная с1892 г.В каталоге заочных (корреспондентских) курсов. Под *дистанционным* понималось обучение, организованное на расстоянии(синонимичными считались «корреспондентское обучение», «домашнее обучение» и др)

Под **дистанционными образовательными технологиями (ДОТ)** понимаются образовательные технологии, реализуемые в основном с применением информационных и телекоммуникационных технологий при опосредованном (на расстоянии) или не полностью опосредованном взаимодействии обучающегося и педагогического работника.

Примерами применения дистанционных образовательных технологий являются занятия, на которых ученик не присутствует (скажем, по болезни),но выполняет задания и общается с

учеником по электронной почте, или учитель консультирует обучающихся во внеурочное время через блог или сайт.

Дистанционные образовательные технологии могут использоваться при получении образования в формах очной, заочной, очно-заочной: экстерната: на определенных этапах обучения: в ходе реализации основных и дополнительных образовательных программ. Следовательно, это может быть и переписка по электронной почте, и взаимодействие через личные сайты/блоги и изучение материалов с помощью различных электронных ресурсов в т.д. Таким образом, к ДОТ относится также обучение по локально установленным программам и тренажерам, хотя, думается что последнее к дистанционному обучению непосредственного отношения не имеет. Иногда к устаревающим технологиям ДО относят также взаимодействие без применения информационно-коммуникационных сетей (посредством телефонии, пересылки материалов по почте). [3, с.78]

Составляющий элемент НИТО (новые информационные технологии обусловлены) - *электронная технология обучения* (электронное обучение) - обучение с помощью средств современной электроники (телевизор, видео-, аудиомгнитофонов, лингафонных систем, ЭВМ и т.д.). [3, с.82]

Под электронным обучением согласно законодательству понимается организация образовательной деятельности с применением содержащейся в базах данных и используемой при реализации образовательных программ, технических средств а также информационных-телекоммуникационных сетей, обеспечивающих передачу по линиям связи указанной информации. Взаимодействие обучающихся и педагогических работников.

Таким образом *электронное обучение* предусматривает деятельность учения и преподавания, все процессы обучения, разворачивающиеся в какой-либо электронной информационно-образовательной среде. [Электронное обучение предполагает наличие базы знаний. Чтобы реализовать ЭО должно быть создано виртуальное пространство, с помощью которого осуществляется доступ к электронным образовательным ресурсам и организуется взаимодействие обучающегося с педагогическим работником.

Итак, понятия “дистанционные образовательные технологии” и “электронное обучение” обозначают не одно и то же и могут применяться отдельно. Только при реализации исключительно электронного обучения применение ДОТ будет необходимым условием.

Основной вопрос который возникает у педагога перед внедрением ДОТ

В практику преподавания; что конкретно в содержании курса, технологиях обучения, используемых формах, методах и приемах нужно поменять или перестроить? Иногда преподавателю кажется что достаточно будет только переложить свой традиционные ресурсы (тексты, лекций, задачи, презентации, учебники и т.д.) в цифровой формат и выложить в систему дистанционного обучения, т.е. самое важное – трансформация средств обучения. Однако такой подход к организации учебного процесса с использованием ЭО и ДОТ ошибочен и обречен на неудачу. Очень важно понять и определить весь комплекс мер по подготовке к применению элементов дистанционного обучения. [5, с1]

Итак, что же подлежит пересмотру для организации обучения с использованием дистанционных образовательных технологий? Различия в подходах к организации деятельности преподавателя применительно к различным элементам учебного процесса в традиционном обучении и обучении с применением ЭО и ДОТ представлена в табл. 1

Различия в деятельности преподавателя при традиционном обучении и обучении с применением ДОТ

Таблица 1

Элементы учебного процесса	Традиционное обучение	Электронное обучения и дистанционные образовательные технология
Управление учебным процессом	Обучение построено на использовании фронтальных Методов, ориентированных на всех находящихся в аудитории (усредненная подача учебного материала, одинаковые методы и приемы проверки усвоения)	Обучение построено на индивидуальных методах; даже если материал для изучения размещен в едином формате, то методы и приемы контроля уровня обученности подбираются с учетом личностных качеств обучающихся,

Элементы учебного процесса	Традиционное обучение	Электронное обучение и дистанционные образовательные технологии
		а преподаватель общается лично с каждым через средства СДО
Формат представления учебных материалов	Традиционная (классическая) лекция. Учебные материалы в печатном виде в стандартной форме: учебники и учебные пособия	Пересмотр содержания лекции для адаптации к целям СДО; разбиение материала лекции (видео текста) на небольшие смысловые отрезки; вопросы для самоконтроля. Текстовые материалы подготавливаются специально для СДО: материал делится на основной и дополнительные источники.
Ограничение в пространстве и времени	Время занятия ограничено; обучение происходит в реальной аудитории вместе с преподавателем; отсутствует возможность учитывать темп усвоения материала каждым обучающимся	Обучение не ограничено временем и пространством; обучающийся может в удобном для себя месте и в удобное время изучать материалы лекций
Методика построения семинарских занятий	Основной метод на семинаре (как проверка усвоения теории)-репродуктивный чаще без учета степени и уровня информированности по обсуждаемым вопросам	Проверка уровня усвоения материала с применением проблемно-поисковых и исследовательских методов с учетом индивидуальных качеств обучающихся
Организация самостоятельной работы обучающихся	Самостоятельная работа – дополнительный вид деятельности, поэтому она четко не проверяется должным образом, в том числе по причине отсутствия знаний у преподавателя относительно того, как правильно и эффективно ее организовать	Самостоятельная работа – основа деятельности обучающегося в СДО. Без четкого продумывания заданий с опорой на деятельность обучаемых в дистанционном режиме

Отдельно нужно затронуть вопрос *повышения квалификации* преподавателя вуза. На сегодня обязательный элемент профессионального роста преподавателя – обучение на курсах повышения квалификации (раз в три года, а иногда и чаще, обычно очно). Однако после происхождения курса обучения, при этом главная проблема зачастую кроется не в неумении педагога интегрировать новое в привычные методики, а в нежелании менять стереотипы. Преподаватель не ощущает потребности в изменении традиционных подходов, не видит перспективы внедрения полученных знаний, в результате получается, что, осваивая новое, он работает по-старому. Такой парадокс может быть следствием еще одного важного аспекта в деятельности преподавателя, а именно *отсутствия послекурсовой помощи и системы методической поддержки* преподавателей вуза в целом. Педагог, отучившись на курсах и возвращаясь к привычной деятельности, а поскольку помочь ему разобраться некому, он просто не доводит дело до конца.[4,с. 19]

С уверенностью можно утверждать, что сегодняшнее поколение обучающихся коренным образом отличается от предыдущих поколений. Здесь имеется в виду не число внешнее различие, проявляющееся, например, в количестве используемых гаджетов и информационной компетентности. Поход к обучению и преподаванию современным молодым людям должен быть фундаментальностью перестроен.[5,с3]

Педагог тоже должен изменить свое отношение к процессу обучения и методику преподавания: ведь с изменением обучающихся невозможно не меняться обучающим.

Преподаватель обязан понимать и принимать реалии сегодняшнего дня и стремиться отвечать требованиям времени.

Литература

1. Полина Фомичева Дистанционные обучения: плюсы и минусы /Информатика в школе, 1№5,2021с.25
2. Шонина Медведова Дистанционные обучения:его роль в нашей жизни, /Информатика в школе,№5,2021с.168
3. Кирсанова Е.В.,Черненко В.И К вопросу о дистанционным образование //вестник ассоциации вузов туризма и сервиса,2012 №3.с.78-82.
4. А.В Смирнов Методика применения информационных технологий в обучении физике Москва, Издательский центр «Академия» 2008. с19
5. М.Е.Вайндорф-Сысоева, Т.С.Грязнова,В.А.Шитова Методика дистанционного обучения учебное пособие для вузов Москва,2017.с 1-3.

УДК 371.3:004

ОҚЫТУДА ОНЛАЙН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Мендешұлы Жандос

Информатика пәнінің мұғалімі,

БҚО білім басқармасының Сырым аудандық білім бөлімі «мектеп - лицейі»

БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы.

Аннотация. Бұл мақалада онлайн технологияларды қолдану, қашықтан оқытудың инновациялық технологияларын қолданудың пайдасы және мұғалімдерге арналған бірнеше ұсыныстар қарастырылған.

Түйінді сөздер. *Қашықтан оқыту, синхронды оқыту, асинхронды оқыту, вебинар.* Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп белгілеген.[1]

XXI ғасыр – ақпарат заманы, технология ғасыры болғандықтан, Қазақстан әлем бойынша ең жаңа деген оқу формаларын зерттеп, білім саласында үнемі жаңарту жасап келеді. Қазіргі даму кезеңінде білім сапасын арттыруда әр түрлі технологиялар қолданылуда соның бірі онлайн оқыту немесе қашықтан оқыту технологиясы. Әлемнің дамыған мемлекеттерінде бұл оқыту технологиясы кең ауқымды қолданысқа ие болса, ал біздің еліміздің білім беру саласы үшін жаңа инновациялық бағыт болып табылады. Онлайн оқыту технологиясы арқылы білім алушы кез-келген жерде, сабақ кестесін өзіне ыңғайлап құру арқылы бос уақытында өзінің мүмкіндігіне қарай және таңдаған мамандығы бойынша білім алады.

Ең алдымен «қашықтан оқыту» ұғымына тоқтайтын болсақ, қашықтан оқыту – адамның білім, ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі. Қашықтан оқытуды 3 түрлі формада жүзеге асырамыз: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы. [2]

Заманға сай ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, нақты айтқанда, электрондық оқулық және бейнедәрістерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендімейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес. [3]

Осы орайда қашықтықтан білім берудегі педагогке төмендегі кеңестерді ұсынамын:

1. *Педагогикалық ізденіс және дайындық.* Ең алдымен, біз өзіміз және білім алушылар қашықтан оқытудың сыныптағыдай маңызды екеніне көз жеткізуіміз қажет, ерекшелік араңыздағы арақашықтық болады. Оқушылар тақырыпты (материалды) өз бетінше зерделеуіне мұқият болу керек, бақылау – онлайн тапсырмаларды бағалау арқылы жүзеге асады. Сізден басқа мұғалімдердің де онлайн режимінде жаттығулар жасайтындығын ұмытпаңыз, сондықтан балаларға оқу материалдарын көп жүктемеуге тырысыңыз.

2. *Оңтайлы оқу платформасын таңдау.* Сабақты игеру сапасы білім мазмұны бар платформаға байланысты. Сондықтан оқу платформасын таңдауда аса қырағылық пен педагогикалық шеберлік танытқан жөн. Оқушыларға ұсынар платформаңызды алдымен сіз және басқа да педагогтар түпкілікті зерттеп, оқушыға тиімдісін таңдау немесе оқушыға оңтайлы, оңай әрі тиімді етіп өзіңіз жасақтау және білім алушыға және мұғалімге арналған пайдаланушы нұсқаулығын құру. Онлайн-веб-жүйелерді немесе онлайн-журнал функциясын пайдаланып онлайн сабақтар өткізуге тиімді құрылымдар: HTMLAcademy, Stepik, Coursera, Cloud school, Moodle, iSpring Learn, Лекториум, Е-Стади, Loftblog, Zencclass, Microsoft Teams.

3. *Оқу процессін сауатты жүргізу.* Қашықтан оқыту кезінде оқушылармен байланыс жасау өте маңызды. Үй тапсырмасының анық-қанығын, сабаққа толық қолжетімділіктің болуын үнемі бақылауда ұстау қажет. Сабақ кестесін ыңғайлы құру және сақтау керектігін ұмытпаңыз, ал жаттығу басталған кезде барлық материалдар орналастырылып, балаларға қолжетімді болуы шарт. Тексеруге ұсынылған тапсырмалар мен материалдарды жаңа сабақ басталғанға дейін 3 сағаттан кешіктірмей бағалау керек екенін ұмытпаңыз, әйтпесе балалар қашық сабақтың ынтасы мен маңыздылығын жоғалтады.[4]

Қашықтан оқыту оқушының шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етеді, әлеуметтік мәртебесіне, жасына, жынысына, тұрғылықты жеріне қарамастан кез-келген білім деңгейіне көтерілуге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияларды оқытуда қолданудың артықшылығы кез-келген көлемдегі және типтегі ақпараттарды беру мүмкіндігінде; интерактивтілік (жедел кері байланыс); электрондық конференциялар ұйымдастыру; қолайлы уақытта оқу материалдарымен жұмыс істеу мүмкіндігі.

Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Қорыта келе, қашықтықтықтан оқыту технологиясы – оқушы дайындау мен олардың біліктілігін әрі қарай тереңдете арттыру бағытындағы осы заманның ең әсерлі де тиімді жүйесі болып табылады және болашақта алатын орны орасан екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.8-б
2. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі/Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т.// Алматы: АҚ ҰБАО «Өрлеу», 2013.
3. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет).
4. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет).

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯНЫҢ МҮМКІНДІКТЕР

Нұрлыбек Ш.Н.

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің Ікурс студенті*

Мамбеталиева А.З.

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің аға оқытушысы п.ғ.м.*

«Бала адаммен араласпайынша өмір сүре алмайды,
өзінің бар жүрек жылуын басқа адамға беруді ұзданы талап етеді.
Балаға ой еңбегінің шаттығын, табыс қуанышын беріңіздер»

В.А.Сухомлинский

Аннотация: Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру.

Кілт сөздер: Инклюзивті оқыту, даму, шығармашылық, психологиялық мәдениет, педагогикалық мониторинг.

Инклюзивті білім беру – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

Инклюзивтік білім беру әр түрлі әлеуметтік азшылық топтарға жататын балаларға білім беруге кемсітушілік көзқарасқа қарсы тұрады, сол себепті кемсітушілікке қарсы халықаралық құқық актілерін орындаудың мүмкін болатын жалғыз нормасы болып табылады. Осыған байланысты инклюзивтік білім берудің сегіз қағидасын еске түсіріп кету дұрыс болады:

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістігіне тәуелді емес.
2. Әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адамның қарым-қатынасқа және естілуге құқығы бар.
4. Барлық адам бір-біріне мұқтаж.
5. Нағыз білім беру өзара шынайы қатынастар контексінде ғана жүзеге асырылады.
6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж.
7. Барлық оқушылар үшін ілгерілеу нені істей алмайтынында емес, нені істей алатынында болуы мүмкін.
8. Сан алуан түрлілік адам өмірін жан-жақты күшейтеді.

Осылайша, "жас экскурсовод" шығармашылық бірлестігі экскурсияларды әзірледі және өткізді: Әулие Иоасафтың шіркеу-часовнясы. Үңгір, Жоғалған храмдарды табу, бірженіс. Экскурсиялар орыс және ағылшын тілдерінде өткізіледі. Экскурсиялардың санаты әртүрлі: мектеп, гимназия, лицей оқушылары, шетелдік студенттер. Жас гидтер өткізетін экскурсиялар мектеп оқушылары үшін қызықты. Бұл әңгіме, тарих, мәдениет, православие тарихы және Белгород, Белгород мәдениеті туралы әңгіме. Экскурсоводтар экскурсиялық әмбебап білім мен дағдыларды, экскурсияны өткізу әдістемесін меңгереді. Әдетте, бұл интеллектуалды, креативті балалар. Балалар мен ересек тұрғындардың (ата-аналар, ЖОО студенттері, шетелдік туристер) кең коммуникативтік-шығармашылық байланыстары үшін мүмкіндіктер жасалуда.

Шетелдік студенттер мен кездесулер білім алушыларды басқа континенттер, елдер, әлемдік көрікті жерлер туралы білім мен байытады, Достық байланыстарға ықпал етеді. Сонымен қатар, экскурсиялардың қорытындысы жас экскурсоводтардың күнделіктері, суреттер, шығармалар, эсселер, презентациялар көрмелері, өлкетану конкурстарына қатысу болуы мүмкін.

Қазіргі білім берудің жағымды тенденциялары, мысалы: АКТ, оқу әдебиеттерінің көптігі, компьютерлік бағдарламаларды оқыту, тарихи ғылыми және танымал ғылыми әдебиеттердің әртүрлілігі қосымша білім беруде өлкетану бойынша толыққанды оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Өлкетану-кіші отан туралы білімнің тар қабаты, ол қазіргі білім беру процесінде сынақтар мен қателіктер арқылы әдіснамалық аппаратқа ие болады, студенттердің туған өлкенің, Белогорияның тарихы мен мәдениеті туралы білім алуына және алуына қолайлы әдістерді, формаларды, әдістерді, технологияларды қалдырады.[3]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушыларды оқыту жіне олардың физиканы оқытудағы жұмысқа дайындығы: Жұмыс тәжірибесінен. Мұғалімге арналған нұсқаулық //Сост. А. В. Чеботарева.-М., «Ағартушылық», 1981.- 176 б.;

2. Сидорова, А.Д. Использование различных методов и форм в изучении краеведения / А.Д. Сидорова. [Электрондық ресурс] – Кіру режимі: <http://festival.1september.ru/articles/532557/>

3.Ожегова сөздігі. [Электрондық ресурс]Кіру режимі: <http://www.ozhegov.org/words/13495.shtml>.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОНЛАЙН-СЕРВИСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Тлеккабылова Д.Ж.

*Орал қаласы физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің информатика пәні мұғалімі*

Аннотация. Бұл мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында информатика сабақтарында онлайн-сервистерді пайдалану, оқушылардың ынтасын арттыру мақсатында әртүрлі 3D модельдерді сабақта қолдану, оқушылардың практикалық дайындығын жетілдіру туралы айтылды.

Кілттік сөздер: қашықтықтан оқыту, 3D модель, информатика, 3Dтехнология, онлайн оқыту, интернет-сервис.

Ақпараттық әлеуеті зор Интернеттің пайда болуымен білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктер, оқытудың ақпараттық формалары, атап айтқанда жаңа ақпараттық технологияларға негізделген қашықтықтан оқытуды пайдалану болды.

Әрине, кез-келген оқушының оқу процесі күндізгі, ұжымда, мұғалімдердің бақылауымен, мұғалімнің оқушымен тікелей қарым-қатынасымен жүзеге асырылуы керек. Бұл жағдайда оқу процесі ең тиімді болып табылады – оған көптеген факторлар әсер етеді: әлеуметтік, салауатты бәсекелестік және т.б.

Тағы бір қарастыратын маңызды мәселе – пандемия кезінде білім беру. Мұнда оқушының психологиялық және физиологиялық, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына және т. б. байланысты мәселелер туындауы мүмкін.

Оқушылар үшін мұндай білім беру ортасының маңызды компоненттерінің бірі қашықтықтан оқыту жүйесі болып табылады. Қашықтықтан оқыту, пандемия жағдайында күндізгі оқу формасын тамаша алмастыру формасы болып табылады. Өйткені, информатика пәнінің саласы ол компьютер болса, ал қашықтықтан оқыту кезінде бұлоқу процесі жүретін «орта» және оқушының үнемі «қолында» болатын компьютер болып табылады [1].

Қашықтықтан оқыту кезінде білім беру үшін әртүрлі онлайн-сервистерді пайдалануға болады. Онлайн-сервистердің қызметтерін пайдалана отырып, оқушыларға компьютерлік құрылғылардың 3D моделін көрсетуге болады, өйткені қашықтықтан оқыту кезінде компьютердің әрбір компонентін егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік жоқ.

Информатиканы оқытуда 3D технологияларды қолдану әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық принциптер кешенін толығымен жүзеге асыруға көмектеседі, таным процесін қызықты және шығармашылық етеді, әр оқушының жеке жұмыс қарқынын ескеруге мүмкіндік береді.

Сабақ а3D модельдеу элементтерінің технологияларын қолдану оқушылардың практикалық дайындығын жетілдіруге ықпал етеді, бұл техникалық білімді жақсы игеруге әкеледі.

Компьютерлік 3D модельдер қолданыста айтарлықтай кеңдігімен, информатиканың математика, физика және басқа ғылымдармен пәнаралық байланысын барынша қолданумен ерекшеленеді.

Оқушылардың информатика пәнін игеру аясында 3D модельді қолдана отырып оқыту – бұл білім беру процесінде көптеген педагогикалық технологияларды қолдануды көздейтін мұғалімнің шығармашылық міндеті.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқу процесін ұйымдастыру үшін ақпараттық технологиялар қолданылады, олар оқу процесінің сипаты мен ұйымдастырылуына айтарлықтай әсер етеді, өйткені оқушымен мұғалімнің өзара әрекеттесу сипаты өзгереді, педагогикалық функциялардың бір бөлігі компьютерге беріледі.

Қашықтықтан оқытудағы заманауи білім беру технологиялары оқушылардың информатика пәнін оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу және 3D-модельдерді қолдану білім алушыларды ынталандырады, яғни олар оқуға ұмтылады, оқу қызметіне жауапкершілікпен қарайды.

Қазіргі білім берудің басым мақсаты – шығармашылық, терең ойлана білетін, ұтқыр тұлғаны тәрбиелеу. Сондықтан, 3D модельдерін пайдалану қашықтықтан оқытуда сөзсіз тиімді әдіс болып табылады. Оқушының ойлау қабілеті оған түсінікті және қол жетімді болатын арнайы схемалар, модельдер арқылы дамиды [2].

Оқушылардың оқу бағдарламасын тиімді игеруі үшін оқушының визуалды қабылдау үшін,мысалы, компьютерлік желі тақырыбында Mozaik Education сияқты интернет-ресурстарды пайдаланып,бейнеролик немесе 3D-модельдікөрсетуге болады [3]. Mozaik Education-де тақырыптық материалды игеру еркін айналатын және масштабталатын модельдерді қолдайды, оларда кіріктірілген анимациялар, сөйлеу сүйемелдеуі және тапсырмалар бар. Құрылымдар мен бөлімдердің титрлері бірқатар тілдерде қол жетімді, бұл оқушыларға өз бетімен оқуға, үйренуге көмектеседі. Mozaik Education-де қол жетімді дағдыларды дамытуға, тәжірибелер мен иллюстрацияларға арналған бірнеше интерактивті 3D модельдері, білім беру бейнелері, қосымшалар мен ойындар бар. «Компьютерлік желі» тақырыбында «Компьютерлік желі қалай жұмыс істейді»атты 3D моделін оқушыларға көрсетуге болады (сурет 1).



Сурет 1. Компьютер желісінің моделі


Дайын модельді қолдана отырып, компьютерлік желінің қалай жұмыс істейтінін түсіндіруге болады, оқушылар компьютерлер арасында ақпараттың қалай берілетінін және жергілікті және ғаламдық желілердің қалай көрінетінін түсінеді. Бұл 3D көріністе жергілікті желі моделі, хабарламамен алмасу 3D-сахнасы және ғаламдық желі бар.

«Компьютерлік жады» тақырыбында жақсы үшөлшемді модельдер бар, мысалы, қатқыл дискінің құрылғысы, оптикалық дискілер.



Сурет 2. Қатқыл дисктің орналасуы

3D көріністе алдымен қатқыл дискінің орналасқан жерін көрсетеді (сурет2), оқушылар жүйелік блокты айналдырып, компьютердің басқа құрылғыларын көре алады, өткен материалды еске түсіреді.




Сурет 3. Қатқыл диск құрылғысы және деректерді жазу

Сондай-ақ, оқушы қатқыл диск құрылғысына ақпараттың қалай жазылғанын көре алады. Анимацияда қатқыл дискінің ішінде айналатын магниттік дискілер бар екендігін және дискінің үстінде орналасқан арнайы магниттік бас оның бөліктерін магниттей алатындығы көрсетілген: диск бетінің магниттелген бөлігі 1 санын, ал магниттелмеген бөлігі 0 санын білдіреді (сурет 3). Осылайша, студенттер дискінің бетіне 0 және 1 тізбегі түрінде ақпараттың қалай жазылғанын түсінеді.

Анимацияның көмегімен оқушылар әртүрлі ақпарат сақтаушы оптикалық дискілердің құрылғысымен және жұмысымен таныса алады (сурет 4).

Мысалы, лазерлік дискідегі ақпарат оның бетіндегі микроскопиялық ойықтар түрінде жазылады, лазер сәулесі балқу материалының бетінде екілік кодты күйдіреді: ойық 0 санына сәйкес келеді, ал ойықтың болмауы 1 санына сәйкес келеді.



Сурет 4. Оптикалық дискілер

Әртүрлі компьютерлік бағдарламалар, онлайн-қызметтер оқу процесін қызықты етіп ұйымдастыруға, оқушыларға инженерлік-технологиялық шешімдерді түсінуге, кеңістіктік ойлауды, логиканы дамытуға көмектеседі. Бұл онлайн-сервисті информатика бойынша «компьютерлік жады», «жергілікті желілер» тақырыптарын, сондай-ақ математика, физика, география, биология, химия, тарих және өнер пәндері бойынша көптеген мысалдарды оқу кезінде пайдалануға болады. Ыңғайлы интерфейс әр оқушыға түсінікті, ал Mozaik Education жарқын түстері оқушыларды оқуға тартады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында оқыту үшін әртүрлі онлайн-сервистерді пайдалану қарапайым техникалық оқыту құралы болуы тиіс, бұл оқушылардың тек информатиканы ғана емес, басқа да білім беру пәндерін оқуға деген білім беру уәждемесін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://nsportal.ru/shkola/informatika-i-ikt/library/2014/04/03/ispolzovanie-tehnologiy-distantsionnogo-obucheniya-v>
2. <http://проф-обп.пф/blog/2015-12-05-693>
3. <https://www.mozaweb.com/ru/lexikon.php?cmd=getlist&let=3D&sid=TCH&pg=2>

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТАРЫН ДАЯРЛАУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Турушев Е.А. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Мемлекеттік университетінің «Арнайы педагогика» мамандығының 2 курс магистранты

Аңдатпа: Арнайы білім беру педагогтерін даярлауда цифрлық технологияларды қолдану, олардың артықшылықтары туралы баяндалған. Білім беру кеңістігінде сапалы маман даярлауда қолданылып жүрген жаңа цифрлық технологиялар. Цифрлық технологиялар арқылы білім берудің тәрбиелеушілік мүмкіндіктерін қарастырған.

Қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипаттағы болашақ педагогтердің қажеттілігін туғызып отыр. Елімізде қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саналы жан-жақты өзгертуге бағытталған кешенді шығармаларымен тығыз байланысты. Осы жағдайларға байланысты жоғары оқу орнының ең бір маңызды міндеті кәсіби жағынан білімдер да, технологиялық құзіретті болашақ педагогтерді даярлау болып отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған «Төртінші өнеркәсіпті революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында жоғары оқу орындары алдына цифрлық білім беру ресурстарын дамыту міндетін қойып, цифрландыру кәсіпорындар мен жалпы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, сондай-ақ халықтың өмір сапасын жақсартуда аса қажет екенін айтқан болатын.

Мемлекет басшысы жоғары білікті кадрлар даярлаудың маңыздылығын атап айта келіп, білім беру саясатын қайта қарау қажеттігін де атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары оқу орындарының базасында және инновациялық кластерлер шеңберінде құзырлылық (біліктілік) орталықтарын дамыту мәселелеріне назар аударды.

Цифрлық технологиялар қолдану арқылы болашақ арнайы педагогтарды даярлаудың маңыздылығына тоқталып өтейік. Арнайы педагог дегеніміз кім? Арнайы педагогика-мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім берудің теориясы мен технологиясын зерттейтін ғылым. Арнайы педагогиканың пәндік салаларын төмендегідей топтастыруға болады:

1. Сурдопедагогика-есту қабілеті бұзылған тұлғаларға білім берудегі ғылыми білімдердің жүйесін анықтайтын арнайы педагогиканың бір саласы.

2. Тифлопедагогика- көру қабілеті бұзылған тұлғаларға білім берудегі ғылыми білімдердің жүйесін анықтайтын арнайы педагогиканың бір саласы.

3. Логопедия- сөйлеу тілінің кемшіліктері туралы ғылым.

4. Олигофренопедагогика- ақыл-ой дамуы кешеуілденген балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесімен айналысатын арнайы педагогиканың бір саласы.

5. Коррекциялық педагогика- жалпы білім беру бағдарламасын игеруде қиындықтар туындайтын, психикалық дамуының тежелуі байқалатын тұлғаларды оқыту мен тәрбиелеумен айналысатын арнайы педагогиканың саласы.

Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлік сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр. Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда мектептік білім беруді цифрландыру оны реформалау

үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақ мектептерінің көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау. Н. Назарбаевтың «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» – атты тақырыпта оқыған лекциясында: «Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін формацияның педагогы қажет,» – деген.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі:

- Студенттің өз бетімен жұмыс істеуі;
- Жаңа ақпаратты іздеуде уақытын үнемдеуі;
- Білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- Қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- Оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

"Ұстаз дегеннің өзі - биік атауға тең. "Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсенізі!"- деп ұлы данышпан Абай айтып кеткендей, және де ұстаздың өзі- адами құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы. Осыған орай қазіргі кезеңнің талабына сай өскелең ұрпақты білімді, мәдениетті, ұшқыр ойлы, халқының салт-дәстүрін дәстүрлей білетін, туған Отанын, жан-тәнімен сүйетін азамат дәрежесіне тәрбиелеу және осыған жетелеудің өзі педагогикалық шеберлік демекпін. Осындай білікті де білімді болашақ педагогтарды даярлауда замана көшінен қалмай, білім мен тәрбие беруде цифрлық технологиялардың берері мол. Биылғы әлемде болып жатқан індет цифрлық технологиялар адамзат дамуының ажырамас бөлшегі екеніне көзімізді жеткізді. Осы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылар мен студенттер, магистранттар білім алудан шет қалмай, әр түрлі ақпараттық ,цифрлық технологиялар арқылы білімдерін шыңдап,өздерін дамытуда. Мынау дамыған заманда еліміз заман көшінен қалмас үшін, ең алдымен жас ұрпақты заман талабына сай оқытып,заман талабына сай тәрбиелеуіміз қажет. Ал қазіргі заманның басты талабы цифрлық технологиялар мен ақпараттық технологияларды меңгеру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бидайбеков Е «Цифрлық білім беруді дамыту міндеті» 29.12.2018 ж kaznu.kz
2. Абаева Ғ.Ә, Төребаева К.Ж, Оразаева Г.С, Қартбаева Ж.Ж «Арнайы педагогика» оқулық, 2018 ж
2. Жайлаубаева К.А « Цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа негізгі бағыт», edunes.kz
3. Акбердиева К.А « Қазіргі мектепті жаңғырту аясында педагогтардың кәсіби шеберлігі»

**Секция 3. РОБОТОТЕХНИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ /
РОБОТОТЕХНИКА И ОБРАЗОВАНИЕ
ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ БАЙЛАНЫС ТӘУЕКЕЛДЕРІ/
ИНТЕРНЕТ И РИСКИ ОБЩЕНИЯ В ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ.**

УДК 004.896

**«РОБОТОТЕХНИКА НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫНА АРНАЛҒАН
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ЖАСАҚТАУ**

Аманкусова Л.А. -

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
«Информатика және білім берудегі ақпараттандыру»
мамандығының 2 курс магистранты
Атырау қаласы*

Робототехника - бұл ғылым мен техниканың бағыттары арқылы роботтар мен роботтандырылған жүйелерді құру болып табылады.

Роботтар - адам секілді әрекеттерді, қимылдарды жасай алатын мәшине. Адамның жүрістұрысы мен қимылдары автоматтандырылған, адамдардың қажеттілігіне бағытталған күрделі құрылғы.

Робототехника - бұл ғылым мен технологияның маңызды бағыттарының бірі, мұнда механика және жаңа мәселелер технология жасанды интеллект мәселелерімен байланысты. Робот адамның ауыр жұмысын ауыстыруға және үлкен кәсіпорындарды автоматтандыруға арналған. Басында көптеген сәтсіздіктер болғаныменде соңғы он-онбес жылдықтарда робототехника және робот салалары қарқынды дамуда. «Робот» термині славяндық тілден шыққан. 1920 жылы атақты жазушы К.Чапек өзінің «Россумовские универсальные роботы» пьесасында алғаш рет робот терминін енгізді. Ол өз сценарийінде роботтарды механикалық жұмысшылар деп анықтап, адамдарды роботтармен алмастырудың ауыр жұмысын зерттеді.

Жетік жасалған роботтар адамдар сияқты қоршаған ортамен әрекеттесе алады және жасанды интеллектке ие болады. Алайда, роботтар адамдардан алыстау және олардың ақылдылығынан артта қалғанын түсіну керек. Автоматтандыру сапасы тұрғысынан роботтың басқа түрі өзінің әмбебаптығымен және басқа операциялармен жылдам ауысуымен (икемділігі) танымал.

Робототехниканың негізі үш негізгі ғылыми және технологиялық зерттеулер болып табылады. Бірнеше аймақтардан тұрады: машина жасау, электротехника және есептеу техникасы. Машина жасау-динамикадан, материалдардан, машиналардың модельдік элементтерінен, компьютерлік модельдеу, құрал-саймандар өндірісінен, электротехника, электр тізбегі, электр жабдықтары, датчиктерден және оларды енгізу механизмдерімен,

басып шығару схемасын модельдеу үшін байланысқан үлгілермен жұмыс жасайды. Бағдарламалау тілдерін қолданатын информатика (C, C ++, Java, Assembler), микроконтроллерлер, микрокомпьютерлер, ендірілген басқару жүйелері, есептеу, яғни жасанды интеллект, бейнені тану, компьютерлік бөлім.

Өртүрлі арнайы робот кешендері бар. Оларға:

- Lego Mindstorms EV3. Жаңа ұрпақтың арнайы конструкторы.
- Fischertechnik. Дамытушы конструктор. Бұл балаларға да, жасөспірімдерге де, студенттерге де жарайды;

- Scratch ;

- Arduino;

Arduino - бұл аппараттық есептеу платформасы, ал оның негізгі компоненттері қарапайым енгізу-шығару платасы және өңдеу / сымдарды дамыту ортасы болып табылады. Arduino тәуелсіз интерактивті объектілерді құру үшін немесе компьютерлік бағдарламалық жасақтамаға қосылу үшін қолданыла алады. Қазіргі уақытта қол жетімді нұсқасына сымды байланыс арқылы тапсырыс беруге болады. Электр платформасының дизайны туралы ақпарат (баспа платаларының суреттері) өздігінен платаларды құрастырғысы келетін адамдар үшін қол жетімді.

Жоғарғы оқу орнында бағдарламалауды оқытудың ерекшеліктері – білім беру ұйымдары негізгі білімді жеткілікті түрде және ұзақ игеруді қажет етуде. Қазіргі таңда кәсіптік оқытуда бағдарламалау оқу уақыттарының жетіспеушілігі мен сапалы емес дайындықпен және еңбек нарығына деген жоғарғы сұраныстармен тұтас келеді. Бұл мәселені шешу жолдары- студенттер үшін нақты мотивация қалыптастыру. Студенттердің басым көпшілігі бағдарламалауға деген қызығушылығы артуда, себебі бағдарламалаушы мамандықтар тек Қазақстан ішінде емес, әлем бойынша сұранысқа ие болуда.

Бағдарламалау деп отырғанымыз ақпаратты өңдеу процестері. Бағдарламалар айнымалының мәндер жиынтығы немесе тұрақты кіріс мәндеріне негізделеді.

Осы платформаның негізгі тиімді жақтарына келетін болсақ:

- Қолжетімді арзан бағалар. Басқа аппараттық платформалармен салыстырғанда, Arduino тақталары салыстырмалы түрде арзан. Дайын модульдердің бағасы 50 доллардан аспайды, ал тақтаны өздігіңізден құрастыру мүмкіндігі көп ақшаны барынша үнемдейді және Arduino-ны ең аз бағамен алуға мүмкіндік береді;

- кросс-платформа. Arduino бағдарламалық жасақтамасы Windows, Macintosh OSX және Linux операциялық жүйелерінде жұмыс істейді, ал бұл жүйелердің көпшілігі тек Windows үшін қолжетімді;

- қарапайым және ыңғайлы бағдарламалау ортасы. Arduino бағдарламалау ортасы жаңадан бастаушылар үшін қарапайым және түсінікті, сонымен қатар озық пайдаланушылар үшін жеткілікті икемді. Оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де оқу өте оңай;

- кеңейтілетін ашық бастапқы бағдарламалық жасақтама. Arduino бағдарламалық жасақтамасы ашық көзі болып табылады, сондықтан тәжірибелі бағдарламашылар оны өзгерте алады және толықтыра алады. Ардуино тілінің мүмкіндіктерін C++ кітапханаларының көмегімен кеңейтуге болады;

Компьютерлік программаларды құру барысында оның қандай қызмет атқаратынын және қалай орындалатынын нақтылап түсініп алу қажет. Егерде сіз әлі де тақырыпты үйренбеген болсаңыз, бірақ бағдарламаны жазып жатсаңыз, онда ол бағдарлама біз ойлағандай жұмыс істемеуі мүмкін. Сондықтан, қарапайым бағдарламаны жетік меңгеріп алып содан соң күрделіге өту қажет.



Электрондық жасақтаманы жасауға кіріспес бұрын , қолжетімді қандай электрондық кітапша жаасайтын жасақтамалар барына талдау жасадым.

- TurboSite;
- Natata eBook Compiler;
- SbookBuilder;
- iSpring Suite;
- eBooksWriter Lite;
- SunRav BookOffice;

Бұл электрондық кітапшаны жасақтаған кезде мен TurboSite бағдарламасын қолдандым. TurboSite - бұл вебсайттар мен электрондық оқулықтарды жасақтауға арналған тегін бағдарлама. Бұл бағдарламаны тегін жүктеп алып, түсініктемелер, кері байланыс формаларын,

суреттер мен бейнежазбаларды кірістіріп және javascript HTML вебсайт немесе электрондық оқулық жасауға мүмкіндіктер бар. Қолданылуы өте қарапайым, жеңіл, кез-келген адамға түсінікті, программалық тілдерді қажет етпейді.

TurboSite бағдарламасын қолдану үлгісіне келетін болсақ, жүктелген бағдарламаны іске қосқан кезде тезере беті суреттегідей болады:



1.1-сурет. TurboSite бағдарламасын іске қосқан кездегі бірінші терезе


Параметрлерді толықтырып болған соң, «Страницы» бетіне өтеміз. Біз сайт неше беттен құралатынын алдын ала ойластырып аламыз. Содан соң 2-суретте көрсетілгендей «Добавить» батырмасын басу арқылы біз қажетті беттерді қоса аламыз. «Заголовок» сөзіне сайт бетінің тақырыбы жазылады. Менің электрондық оқулығым 14 беттерден тұрады:

- Arduino;
- Arduino платформасы туралы негізгі ақпарат;
- Сабақ 1. Жарық светодиодтары;
- Сабақ 2. Батырма, шартты және логикалық айнымалы;
- Сабақ 3. Потенциометр;
- Сабақ 4. Сервокозғалтқыш;
- Сабақ 5. Цифрлық және аналогтық RGB жарық диоды;
- Сабақ 6. Пьезоэлемент;
- Сабақ 7. Пианино;
- Сабақ 8. Түнгі жарықшам;
- Сабақ 9. Температура мен ылғалдықты анықтайтын датчик;
- Сабақ 10. LCD дисплейі;
- Практикалық тапсырмалар;
- Тесттер;
- Бастапқы 2 беті ардуино туралы негізгі ақпараттардан 10 түсіндірме сабақтардан тұрады.



1.2-сурет. «Страницы» параметрі

Парақ беттерінің оң жақ бөлігіне енгізу өажет ақпараттарды, сурет немесе кесте, видеожазбаларды көшіріп(копировать), қою (вставить) аламыз. Әрбір мәтіннен сөзді өзгерткен кезде төменде жазылған «Генерировать сайта» түймесін басып отыру қажет. Бұны басқаннан кейін барлық өзгерістер сақталады. Сайттан нәтижесін көру үшін «Просмотр сайта» түймесін басып көруге болады. «Просмотр сайта» басқан кезде келесі суреттегідей болып веб бетте ашылады.



1.3-сурет. Электрондық оқулықтың сайт бетіндегі макеті

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Аппаратная платформа Arduino [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://arduino.ru/Hardware>
2. Белослудцева Л. И., Прончев Г. Б. Курс робототехники для дополнительного образования

ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ АҚПАРТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Амешова К.С., Дусмагулов А.Н., Ермұханбетов Е.А.

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, 4-курс студенті
Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы*

Қазіргі қоғам жағдайында халықтың өмірін жақсарту, барлық нәрсеге деген қолжетімділікті арттыру басты мақсат болып отыр. ХХІ ғасырдағы Қазақстан жаңа дәуірге аяқ басушы мемлекет ретінде елбасымыздың «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында осыған дейін аталып кеткен мақсатына біртіндеп қол жеткізіп келе жатыр. Цифрлық сауаттылық, ақпараттық қауіпсіздік, қолжетімділік терминдері қазақ салтына ежелден жат болғанымен, Елбасымыздың ел үшін, көркею үшін жүргізген әр стратегиясы, әр мақсаты, бағдарламалары жаңа дәуірдегі қазақ халқы үшін тиімді әрі пайдалы болып отыр.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаты — орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Өнеркәсіпті және электр энергетикасын цифландыру;
2. Көлікті және логистиканы цифрландыру.
3. Ауыл шаруашылығын цифрландыру.
4. Электрондық сауданы дамыту.
5. Қаржы технологияларын және қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту.
6. Мемлекет – азаматтарға.
7. Мемлекет – бизнеске.
8. Мемлекеттік органдардың ішкі қызметін цифрландыру.
9. "Ақылды" қалалар.
10. Байланыс желілерін және АКТ инфрақұрылымын кеңейту.
11. АКТ саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
12. Орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру.
13. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау).
14. Инновациялық даму алаңдарын қолдау.
15. Технологиялық кәсіпкерлікті, стартап мәдениетті және ҒЗТКЖ-ны дамыту.
16. "Венчурлік" қаржыландыруды тарту.
17. Инновацияға сұраныс қалыптастыру.

Бағдарламада әр салаға жіті мән беріледі. Соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым мәселесі. Яғни, бүгінгі күні ақпараттық-технологиялық инфрақұрылым экономикалық дамудың маңызды элементі болып қалыптасуда. Заманауи қолжетімді телекоммуникациялық инфрақұрылымсыз Қазақстанның әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікте орнығуы мүмкін емес. АКТ қолжетімділігі цифрлық экономиканы құрудың іргетасы болып табылады.

Интернетке кең жолақты қолжетімділік дамыған АКТ инфрақұрылымының негізгі құраушысы болып табылады. Кеңжолақты қолжетімділік FTTx, ADSL сияқты сымды технологиялармен және 3G, 4G және спутниктік байланыс сияқты сымсыз технологиялармен қамтамасыз етіледі. Халықты және бизнесті интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының қалаларында және облыстарында телекоммуникациялық инфрақұрылым құрылды; алайда, бүгінгі күнге ол ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Цифрлық теңсіздікті төмендету мақсатында ауылдық елді мекендерді кеңжолақты қолжетімділік желілерімен сапалырақ және толайым қамтамасыз ету қажет.

Бұл не деген сөз? Яғни, ел ішінде халық жағдайын жақсарту мақсатында қазіргі заман талабына сай барлық елді мекенді қолжетімді интернетпен қамсыздандыру. Тез арадағы қолжетімділік, кез- келген ақпаратқа дер кезінде қол жеткізу жылдам кеңжолақты желі көмегімен іске асырылмақ.

Тағы бір мәселе- АКТ саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қазақстанның информатика мен телекоммуникациялардың әлемдік жүйесіне қосылуы қазірдің өзінде мемлекеттік басқаруда, бизнесте, өнеркәсіптік объектілерді басқару жүйелерінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің дүркінді өсуіне әкелді, азаматтардың дербес деректерін өндейтін операторлармен АКТ қызметтерін көрсету салаларын кеңейтті.

Соңғы жылдары мемлекеттік ақпараттық жүйелерге, сонымен қатар, банк және өнеркәсіп секторларына да бағытталған ақпараттық қауіпсіздікке төнген қатерлердің күрт өсуі орын алуда. EMC компаниясының "Global Data Protection Index" талдамалық есебінің деректері бойынша 2012 жылдан бастап дүние жүзі бойынша жоғалтылған деректер көлемдері 400%-ға өсті. Жоғалған деректердің жалпы көлемі шамамен 2,36 терабайтты құрады. Барлық әлем бойынша жоспардан тыс тоқтап қалулар және деректерді жоғалту жыл сайын ұйымдарға 1,45 млрд. АҚШ доллардан астам сомаға келеді. Халықаралық электрбайланысы одағының Жаһандық киберқауіпсіздік индексіне сәйкес 2017 жылы Қазақстан 193 мемлекеттің ішінен 83 орынға ие болды, яғни, рейтингтің төмен деңгейінде орналасты. Осы индекс құқықтық ортаның даму деңгейін, техникалық алғышарттарды, ұйымдастырушылық шараларды, құзыреттердің дамуы мен мемлекет ішіндегі және сыртындағы кооперацияны ескереді.

Кеңжолқты қолжетімділік желілерінің дамуымен, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдағы түрлендірулермен, шаруашылық жүргізуші субъектілердің "онлайн" ортаға көшумен және өнеркәсіпте, энергетикада, банк қызметінде және АКТ-қызметтер саласында технологиялық процестерді автоматтандырумен қатар ақпараттық кеңістік пен байланыс инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ойластырылған және бірізді саясатын жүргізу қажет.

АКТ қолдану саласында Қазақстан экономикасын цифрландыру процестерінің тиімділігіне әсер ететін қауіпсіздіктің негізгі проблемалары мен қатерлері, оларды еңсеру шаралары "Қазақстанның киберқалқаны" киберқауіпсіздік тұжырымдамасында көрсетілді және ақпараттың тұтастығын, құпиялылығын, қолжетімділігін және оны өңдеу кезінде пайдаланушыларды сәйкестендіруді қамтамасыз етудің сенімді технологияларын қолдануды көздейді.

Қазақстан Республикасы экономикасын цифрландыру жөніндегі іс-шараларды тиімді іске асыру ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірлігін, тұрақтылығын және қауіпсіздігін, деректердің сақталуын және негізінде АКТ қолдануға негізделген шешімдер жатқан процестерге азаматтардың сенімін қамтамасыз ету кезінде ғана қамтамасыз етілетін болады.

Қорытынды

Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы – бұл цифрлық технологияларды қолдану есебінен елдің әрбір азаматының тұрмыс деңгейін арттыруды көздейтін маңызды кешенді бағдарлама.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде іске асырылған барлық іс-шаралар мен жобалар мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыруды, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді, білім және денсаулық сапасын, сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсартуды, еңбек өнімділігі құрылымында кіші және орта бизнестердің үлесін арттыруды мүмкін етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://digitalkz.kz/kz/>
2. <https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/cifrlыk-kazakstan-memlekettik-bagdarlamasy-9115318>
3. <https://qamshy.kz/article/43728-tsifrlyq-qazaqstannynh-negizgi-maqsaty-omir-sapasyn-dgaqsartu>
4. https://kk.wiki2.wiki/wiki/Digital_security

МЕТОДЫ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ

*Иксебаева Ж.С.,**старший преподаватель,**Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова, г.Уральск**Химеденова З.М.,**преподаватель,**Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова, г.Уральск*

Аннотация: Целью данной статьи является рассмотрение методов проектирования информационных систем, используемых в различных сферах. В настоящее время существует несколько методов проектирования автоматизированных информационных систем, среди которых можно выделить следующие: «снизу вверх» и «сверху вниз», структурный и технологический.

Ключевые слова: информационная система, база данных, метод, подход, проектирование.

Проектирование информационных систем в последнее время стало широко распространенной задачей, которую решают органы управления и коммерческие структуры: банки, торговые дома, различные предприятия, организации образования и т.д. Такие проекты могут быть небольшими, средними, крупными и сверхбольшими (уникальными).

Разработка архитектуры сложных прикладно-ориентированных информационных систем (ИС) на основе концепции открытых систем является наиболее адекватной. Основная цель создания систем как открытых состоит в возможности экономически и технически эффективного объединения в единую систему различных типов оборудования и программного обеспечения на основе использования стандартизированных интерфейсов между компонентами системы. Такой подход потенциально позволяет повторно использовать наиболее наукоемкое программное обеспечение на различных вычислительных платформах без перепрограммирования и таким образом экономить значительные финансовые ресурсы. С другой стороны, такой подход позволяет шаг за шагом увеличивать вычислительные возможности прикладной программы в соответствии как с потребностями пользователя, так и с его финансовыми возможностями.

Индустрия разработки автоматизированных информационных систем управления зародилась в 50-60—е годы XX века и к концу века приобрела вполне законченные формы.

На рынке автоматизированных систем для крупных корпораций и финансово-промышленных групп сегодня можно выделить два основных субъекта: это рынок автоматизированных банковских систем (АБС) и рынок корпоративных информационных систем промышленных предприятий (ЕСИС). Несмотря на сильную взаимосвязь этих двух рынков систем автоматизации, предлагаемые решения еще не полностью интегрированы друг с другом, и это ожидается в ближайшем будущем.

В настоящее время существует несколько методов проектирования автоматизированных информационных систем (АИС), среди которых можно выделить следующие: "снизу вверх" и "сверху вниз", структурный и технологический.

Метод «снизу вверх»

Менталитет современных программистов сформировался в крупных вычислительных центрах (ЦОК), основной целью которых является не создание тиражируемых продуктов, а обслуживание персонала конкретного учреждения. Этот подход во многих отношениях сохранился в автоматизации даже сегодня. В условиях постоянно меняющегося законодательства, производственных правил, правил финансово-экономического управления и бухгалтерского учета должностному лицу удобно иметь посредника между вновь изданной инструкцией и компьютером. С другой стороны, как оказалось, есть много программистов, зараженных "вирусом самодетельности", когда за такую работу предлагалось особенно приличное вознаграждение.

Первый подход был сведен к проектированию "снизу вверх". В этом случае, при наличии квалифицированных программистов, некоторые рабочие станции (WS), которые были важны с точки зрения руководящего органа, были вполне сносно автоматизированы. Общая картина "автоматизированного предприятия" была видна не совсем хорошо, особенно в перспективе.

Метод «сверху вниз»

Быстрый рост числа акционерных и частных предприятий и банков позволил некоторым компаниям увидеть будущий рынок и инвестировать в создание программного устройства для этого растущего рынка. Разработчики выделили наиболее заметную из всего спектра проблем: автоматизацию аналитического учета и технологических процессов (для банков это в основном расчетно-кассовое обслуживание; для промышленных предприятий - процессы проектирования и автоматизация производства; подразумеваются не конкретные машины и т.д., а информационные потоки). Учитывая тот факт, что центр АИС, безусловно, является устройством, которое обеспечивает автоматизированное ведение аналитического учета, большинство фирм начали с детального изучения этой проблемы. Системы были спроектированы "сверху", исходя из предположения, что одна программа должна удовлетворять потребности всех пользователей.

Структурный подход

· Структурный подход основан на использовании организационной структуры компании, когда проектирование системы осуществляется в соответствии со структурными подразделениями/отделами. Технологии деятельности в данном случае описываются через технологии работы структурных подразделений/отделов, а взаимодействие структурных подразделений/отделов - через модель верхнего уровня.

Если компания представляет собой сложную структуру холдингового или предпринимательского типа, необходимо иметь модель взаимодействия всех ее элементов; модель будет содержать не только технологические, но и финансовые и юридические моменты.

Основным недостатком структурного подхода является привязка к организационной структуре, которая очень быстро меняется, поэтому необходимо часто вносить изменения в системный проект информационной системы.

Процессный подход

· Процессный подход ориентирован не на организационную структуру, а на бизнес-процессы.

С точки зрения нынешнего состояния, это наиболее перспективно. Бизнес-процессы, в отличие от организационной структуры, меняются реже. Как правило, на предприятии не так много бизнес-процессов, обычно не более десяти.

Процессный подход приводит к необходимости перехода на так называемое «бережливое производство» или к "бережливой" ресурсосберегающей организационной структуре (бережливое производство). Основными направлениями такой реорганизации являются:

- широкое делегирование полномочий и ответственности исполнителям;
- количественное сокращение уровней принятия решений;
- сочетание принципа управления по целям и групповой организации работы;
- особое внимание уделяется вопросам обеспечения качества продукции или услуг, а также работы предприятия в целом;
- автоматизации технологий выполнения бизнес-процессов.

Основные отличия нового подхода к проектированию АИС

Основными отличиями нового подхода к проектированию АИС 4-го поколения являются использование принципов распределенной БД, "дуализма", многокомпонентной и транзакционной обработки данных [5].

Итак, основное отличие нового подхода к созданию АИС заключается в идее распределения карточек счетов в соответствии с уровнями иерархии. В данном случае справочник карточек счетов с их соответствующими описаниями, информационный набор клиентов проектировался по принципу распределенной базы данных.

Проблема проектирования АИС промышленных предприятий является более сложной, поскольку вид обрабатываемой информации более разнообразен и трудно формализуем. Все это регулируется Государственными стандартами, поэтому это может быть формализовано. В этом случае более важен модульный подход к реализации АИС.

Такая многокомпонентная система обеспечивала соблюдение основного принципа компьютеризированных информационных систем - отсутствие дублирования ввода данных. Информация об операциях, которые были выполнены с помощью одного из компонентов системы, может быть использована любым другим ее компонентом. Модульность построения АИС нового поколения и принцип одноразового ввода дают возможность варьировать наборы этих систем.

Кроме того, одним из преимуществ многокомпонентной системы, которая является базовой при создании АИС нового поколения, является возможность поэтапной реализации. На первом этапе внедрения компоненты системы устанавливаются (или заменяются старые) на тех рабочих местах, которые нуждаются в обновлении программного обеспечения. На втором этапе происходит совершенствование системы наряду с подключением новых компонентов и тонкой настройкой межсоединений. Возможность практиковать такой метод внедрения обеспечивает его простое тиражирование и адаптацию к местным условиям. Итак, автоматизированная информационная система нового поколения представляет собой многокомпонентную систему с базой данных, распределенной по ступеням иерархии управления.

Вывод

Следует отметить, что существуют следующие подходы к проектированию: индивидуальный, типовой и автоматизированный. В настоящее время наибольшее применение находит типовой подход, предполагающий типизацию проектных решений.

Необходимость типизации проектных решений обусловлена следующим: при внедрении стандартной системы затраты на планирование существенно снижаются; при индивидуальном планировании трудно обеспечить надлежащий научно-технический уровень разработки.

Для разработки и внедрения стандартизированного проектирования АИС существует ряд объективных предпосылок:

- управление бизнесом основано на общих положениях;
- структура системы управления для всех предприятий примерно одинакова и зависит только от размера компании;
- техническое оборудование АИС стандартизировано.

Основой типового проектирования является первичная классификация или типизация объектов по их наиболее важным параметрам. Затем идет создание эталонных схем и решений, внедрение которых в дальнейшем на конкретном предприятии сводится к их привязке в условиях предприятия.

Литература

1. Петров В.Н. Информационные системы. СПб.: Питер, 2002, - 688 с.
2. Дыго С.М. Проектирование и использование баз данных С. М: Финансы и статистика, 1995. – 344 с.
3. Коннолли Т.М., Бег К.Э. База данных. Проектирование, реализация и поддержка. Теория и практика. М: Уильямс, 2000, -1120 с.
4. А.М. КЕЙС-технологии. Современные методы и средства проектирования информационных систем: Интернет-издание. Адрес сайта: <http://l.ru/library/vendrov/index.htm>.
5. Т.Коннолли, К.Бегг, А.Стрейкен. Базы данных: Проектирование, реализация и поддержка. Теория и практика. - СПб.: Питер, 2000. -786 с.

РОБОТОТЕХНИКА- БОЛАШАҚҚА ЖАСАЛҒАН ЖАҢА АДАМ

Нурғалиева Б.Ж.

«Информатика және білім беруді ақпараттандыру»

білім беру бағдарламасы магистранты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы

Ғылыми жетекші: Майлыбаева А.Ж.– ф.-м.ғ.к.

Кілттік сөздер: робототехника, леґо, автоматтандырылған техникалық жүйелер, модуль, программа, LEGO MINDSTORMS EV3 конструкторы

Қазіргі таңда әлем көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатыр. Кеше фантастика болған робот, робототехника осы жаһандану дәуірінде «ақылды» құрылғылар ретінде өмірімізге ене бастады. Бүгінде түрлі салада адамдар осы роботтардың көмегіне жүгінеді. Сол себепті бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғам техниканың қыр-сырын білуді қажет етіп отыр. Өйткені, ХХІ ғасыр – робототехниканың заманы. Күнделікті өмірде барлық салада қолданылатын робототехниканың көмегімен келешекте жарқын өмір сүруге үлкен мүмкіндіктер туып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында, «..Заманның ағымынан қалмай алға қарай ілесе беру керек» деген сөздерінің астарында қаншама мағына жатыр. Ал қазіргі заманғы трендтегі робототехника – елімізде соңғы жылдардан бері қарқынды дамып келе жатқан инновациялық сала[1]. Робототехника бағытының даму болашағы зор. Робототехника оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға және практикалық тапсырмаларды шеше білуге ықпал етеді, сонымен қатар робототехника математика, физика, информатика, технология, инженерлік негіздері және т.б. интеграциялануын қарастыратын пәнаралық элективті сала болып табылады. Робототехника – ғылыми-техникалық бағыттағы оқушылардың шығармашылық әлеуеттерін анағұрлым толық ашатын және жасөспірімдердің жеке білім маршрутын жасау мен кәсібін анықтауға арналған құрал болып табылатын, білімге деген жеке қызығушылықтарын қанағаттандырудың маңызды механизмдерінің бірі.

Қазіргі таңда бүкіл дүние жүзінде робототехника ғылымы кең қолданыс тауып отыр. Қазақстан дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында ғылыми-техникалық прогресстің осы бір маңызды бағытынан құр қалмауда. Робототехника автоматтандырылған техникалық жүйелерді құрумен айналысатын қолданбалы ғылым болып табылады. Робототехника бағдарламалау және механика сияқты пәндергесүйенеді. Робототехника механика және жаңа технологиялар проблемасын жасанды интеллект проблемаларымен ұштастырады.

Роботты техника (робот және техника, ағылшын тілінен аударғанда robotics–роботика), роботты техника - автоматтандырылған техникалық жүйелерін әзірлейді және өндірістің қарқынды дамуына маңызды техникалық негізі болып табылатын қолданбалы ғылым[2]. Робототехника мақсаты роботты техника бойынша білімді жетілдіру болып табылады.

Робот – әр адамның ойлай білуіне байланысты. Мұнда мақсатқа жету маңызды. Роботқа жүктелетін міндеттің орындалуы үшін бағдарлама жазылады. Роботты құрастыру оңай болғанымен, бағдарламалауға келгенде қиындықтар болады. Бір роботты құрастыру мен бағдарлама жазып шығуға кететін уақыт мөлшері оның күрделілігі бойынша анықталады. Робот құрастырғанда бөлшектерінің мығымдығы мен беріктігі де оның шыдамдылығын арттырады. Күрделі бағдарлама роботты күшейтеді. Робототехника дегеніміз – бірнеше пәннің үйлесім табуы. Құлтемірді жасаған кезде алдымен бағдарламасын жазады. Бағдарлама жасау барысында міндетті түрде математика, информатика, физика, геометрия пәндерінің элементтерін пайдаланады. Мәселен, олар математика пәнінен бір формула үйреніп келетін болса, үйірмеде сол формуланы пайдалана отырып, өздері тәжірибе жүзінде шындайды. Физикалық есеп арқылы роботты, оның қимылын жасайды[3]. Робот жасау арқылы балалардың ойлау қабілеті дамиды, бағдарлама жасап үйренеді. Мұндағы басты мақсат – балаларды ғылымға баулу.

Қазір мектепте факультатив және элективті курстарда робототехника негіздері пәні енгізілді.



Робототехника бойынша түрлі конкурстар, сайыстар өткізіліп, оқушылар бір-бірімен ғылыми-техникалық идеялар, техникалық ақпарат және инженерлік білімдерімен алмасуда.



Әрбір өзін-өзі құрметтейтін компания немесе кәсіби шебер орындалған жұмыстары бар портфолионы орналастыруы керек. Жалпы веб-сайт туралы түсінік қарастырайық.

Веб-сайты алғаннан кейін, көптеген иелер бұл мәселе толығымен шешілді деп ойлайды. Шын мәнінде, бұл олай емес. Сайт тұрақты жұмыс істеп, сіздің бизнесіңіздің табысты демеушісі болуы үшін, өзінің рейтингі мен танымалдылығын жоғалтпауы үшін оларға үнемі айналысу қажет. Бұл процесс іздеу жүйесін оңтайландыру деп аталады

Сайт немесе **Веб-сайт**- (ағылшынша Website: Web - топ, желі және site - орын, желідегі орын, сегмент) - бір мекенжайға (домен атымен немесе IP - мекенжаймен) біріктірілген компьютер желісіндегі жеке тұлғаның немесе ұйымдары электрондық құжаттар (файлдар) жиынтығы. Ғаламтор желісінің негізін құрайтын барлық сайттар болып табылады.

Веб-сайт-бір тақырып бойынша біріктірілген және гиперсілтемелер бойынша байланыстырылған Веб-беттер жиынтығы.Әдетте Веб-сайт аты мен адресі жазылған бума түрінде серверде орналастырылып қойылады.Дайындалған сайтқа Веб-беттер енгізу қиын емес.Сайтқа көптеген Веб-беттердің енгізілуі де мүмкін,мысалы,электрондық газеттер,түрлі жаңалықтар.Сондықтан сайттың көлемі үлкен,күрделі құрылымды,иерархиялық түрде болуы да ықтимал.Оларға енгізілген түрлі информация жиі ауыстырыла бергендіктен сайтты редакциялап,жаңа мәлеметтер енгізіп отыру қажет.Мұндай сайттарды тез іздеп табу үшін негізгі беттеріне кілттік сөздер (гиперсілтемелер) енгізіліп қойылады.

Web-сайттар көбінесе осы үшін арналған Microsoft FrontPage 97,2000 редакторлар арқылы дайындалады.Мұнда й редактордың ерекшелігі сайтты Microsoft Word-тағы сияқты әдеттегідей орыс тілінде дайындай беруге болады, HTML тіліне аударуды автоматты түрде редактор құрамына енгізілген конвертор атаулы программада орындайды. Microsoft FrontPage редакторының терезесінде орнатылған HTML атаулы арнайы түймені шертіп, сайт құрамына жазылған . Веб-беттің HTML тіліндегі аудармасының экранда көріп шығуға да болады.

Web технологиялар қарапайым web-қосымшаларды да, күрделі ақпараттық web-жүйелерді да әзірлеуге мүмкіндік береді. Мұндай қосымшаларды табысты әзірлеу үшін бағдарламалық жасақтаманы (БК) әзірлеудің жалпы процесін түсіну қажет: негізгі іс-әрекеттер орындалуы тиіс әзірлеу бойынша; осы әрекеттер ретінде өзара байланысты; оларды орындаудың қандай тәртібі; осы процеске қандай мамандар қатысуы тиіс. Нақты web-қосымшаларды әзірлеу ұжымдық жұмыс нәтижесінде ғана мүмкін болады. Қосымша мөлшеріне байланысты оны құруға қатысатын мамандарды әзірлеу әсер етуі мүмкін әртүрлі тәуекелдерге ұшырайтын күрделі іс соңғы нәтиженің жетістігі.

Бірақ кез-келген жағдайда, тапсырыс беру қажетті алдын-ала төлем жасау және керемет нәтиже күту жеткіліксіз. Сайт сіз ойлағандай болуы үшін жоба тұжырымдамасын талқылауға, оның құрылымы мен дизайнын бекітуге, мазмұнды қарауға қатысу қажет.

Әлеуметтік желілерді пайдалану-қауымдастықтар құру және қоғамдық ресурстардағы адамдармен үнемі диалог компанияның имиджіне жағымды әсер етеді және әлеуетті клиенттердің оған деген адал көзқарасын қалыптастырады.

Мұның бәрін өзіңіз жасау өте қиын . Көбінесе сайтқа тапсырыс беруге болатын компанияда оны әрі қарай сүйемелдеу бойынша қызметтер ұсынылады. Оларды пайдалану керек. Тәжірибелі мамандар сайтты дамыту бойынша үнемі жұмыс істейді және оның өзектілігін сақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Бөрібаев Б., Мадьярова Г.А.Б 79 Web-технологиялар: Оқулық,-Алматы:ЖШС РПБК “Дәуір”,2011.-360 бет.
- 2.Камардинов О.К 16 Информатика.Оқу құралы. Алматы: “Қарасай” баспасы, 2008.-360 б.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР МЕН ӨНДІРІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ - XXI ҒАСЫР КӘСІБІ*Хамзина А.А.**Аға оқытушы, информатика кафедрасының меңгерушісі,
М.Өтемісов атындағы БҚУ**Багисов Ж.Ж.**ДВА докторы, М.Өтемісов атындағы БҚУ*

Адамзат үнемі алға жылжуда. Біз әрбір жеке адамның күш-жігерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа және әмбебап құралдарды жасаймыз. Бүгінгі таңда белсенді енгізіліп жатқан келесі қадам автоматтандыру болды. Автоматтандыру-адамды энергияны, материалдарды, бұйымдарды немесе ақпаратты алу, түрлендіру, беру және пайдалану процестеріне қатысудан босату не осы қатысу дәрежесін немесе орындалатын операциялардың еңбек сыйымдылығын елеулі түрде азайту мақсатында Өзін-өзі реттейтін техникалық құралдар мен математикалық әдістерді пайдаланатын ғылыми-техникалық прогресс бағыттарының бірі.

Автоматтандырылған:

- өндірістік процестер;
- жобалау;
- ұйымдастыру, жоспарлау және басқару;
- ғылыми зерттеулер;
- оқыту;
- бизнес-процестер;
- адам қызметінің басқа да салалары.

Автоматтандыру еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға, басқару процестерін оңтайландыруға, адамды денсаулыққа қауіпті өндірістерден шеттетуге мүмкіндік береді. Автоматтандыру, қарапайым жағдайларды қоспағанда, мәселені шешудің кешенді, жүйелі тәсілін қажет етеді. Автоматтандыру жүйелерінің құрамына датчиктер (сенсорлар), енгізу құрылғылары, басқару құрылғылары (контроллерлер), атқарушы құрылғылар, Шығыс құрылғылары, компьютерлер кіреді. Қолданылған есептеу әдістері кейде адамның жүйке және психикалық функцияларын көшіреді. Барлық осы құралдар жиынтығы әдетте жүйелер деп аталады. Автоматтандыру және механикаландыру дәуірінде техникалық білім өзекті болып отыр. Батыста XVII ғасырда олар инженерлік мамандарға қажеттілікті түсінді. Бұл алғашқы жолдар мен көпірлердің құрылысына байланысты болды. Ресейде Петр I техникалық ғылымдарды жақсы көрді.

Қазіргі уақытта адам қызметінің барлық салаларында даму қарқыны жеделдетілуде. Кәсіпорындар кішігірім өндіріс жағдайында жиі кездеседі. Өткір бәсекелестік оларды қысқа мерзімде және ең аз шығынмен нарықтың сұраныстарына сәйкес жаңа өнімді шығаруға қайта құруға мәжбүр етеді [1]. Өндірісті автоматтандыру бағдарламасы кәсіпорындардың жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуіне ғана емес, сонымен қатар өнімнің артық құнының едәуір өсуін қамтамасыз ететін технологиялық артықшылықтардың едәуір санына әкелетін сенімді құрал болып табылады. Сонымен қатар, өндіріс процестерін автоматтандыру адамға бұрын қол жетімді емес көптеген технологиялық операцияларды орындауға көмектеседі. Осылайша, автоматтандыруды енгізу қоғамның жалпы технологиялық дамуына ықпал етеді. Автоматтандыру-Бұл технологиялық процесс, онсыз бірде-бір кәсіпорын жасай алмайды. Автоматтандыру процестерді басқаруды жеңілдетуге қызмет етеді,

Сондықтан "технологиялық процестер мен өндірістерді автоматтандыру (салалар бойынша)" мамандығы сұранысқа ие мамандықтардың бірі болып табылады. Түлектің Біліктілігі-техник. Осы мамандықтың түлегі өлшеу, бақылау, сынау және технологиялық процестерді реттеу үшін аспаптар мен құралдарды монтаждау, жөндеу, техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу бойынша кәсіби қызметке дайын[2]. Қазіргі заманғы кәсіпорындарда осы білім деңгейі бар мамандар техник ретінде жұмыс істей алады, бұл ретте білуі тиіс: конструкторлық және технологиялық бөлімдердің құрылымын; конструктор мен технологтың құқықтары мен міндеттерін; стандарттармен, ЕСКЖ-мен жұмыс

істеу ережесін; инженер-техник қызметкерлердің міндеттері мен құқықтарын, автоматтандыру құралдарын пайдалану, жөндеу және Баптау бойынша цехтарда, бөлімдерде және т. б.

Орындалатын жұмыстардың көлемін; білуі тиіс: күрделі емес конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу;

Бұл мамандықтың сипаттамасы технологиялық процестер мен өндірістерді автоматтандырылған басқару жүйелерінің оңтайлы жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. Технологиялық, энергетикалық, көліктік, ақпараттық және басқа да өндірістік процестер кәсіби қызметтің объектілері болып табылады. Техник Автоматтандырылған басқару жүйелерін пайдалану бойынша бригададағы, ауысымдағы, цехтағы учаскедегі өндірістік процесті тікелей ұйымдастырушы ретінде дайындалады. Ол жобалау құжаттамасын дәнекерлеу, жобалау және оқу дағдыларына ие болуы керек, өлшеу техникасын жақсы білуі және оны қолдана білуі, Өртүрлі электр тізбектерінің параметрлерін есептей білуі керек. Техник қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, өндірістік учаскенің жұмысын ұйымдастыра білуі керек. Техник қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады: өндірістік-технологиялық қызмет-автоматты басқару жүйелерін монтаждау, баптау, Баптау; стандартты және сертификациялық.

Бітіруші автоматты басқару жүйелерінің типтік құрылғылары мен функционалдық блоктарын қалыптастырудың технологиялық процесін іске асыра алуы; қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жобалау - конструкторлық, технологиялық және басқа да техникалық құжаттаманы ресімдеуі; автоматты басқару жүйелерінің өлшеу және автоматтандыру құралдарын, құрылғылары мен функционалдық блоктарын, материалдарды, жабдықтарды және т. б. таңдау үшін нормативтік және анықтамалық әдебиетті пайдалануы; үлгілік өлшеу құралдарының мүмкіндіктері мен қолданылу саласын анықтауы, оларды қосу схемаларын жасауы; өлшеу және автоматтандыру құралдарын монтаждау алдындағы тексеруді, есептеу; үлгілік Электр схемалары мен электрондық құрылғылардың параметрлерін есептеу;

Кәсіби дайындыққа қойылатын негізгі талаптар, техника: технологиялық процестер мен өндірістерді автоматтандыруды дамытудың негізгі ғылыми-техникалық проблемалары мен перспективалары, олардың аралас салалармен өзара байланысы туралы; Технологиялық машиналардың даму үрдістері туралы, икемді технологиялық кешендердің, интеграцияланған және автоматтандырылған өндірістердің құрылымы туралы; автоматтандырылған технологиялық процестер мен өндіріс үшін басқарушы есептеу кешендерін құрудың негізгі принциптері туралы; автоматтандырылған технологиялық жабдық элементтерінің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері туралы түсінікке ие болуы тиіс[4]. Арнайы дайындықтың белгілі бір саласына байланысты негізгі объектілерді, құбылыстар мен процестерді, автоматтандырылған басқарудың сызықтық жүйелерінің математикалық сипаттамасын, автоматты басқару жүйелерінің сапа көрсеткіштерін, автоматты басқару жүйелерінің типтік элементтерінің жұмыс принциптерін білу.

Арнайы дайындықтың белгілі бір саласына байланысты негізгі объектілерді, құбылыстар мен процестерді, автоматтандырылған басқарудың сызықтық жүйелерінің математикалық сипаттамасын, автоматты басқару жүйелерінің сапа көрсеткіштерін, автоматты басқару жүйелерінің типтік элементтерінің жұмыс принциптерін білу.

Автоматты басқару жүйесінің негізгі көрсеткіштерін есептей білу, анықтамалық материалдар бойынша автоматты басқару жүйесінің типтік элементтерін таңдай білу; Технологиялық жабдықтың негізгі түрлерін баптау және пайдалану тәсілдерін меңгеру, автоматтандырылған жабдыққа арналған басқару бағдарламаларын әзірлеу, жөндеу, Бақылау және енгізу әдістерін пайдалану. Тәжірибесі болуы тиіс: техникалық бұйымдардың бейнесін құру, сызбаларды, схемаларды ресімдеу және оқу және спецификацияларды жасау, механикалық жүйелер элементтерінің беріктігін бағалау, үлгілік электр және электрондық схемаларды есептеу. Нарықтық қатынастардың динамикасы жағдайында кәсіби дайындық түлектің өмір бойы ғана емес, жақын арада да жұмыс орнына кепілдік бере алмайды. Өндірісті автоматтандыру саласында қазіргі уақытта жоғары білікті мамандардың тапшылығы байқалады. Сондықтан өндірісті және технологиялық процестерді автоматтандыру жөніндегі техник машина жасауда да, сондай-ақ машина жасауда да сұранысқа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Капустин, Н. М. өндірістік процестер мен өндірістерді автоматтандыру: Оқу. жоғары оқу орындары үшін / Ред. Н. М. Капустина. — М.: Жоғары Мектеп, 2014. — 415 Б.
2. Ресей Федерациясы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 349 "15.02.07 технологиялық процестер мен өндірістерді автоматтандыру (салалар бойынша) мамандығы бойынша орта кәсіптік білім берудің федералдық мемлекеттік білім беру стандартын бекіту туралы" бұйрығы;
3. 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 273-ФЗ "Ресей Федерациясындағы білім туралы" Федералдық заңның 59-бабының 6-бөлігі (Ресей Федерациясының заңнама жинағы, 2012, N 53, 7598-кұжат; 2013, N 19, 2326-кұжат; N 23, 2878-кұжат; N 27, 3462-кұжат; N 30, 4036-кұжат; N 48, 6165-кұжат; 2014, N 6, 562-кұжат, 566 бап);
4. Шишмарев В.Ю., технологиялық процестерді автоматтандыру. Орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы. 2015ж-50с;

УДК 004.896

РОБОТОТЕХНИКА НЕГІЗІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Шоңыраева А.Р.

*Жоғары санатты информатика пәнінің оқытушысы
Орал жоғары гуманитарлық колледжі
Орал қаласы*

Бұл мақалада қазіргі заман талабына сай робототехника негіздерін оқыта отырып, өзін-өзі дамытатын, өз бетімен білім ала алатын, өзін-өзі үнемі жетілдіру арқылы өз бағдарын айқындай алатын шығармашыл оқушы тұлғасын қалыптастыру жолдары туралы айтылады.

Робототехника - мектепте балаларды қазіргі заманда, жоғары технологияларға толы өмірге дайындау тәсілі. Сонымен қатар, бұл қазіргі заманның қажеттілігі, өйткені жылдан жылға жаңа жоғары технологиялар артып келеді. Жаңа заман талабына сай жабдықталған робототехника кабинеті – маңызды, қызықты оқу үрдісімен бірге тиімді оқыту болып табылады.

Робот құрастыру үрдісі – шығармашылық жұмыс, берілген тапсырмалардың дайын жауаптары жоқ. Сондықтан да жаңаны іздеу үшін, бұрынғы бар білімін пайдалануға тура келеді. Баланың кеңістіктік ойлауы, логикалық, конструкторлық дағдылары дамиды, математикадан және физикадан алған білімін тәжірибеде қолдану үшін оқиды, командада жұмыс істеу арқылы қателерді талдауға, бірдеңені ойлап табуға үйренеді. Мұндағы басты мақсат – балаларды ғылымға баулу. Қазіргі таңдағы «шығармашыл қоғамда» жетістікке жету үшін оқушылар шығармашыл тұрғыда ойлап, жүйелі түрде жоспарлап, сын тұрғысынан талдап, бірлесуді, ынтымақтастық орнатуды, ашық қарым-қатынас жасауды, табанды түрде қайта-қайта жобалауды, үздіксіз білім алуды үйренуі тиіс.

Робот істеу – әр адамның ойлай білуіне байланысты. Мұнда мақсатқа жету маңызды. Роботқа жүктелетін міндеттің орындалуы үшін бағдарлама жазылады. Роботты құрастыру оңай болғанымен, бағдарламалауға келгенде қиындықтар болады. Бір роботты құрастыру мен бағдарлама жазып шығуға кететін уақыт мөлшері оның күрделілігі бойынша анықталады. Робот құрастырғанда бөлшектерінің мығымдығы мен беріктігі де оның шыдамдылығын арттырады. Күрделі бағдарлама роботты күшейтеді.

Робототехника дегеніміз – бірнеше пәннің үйлесім табуы. Роботты жасаған кезде алдымен бағдарламасын жазады. Бағдарлама жасау барысында міндетті түрде математика, информатика, физика, геометрия пәндерінің элементтерін пайдаланады. Мәселен, олар математика пәнінен бір формула үйреніп келетін болса, робототехникада сол формуланы пайдалана отырып, өздері тәжірибе жүзінде шындайды. Физикалық есеп арқылы роботты, оның қимылын жасайды, датчиктердің, моторлардың жұмысы, түстерді ажыратады, дыбыс, кедергілерді анықтайды. Информатика пәнінен шартты орындау, бірнеше рет қайталау, таңдау әрекеттерін жасайды. Робот техникасы курсының биологиямен пәнаралық байланысын да ескермеуге болмайды. Тірі ағзалардың сенсорлық және қозғалыс функцияларының

биологиялық тетіктері роботтың сенсорлық және қозғалыс жүйелерінің прототиптері болып табылады.

Білім беру робототехникасын оқыту процесі кезінде педагог келесі қажеттіліктермен кездеседі:

- Жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру;
- Жобаны орындау барысында ғылыми таным әдісін қолдану;

Жобалау әдісі білім беру робототехникасын оқытудағы негізгі әдіс болып табылады. Бұл әдіс нақты практикалық нәтижеге бағытталған. Жобалау әдісін қолданудың негізгі мақсаты – оқушылардың қызығушылығын арттыру, өз бетімен жұмыс істеу арқылы білімдерін жетілдіру және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Егер оқушы жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса, ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобаға бағытталған оқыту – бұл оқушылардың кешендік, нақты сұрақтарға және мұқият қарастырылған тапсырмалар бойынша зерттеушілік қызметінің арқасында білімге, икемділікке ие болу процесіне негізделген жүйелі оқыту әдісі.

Роботтың моделін құрастыру жоба түрінде жүзеге асады. Құрастырған робот моделі практикаға бағытталған және зерттеу жобаларының қызметін қоса алып жүреді.

Жобалау әдісі оқушылардың оқу танымдық әрекетін ұйымдастыру әдісі ретінде жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін қалыптастырады. Бұл әдіс оқушылардың көшбасшылыққа, бәсекелестікке бағытталған табиғи бейімділігіне сүйенеді. Жоба құру процесінде оқушы басқа жолдастарына қарағанда белгілі бір жетістікке жетіп, жаңа әлеуметтік статус алады. Жобалау әдісі оқушының тек қана белсенділігін арттырып қана қоймай, өзін өзі жаңарту қабілетін қалыптастырады.

Жобаны дайындау кезінде оқушылардың және команда жаттықтырушысының бірлескен іс әрекетіне негізделген ынтымақтастық әдістері кеңінен қолданылады.

Оған: бірлескен пікірталас, дискуссия, «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» жұбындағы өзара пікір алмасу жатады. Жобамен жұмыс жасау барысында команда мүшелері жауапкершілікті бөліп алуға үйренеді, өзара әрекеттеседі, басымдылықтарды анықтайды және болатын қиындықтарды болжайды. Жобалау әдісінде педагогикалық процеске қатысушылардың ролі өзгереді: мұғалім сарапшы емес, ол – жетекші, кеңесші, көмекші; соған сәйкес оқушы да жобалаудың белсенді қатысушысының ролін атқарады. Жобаны орындау барысында оқушылар инновациялық шығармашылық қызметтің алгоритмін меңгереді, ақпаратты өздігінен іздеу, талдауды үйренеді, біліміндегі кемшілікті толықтырады, шығармашылық міндеттерді шешу тәжірибесін жинақтайды. Алғашқыда оқушылардың өзіндігінен іздену тәжірибесі аз кезде, олар мұғалімнің тікелей жетекшілігімен, оның ұсыныстарын орындайды. Бұл орындаушылық жоба болады. Бұл жағдайда мұғалім өзінің айтқанын орындатпай, бірлесіп талқылау арқылы жұмыс істеу нұсқаларын ұсынады. Конструктивтік деңгейде оқушылар тақырыпты мұғаліммен талқылаған соң, әрі қарай жобаны өздері орындайды. Егер оқушылар жобаның идеясын өздері ұсынып, жоспарын құрса, өздері жүзеге асырса, онда бұл шығармашылық жоба болады.

Lego We do конструкторы арқылы баланы ерте жастан робототехникаға баулуға болады.

Лего-жобаны құрудың негізгі кезеңдері:

1. Жобаның тақырыбын таңдау.
2. Ұсынылған жобаның мақсаты мен міндеттерін анықтау.
3. Lego We do конструкторы негізінде механизмді құру.
4. Lego We do конструкторы механизмнің жұмысы үшін программа құру.
5. Модельдерді тестілеу, ақауларды жою.

Жобаны құру мен тексеру барысында оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасады, бұл оқушылардың дербес жұмыс жасауына, өз бетімен шешім қабылдауда шығаршылық, танымдық қабілеттерінің дамуына аса зор әсер етеді. Лего-конструкторын қолдану білім беру үрдісінде оқушылардың оқуға ынтасын арттырады.

Жақсы жобаның белгілері:

- практикалық құндылығы;
- білім алушылардың өздігінен зерттеу жүргізуі;
- мәселені шешу мүмкіндігі;
- оқушыға қабілетіне қарай оқуға мүмкіндік беруі;
- оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты реттеуі;

Робототехника сабақтары оқушыларға «Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін» қиындықсыз жүргізуге мүмкіндік береді, негізгі алгоритмдік құрылымдарды үйрену: программаның қадамдарын игеруді, зерделеп нақтылайды. Бөлшектерді ауыстырады, есептер, өлшемдер, модель мүмкіндіктерін бағалайды, есеп құрады, таныстырылым өткізеді, сюжет ойластырады, сценарий жазады және өз модельдерін қатыстыра отырып, спектакль ойнайды. Бұл кезеңде мұғалім оқушы жетістіктерін бағалауға керемет мүмкіндік алады.

Дамыту кезеңінде алынған тәжірибені тереңдетуге, креативтілік және зерттеу дағдыларын дамытуға септігін тигізетін неғұрлым күрделі тапсырма орындау көзделеді. Ынталандырушы, түрткі болатын жағдайлар болғанда, оқыту үдерісі анағұрлым жағымды және тиімді өтеді. Оқушының уәжін үнемі арттыра отырып, сәтті орындалған жұмыстан алған рахат сезімін қолдау оларды одан әрі шығармашылықпен жұмыс істеуге жігерлендіреді

Робот техникасы сабағында қамтылатын белсенді оқу әдіс-тәсілдері тәжірибелік, эксперименттік, пікірталас, жоспарлау және бағамдау жаттығуларын жүргізіп, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастыруды көздейді. Бұл тәсілдерде оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін сыныпта қолдануға болатын тәжірибелік идеялар қамтылған.

Сөзімді қорытындылай келе робот техникасын оқытуда оқушылар ақпараттық қоғамға бейімделіп робот құрастыра отырып, өзінің автоматтандырылған құрылғыларын құрады, оларды қадағалайды және эксперимент жүргізеді, моделдің практикалық қолданылуын іздейді, ғылыми бағыттағы инженерлік мамандықтың іргетасын қалыптастырады. Оқушылар нақты мақсат қоюға үйренеді, өмірдегі проблемаларды шешу үшін сыни ойлайды және шығармашылық дағдыларын қолданады.

УДК 378 096

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРДАҒЫ АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Төрмұратова Г. - Қ. Жұбанов атындағы Ақтобе
өңірлік университетінің 2 курс магистранты*

Аннотация: Бұл мақалада жоғарғы оқу орындарда педагог-практиктер әдістемелік әрекет маңызы мен ерекшеліктерін, мәнділігіне байланысты бұл әрекет пәнді оқыту және тәрбиелеуден кейінгі үшінші орынды алатындығына тоқталамыз.

Түйінді сөздер: оқыту әдістемесі, техникалық пәндер, кәсіби даму, инертті әдіс, қарқынды әдістер, қарқынды әдіс.

Егеменді Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктері, халықаралық қарым-қатынасының кеңеюі экономиканың қай саласында болсын жұмыс пен қызметті ұйымдастыруды әлемдік талаптармен үйлестіруді қажет етуде. Елімізде жоғары кәсіби оқыту мамандарының жоғары кәсіби дайындығын зерттеу мәселесі жағынан бірқатар тәжірибелер жиналған. Қазіргі кезде кәсіби білім саяси-қоғамдық және психологиялық-педагогикалық білім саласында кеңінен өріс алды. Әсіресе, болашақ мамандарды ғылыми теория және іс-тәжірибе бағытында дайындауға зерттеулер, педагогика ғылымдары жүйесінің әр саласында жүргізіліп келеді. Бұл ең кең етек алып келе жатқан еңбек нарығындағы құбылыстардың бір көрінісі. Бұл үздіксіз процесс, оны тоқтату мүмкін емес. Сондықтан білім саласын қоғамның осы ерекшеліктеріне қарай бейімделу қажет. [1]

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа қазақстан» атты жолдауында да Қазақстандағы білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі мәселелерге тоқталып өтті.

Жолдаудың біздің алдымызда қойып отырған басты міндеті- еліміздегі білім берудің ұлттық үрдісін әлемдік стандарттарға сәйкестендіре отырып, білім сапасын арттыру. [1]

Қазіргі таңда оқу үдерісі-кәсіби білім беру мекемелерінде білімді ұйымдастырудың басты тетігі болғандықтан болашақ маманның шығармашылық және кәсіби жетілуі оқу үдерісінің оңтайлы, мазмұнды, тиімді басқарылуына тікелей байланысты болып табылады. Осыған байланысты бұрын гностикалық бағыт яғни, «білімдік» бағыт орын алған болса, қазіргі кезде іс-әрекеттік бағытқа көшу қажет болып отыр. Қазіргі оқытудың негізгі мақсаты барлық еңбек түрі, формасы бойынша белсенді іс-әрекет қабілетін қалыптастыру. Бұл, білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін басқару құралдары мазмұны мен құрылымына да байланысты. Білім - өзінің негізгі ағартушылық мақсатынан, студент тұлғасының дамуы мен оның танымдық іс-әрекетін басқару құралына айналуы керек. Бұл, өз кезегінде, болашақ маман, бүгінгі студент өзінің болашақ мамандығында білімді таза күйінде пайдаланудан гөрі, оның нақтылы практикалық жағдайларда қолдана білу қабілетінің болғанын қажет етеді деген сөз. Сол себепті, оқыту үдерісінде ең маңызды рөл білім алушыға беріледі, мұнда оның басты қызметі оқытатын [пәнінің мазмұнын ашу емес](#), студенттердің танымдық әрекеттерін басқару болып табылады. Осыған байланысты оқытушыға өзінің күнделікті педагогикалық әрекеті барысында төмендегі: өз пәнін оқытуда ыңғайластырылған нәтижеге жету; студенттердің белсенді оқу әрекеттерін жетілдіру; пәнді оқуға қызығушылықты арттыру; оқытылып жатқан мазмұнды студенттердің кәсіби тұрғыдан қалыптасуына бағыттау; оқыту құралдарын, формаларын және әдістерін таңдауды дидактикалық және психологиялық тұрғыдан негіздеу міндеттерін шешу қажет болады. [2.97,]

Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі жоғары оқу орындарына мекемелеріне педагогтар даярлаудың маңызды компоненті болып табылады. Әдістемелік білім оқытушылар мен өндіріс шеберлерінің кәсіби әрекеттерін қамтамасыз ете отырып, осы әрекеттердің әдістері, тәсілдерімен тығыз байланыста педагогикалық шығармашылығын қалыптастырады. Қандай педагог болмасын өзінің білім алушыларының сүйіспеншілігіне бөлену үшін өз пәнін жете меңгеруі тиіс. Дегенмен, жоғары оқу орны барлық мамандықтарға байланысты білімдер жүйесін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан оқытылатын пәндер бойынша, жаңа білімдерді қалыптастыруды қамтамасыз ете алатын әдістемелік білімдер қажет болады. Мәселенің мәнісі, кәсіптік білім беру мекемелері мен жоғарғы оқу орындарында жоспарына ендірілген барлық оқытылатын арнайы пәндердің мазмұнын меңгеруде жатыр. Көптеген жағдайда аталынған мекемеге өз пәнін жете меңгерген, [жоғары санатты мамандар келеді](#), десекте, олардың студенттердің сабақта жұмыс істете алуын ұйымдастыра алулары тиіс. Өйткені, оқыту үдерісін ұйымдастыру тек өз пәнін ғана жақсы білу ғана емес, сонымен қатар, оқыту үдерісінің заңдылықтарын, студенттердің оқу әрекетінің психологиясында жетік білу қажет болады. Өз пәні бойынша білімді оқыту үдерісін білумен байланыстыру жайдан-жай бола бермейтін құбылыс. Көптеген жақсы инженерлер, өндіріс шеберлері кәсіптік білім беру мекемелерінен, пән бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыра алмағандықтан кетіп жатады. Сондықтан арнайы пәндерді оқыту әдістемесі жөніндегі теориялық білімдерді алға тартуда, педагог жұмысының нысанын, пәнін, ұғымдық-терминологиялық аппараттарын, оның практикалық әрекеттерін зерделеу әдістерін білу қажет.

Арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің нысаны болып, оқыту мекемесіндегі нақтылы пән бойынша оқыту үдерісін айтамыз. Мысалы, әңгіме электротехника жайлы болса, онда әдістемелік таным нысаны болып электротехниканы оқыту, яғни пәнді оқыту мақсаты, [бағдарлама мазмұны](#), студенттердің оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастыру формалары мен әдістері болып табылады. Сонымен қатар, оқыту үдерісі – кәсіптік оқыту педагогикасын зерделеу болып саналады. Әдістеме мен педагогиканың танымдық нысанының жалпылығы әдістемелік және педагогикалық білімдердің табиғаттарының бірдейлігін сипаттайды. Дегенмен, олардың арасында айырмашылықтар табылады. Оқыту әдістемесі мен педагогиканың айырмашылығын пән оқытушысы әрекеті мен педагог-әдіскердің әдістемелік әрекеттерінен іздестірген жөн. Пән-оқытушысының әрекеті пән бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру. Пән-оқытушысы оқыту мазмұны мен оған сәйкес келетін әдістермен студенттердің когнитивті (білімдік) әрекеттерін ұйымдастырады. Нәтижесінде нақтылы пәнге үйретілген кәсіби білім, ептілікке және кәсіби қабелеттілікке ие оқушыны оқытып шығарады. [4.107с].

Әдіскер-оқытушы пән-оқытушысы әрекеті мен студенттердің жаңа білімдер мен ептіліктерді меңгеру мақсатындағы өзара ықпал ететін әрекеттерін ұйымдастырады. Мұндай

өзара ықпал етуді оқыту барысында қолданылатын арнайы жоспарланған және ұйымдастырылған оқыту құралдары арқылы жүзеге асырады. Оқыту құралдары кең мағынада пән бойынша оқыту үдерісін оңтайландырады және сабақта жоспарланған нәтижеге жетуге септігін тигізеді. Сол себепті, әдістемелік әрекет нәтижесі болып оқытушының оқыту әрекеті және білім алушылардың кәсіби білім, ептілік және дағдыларды меңгеруге бағытталған когнитивті әрекеттерін реттеп отыратын арнайы дайындалған оқыту құралдары табылады.

Педагогиканың негізгі мақсаты оқыту үдерісінің құрылымдық элементтерін жинақтау, өзара байланыстыру олардың диалектикалық біркелкілігін қамтамасыз ету. Әдістемеді көбінесе «қалай оқыту керек?», оқытудың қандай құралдары арқылы оқыту мазмұны студенттердің білімі мен ептілігіне айналады? - деген сұрақтар басым болады. Арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің нысаны болып, оқытушының оқыту әрекеті және студенттердің кәсіби білім, ептілік және дағдыларды меңгеруге бағытталған когнитивті әрекеттерін реттеп отыратын, арнайы дайындалған оқыту құралдарын құрылымдау, қолдану және жетілдіруге байланысты өзбетіншелік салыстырмалы түрдегі педагогикалық білімдер мен ептіліктердің жиынтығы болып табылады. Мысалы техника ғылымының танымдық нысаны техникалық қондырғылар және жүйелер болса, ал арнайы пәндерді оқыту әдістемесі [техникалық қондырғылармен](#), оларды зерттеу әдістерін қалыптастырумен айналыспайды. Оның танымдық нысаны – оқытылып жатқан ғылым құралдары арқылы білім алушыларды тәрбиелеу және оқыту үдерісін ұйымдастыру. Арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің пәні болып – арнайы оқыту құралдарын жасау, дайындауға байланысты кәсіптік мектеп педагогінің әдістемелік әрекеттерінің заңдылықтары. Әдістемелік әрекет толыққанды және ол педагогтің өзбетінше кәсіби әрекеті түрі ретінде зерттелініп бітпеген мәселе. Педагогикалық әдебиеттерде әдістемелік әрекетке үш түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарасқа сәйкес, әдістемелік әрекет педагогтің өзбетінше білім алуы, дидактикалық құралдармен жұмыс істеуі, пәнге байланысты білімін жетілдірумен байланысқан әдістемелік жұмысқа тіреледі. Екіншісі - нақтылы пәнді оқытуға қатысты әдістемелік әрекетке жатады. Бұл жағдайда авторлар педагогтің әдістемелік және оқыту әрекеттері ерекшеліктеріне назар аудармайды, ал «әдістемелік әрекетті», «оқыту әрекетін» бір-бірінің синонимі ретінде қабылдайды. Үшінші көзқарасты құптайтын зерттеушілер әдістемелік әрекетті кәсіби-педагогикалық әрекет құрылымындағы салыстырмалы түрде өзбетінше көрініс табатын ептіліктер жиынтығы - деп таниды. [3]

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекетін тікелей бақылау мүмкін бола бермейді. Талдауға, бақылауға оқытушының білім беру әрекетін алуға болады. Әдістемелік әрекет оны іске асыру жағдайлары мен тәсілдері - өте күрделі ойлау үдерісіне жатады. Мұнда, педагогикалық үдеріс пен оны іске асырудың ара жігін ажырату үшін олардың әрекет пәндеріндегі айырмашылықтарын анықтау қажет. Арнайы [пән оқытушысының әдістемелік әрекет нысаны](#) болып - кәсіби білім, ептілік және дағдыларды қалыптастыру үдерісі, ал әдістемелік *әрекет пәні* болып – нақтылы пән мазмұнының ерекшелігі бойынша жаңа білім, ептіліктерді қалыптастыру үдерісінің әртүрлі тәсілдері мен әдістері, жүзеге асыру жолдары және оларды реттестіру табылады. Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекет субъекті* болып - оқытушы немесе студенттер ұжымы табылады. Өйткені, жаңашыл-педагог қай уақытта да жаңа нақтылы әдістемелік тәсілдерді, өзінің жеке әдістемесі жүйесінде орын алатын құрылымдарды алға тартады. Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекеті нәтижесі* болып – таңдап алынған оқу материалдарының әртүрлі ақпараттық формада: әдістемелік тұрғыдан өңделген; тапсырмаларды шешу алгоритмі; жұмысшы дәптерлер парағы; оқыту тәсілдері мен әдістері; оқу пәнін әдістемелік қамтамасыз ету; оқу бағдарламалары; оқыту бағдарламалары және т.б. табылады. Сонымен, арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекетін жеке пәндер немесе оқу пәндері циклдері бойынша оқыту мен оқу әрекеттерін реттеуді іске асыруға мүмкіндік беретін, оқыту құралдарын зерделеу, құрылымдау және жасау, жобалауға қатысты оқытушының өзбетінше кәсіби әрекет түрін айтамыз.

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекеті түрлеріне: [оқу-бағдарламалық құжаттарды](#), әдістемелік кешендерді талдау; оқу материалдарын әдістемелік талдау; оқытудың теориялық және практикалық сабақтары жүйесін жоспарлау; сабақта оқу ақпараттарын моделдеу мен құрылымдау формаларын алға тарту; оқушылардың техникалық ұғымдарды және практикалық ептілігін қалыптастыру әрекеттерін құрылымдау; пән бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау; кәсіби білім, ептілік және дағдыларды бақылау түрлері мен формаларын

жасау; сабақта оқушылардың әрекеттерін басқару мен бағалау; сабаққа даярлану мен оның нәтижесін талдауда өзінің әрекетін бағалау. [2, 78]

Әдістемелік әрекеттердің жоғарыда көрсетілген түрлері барлық кәсіби-педагогикалық мамандардың жан-жақты әдістемелік практикасын қамти алмайды. Олар арқылы оқытушы сабақты ұйымдастыру даярлығын меңгереді. Өйткені әдістемелік әрекетті меңгеру әдістемелік ептілік арқылы қалыптасады. Ептілік – алдын меңгерген білімдер негізінде оқытушының жаңа жағдайда қандайда бір әрекетті орындауы. Кәсіби мектеп ерекшелігіне және оқытылатын пәндердің күрделіліктеріне байланысты әдістемелік әрекет бірнеше топқа жіктеледі. Бірінші топ арнайы пән оқытушысының кәсіби әрекеттерінің дидактика-әдістемелік негіздерін меңгеруіне байланысты, олар: мамандарды оқытуға байланысты оқу-бағдарламалық құжаттарды талдау ептілігі; нақтылы тақырыпты оқытуға байланысты әдебиеттерді таңдау ептілігі; оқу материалдарына логика-дидактикалық талдау жасау ептілігі; аз мөлшерде берілген оқу ақпараттарына әдістемелік талдау жасау ептілігі; оқу материалдарын ұсыну формаларын таңдау ептілігі: блок-схема, техникалық есептерді шешу алгоритмі, тірек конспектілері және т.с.с.; теориялық және практикалық оқытудың кешенді тәсілдерін жасау ептілігі; білім алушылардың қалыптасқан білімдері және ептіліктерінің деңгейлерін анықтау формаларын жасау ептілігі; білім алушылардың әртүрлі оқу және оқу-практикалық формаларын ұйымдастыра білу ептілігі; теориялық және практикалық сабақтарды талдай білуі. Екінші топқа оқу материалдарын зерделеу ерекшеліктеріне байланысты, оларға: әдістемелік талдау негізінде оқытылатын тақырып бойынша сабақ жүйесін жоспарлау ептілігі; білім алушылардың кәсіби әрекеттеріне байланысты оқу және оқу-өндірістік жұмыстарын жоспарлау ептілігі; білім алушылардың сабақ барысындағы әрекеттерін ұйымдастыра білу және оны басқару ептілігі; теориялық және өндірістік оқыту әдістерін қолдана білу ептілігі; әдістемелік нұсқауларды талдау ептілігі. Үшінші топқа алдыңғы қалыптасқан ептіліктерді синтездеуге байланысты, олар: практикада әдістемелік нұсқауларды, әдістемені және оқыту технологиясын қолдана білу ептілігі; нақтылы жағдайға және оқыту мақсатына байланысты оқыту әдістемесінің варианттарын қарастыра білу ептілігі; өзінің жеке оқытудың әдістемелік жүйесін жасау және оны ұсыну ептілігі жатқызуға болады. [4,86]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пошаев Д.Қ., Саипов А., Адырбекова Г. Арнайы пәндері оқыту әдістемесі. Оқу құралы, Астана, 2012 -160 б
2. Тукшаитов Р.Х. Основы динамической метрологии и анализа результатов статистической обработки. Казань: Мастер Лайн, 2001.278с.
3. Тукшаитов Р.Х. Основы представления результатов статистической обработки на графиках, диаграммах и в таблицах. Казань: КГЭУ, 2006.227с
4. Пешкова Т.Н., Кох М.Н. Методика преподавания в высшей школе: учебное пособие/Краснодар: КубГАУ, 2011-150с

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Гнатюк С. Багисов Ж. Ж. Цифровая культура и цифровизация образования.....	3
Ленкова Т. В., Романова Б. А. Цифровая трансформация опорного регионального ВУЗа России.....	7
Медешова А.Б. Жоғары оқу орынында қашықтан оқытудың педагогикалық ерекшеліктері	9
Нагибова Г.С., Нумуханова Г.А. Инструменты ИКТ для развития навыков 21 века.....	12
Бижигитов Т.Б., Айдарбекова Ж., Оразымбетова Г.Х. Сұйықтардың серпімділік қасиеттерінің температураға тәуелілігін қума толқындарды қолданып анықтау әдісі	17
Бахишева С.М., Мұхтар З.Ғ. Педагогтың цифрлық көпбасшылығындағы құзыреттер мен дағдыларды ЮНЕСКО ұсынымдары арқылы қалптастыру	19
Тлеуберген А.Қ. Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қауіптер мен осалдықтарды талдау моделін әзірлеу	22

СЕКЦИЯЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР/ СЕКЦИОННЫЕ ДОКЛАДЫ

СЕКЦИЯ 1. Білім берудегі цифрлық технологиялар/ Цифровые технологии в образовании

Айбергенова Н.Т. Жалпы білім беретін мектепте электр және магнетизм бөлімін оқытудың рөлі	30
Аймағанбетова З.К., Демегенов Ж.М. “GEOGEBRA” бағдарламасын физика пәнін үйретуде қолдану.....	33
Аймурзина Г.А. Білім берудегі цифрлық технологиялар	38
Аймухамбетова Ш.И. Цифрлы білім беру технологияларын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану.....	39
Аксенова Д.Н., Уразова Г.Е. Особенности использования JavaScript для современного программирования.....	41
Амантурлина Г.К. Модель формирования информационно-коммуникативной компетентности	43
Аманшина Т.А. Бастауыш сыныптарда цифрлық технологияларды қолдану жүйесінің тиімділігі	48
Амиргалиева Б.О. WORDWALL интерактивті тақтама құру сервисін химия пәнінде қолдану мүмкіндіктері	51
Ахметкереева Ж.Қ., Жумагалиева А.Е. «Сызықтық функция және оның графигі» тақырыбы бойынша бейне сабақтың тиімділігі	53
Биғалиева Г.З. Development of multimedia in English teaching	58
Дошева Г. А. XXI ғасыр – жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры	61
Егембердиева С.Ш., Кумшкимбаева Б.Ж., Измуратов А. Физикалық оқу экспериметінде интерактивті тақтаны қолдану	64
Еркамешева А.Б. Физика сабақтарында қашықтықтан оқытудағы бейнесабақтарының тиімділігі	66
Жумагалиева А.Е., Батыргалиева А.Қ. Математика сабағында ғылым тарихынан мліңметтерді хабарлау арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру	69

Сатыбалдиева А.Б. Оразымбетова Г.Х.	
Информатика сабағында ойын тәсілдерін қолдану ерекшеліктері	73
Идрисов С.Н., Изтелеуова С.Б.	
Информатика пәніноқытуда ойын технологияларын қолдану	78
Кабенов Д.И., Кусманов К.Р., Досанова Г.К.	
Информационные и коммуникационные технологии в реализации системы контроля, оценки и мониторинга учебных достижений учащихся	88
Курмашева Д.Н.	
Креативное мышление как комбинаторная игра	91
Кусманов К.Р.	
Информационные и коммуникационные технологии в реализации системы контроля, оценки и мониторинга учебных достижений учащихся	94
Кушеккалиев А.Н. Жұмағалиева М.О.	
Механика бөлімі бойынша сандық зертханаларды экспериментінде қолдану	96
Майлыбаева А. Мұхамедияр Н.Е.	
Ақпараттық коммуникация құралдарын білім ордаларында қолдану мүмкіндіктері	100
Мендигалиева Г.М., Жумағалиева А.Е.	
STEAM-оқытуды 8-сыныптың геометрия сабақтарында жүзеге асыру жолдары	103
Мухамбетова Ғ.Г.	
Бағдарламалау тілдерін қашықтан оқытуд ұйымдастру	107
Насырова Б.С.	
Қашықтан оқыту технологиясы	110
Оспанова Н.Н., Каиыржанова М.М.	
Перспективы развития обучения функциональной грамотности в сфере информатики	113
Оспанова Н.Н., Кожагельдинова К.А.	
Модельді қосымшалары әзірлеуде жобалық оқыту әдісін қолдану	115
Сарсенова Д.Ф.	
Физика пәнін оқытуда сандық білім беру ресурстарын қолдану	118
Симғалиева Р.А.	
Білім берудегі цифрлық технологиялар	120
Хомутникова Т.П., Тугульчиева В.С.	
Математическое моделирование в ходе решения текстовых задач в среде Excel	122
Шабанова А.А.	
Заманауи электронды оқулық: формасы мен мазмұнына қойылатын талаптар	125

СЕКЦИЯ 2. Цифрлық ортадағы инклюзивті білім беру/

Инклюзивное образование в цифровой среде

Білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі онлайн оқытудың педагогикалық аспектілері/ Педагогические аспекты онлайн-обучения на разных уровнях образования

Амантаева Д.А., Жумағалиева А.Е.	
Математиканы оқытуда қашықтан білім беру технологияларын қолдану	130
Ахметова А.Н.	
Қашықтықтан оқытуда химия сабақтарында виртуалды зертхананың элементтерін қолдану	134
Байбулова А.К.	
Организация учебного процесса по русскому языку и литературе в классах с детьми с особыми образовательными потребностями	137
Ерниязова А.М.	
Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сабақтан тыс әрекеттерін ұйымдастыру	140
Ерсултанова З.С.	
Влияние ERAZMUS ACADEMICA на учебный процесс	142
Кдыргалиев М.М.	
Мектепте физика пәнін қашықтан оқыту: қиындықтар мен болашағы	145

Мамбеталиева Г.З. Кохлеарлы имплантациядан кейінгі балалармен тиімді әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру	148
Медешова А.Б., Сагидуллина К.Р. Теоретические основы дистанционного обучения	151
Мендешұлы Ж. Оқытуда онлайн технологияларды қолдану – заман талабы	154
Нұрлыбек Ш.Н., Мамбеталиева А.З. Инклюзивті білім беруде педагогикалық- психологияның мүмкіндіктер	156
Оналова Г.С. Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен қағидалары	158
Оразбаева А.Н., Мамбеталиева А.З. Қашықтықтан оқыту технологияларын тиімді қолдануда, ерекше білімді қажет ететін балалармен тиімді жұмыс	161
Рахимғалиева Д.К. Білім берудегі онлайн құралдарды қолдану жолдары	163
Танбаева А.Қ., Медешова А.Б. Өлкетану материалдарын физиканы қашықтықтан оқыту жүйесінде жаңа технологияны пайдалану.....	166
Тлеккабылова Д.Ж. Қашықтықтан оқыту жағдайында информатика сабақтарында онлайн-сервистерді пайдалану ..	169
Турушев Е.А. Арнайы білім беру педагогтарын даярлауда цифрлық технологияның тәрбиелеушілік мүмкіндіктері.....	172

**СЕКЦИЯ 3. Робототехника және білім беру / Робототехника и образование
Интернет және цифрлық ортадағы байланыс тәуекелдері/ Интернет и риски общения в
цифровой среде.**

Аманкусова Л.А. «Робототехника негіздері» курсына арналған электрондық оқулық жасақтау.....	174
Амешова К.С., Дусмагулов А.Н., Ермұханбетов Е.А. Цифрлық қоғамдағы ақпараттық қауіпсіздік.....	178
Иксебаева Ж.С., Химеденова З.М. Методы проектирования информационных систем	180
Майлыбаева А.Ж. Нургалиева Б.Ж. Робототехника – болашаққа жасалған жаңа адам	183
Муратова Ж.М. Модели данных многомерной информационной системы и операции над OLAP кубом	185
Пугачева И.Н. Перспективы разработки мобильных приложения	188
Сапиева А.Ж., Мамбеталиева А.З. Қазіргі білім берудегі – робототехника	190
Темирбаева К.Х. Виртуалды музей	193
Умбетов Б.Х., Гусманова М.С. Беккалиев А.Е., Иманғалиева А.Н. Некоторые вопросы использования ветроэнергетического ресурса	196
Хадеш А.М., Гумаров Г.С. Web-те бағдарламалық қамтамасыз етуді даярлау	198
Хамзина А.А., Багисов Ж.Ж. Технологиялық процестер мен өндірістерді автоматтандыру	200
Шоныраева А.Р. Робототехника негізін оқытуда оқушылардың жобалау қызметін ұйымдастыру	202
Төремұратова Г. Жоғары оқу орындардағы арнайы пәндерді оқытудың ерекшеліктері.....	204

"БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР"
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
материалдар жинағы
22 желтоқсан, 2021

Сборник материалов
международной научно-практической конференции
«ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ»
22 декабря, 2021

Көлемі 26,4 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 11

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің редакциялық
баспа орталығы.*

Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162

Объем 26,4 п.л. Тираж 500. Заказ № 11

*Сверстано и отпечатано в редакционно-издательском центре
Западно-Казахстанского университета им. М.Утемисова
г. Уральск, пр-т Н.Назарбаева, 162.*